

А 2004

10388

к

С. АЙНИ

БҰХАРА


II

АЛМАТЫ

1951







С. АЙНИ



БҰХАРА

ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАР

II

БӨЛІМ



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1951

Орысшадан аударғандар:
Р. Райымқұлов, Ы. Төребаев



ҚАЛА

МИРАРАБ

Бұхара медреселерінде оқу жылы мизам айында (22 сентябрьде) басталып, хамалға (22 мартқа) дейін алты айға созылатын.

1890 жылы ағайым Мұхиддинмен бірге Бұхараға оқуға келдім. Ол кезде он екі жаста едім.

Абду-Салом дамулла, біздің Гиждуандық екенін, одан бір кезде ағайым Мұхиддин сабақ алғанын бұдан бұрынғы кітабымда жазған едім. Ол қазір Бұхараның Мир Араб медресесінде мұғалімнің жәрдемшісі болып қызмет істейді екен.

Абду-Салом Мир Араб медресесінен кұжра тауып берді, біз сонда орналастық.

Бұхара медресесінде бүкіл Орта Азиядағы медреселер сияқты, әдетте, бір немесе екі қабат үйде болатын. Бұхара, Самарқанд, Ташкент тағы басқа қалалардың медреселері де нақ осындай болатын.

Бұл үйлердің төңрегі тас төселген алаң еді. Аулаларының дуалдары күйдірілген қышты қырынан қалап тұрғызған, үйлерінің қабырғалары да күйдірілген қыштан соғылған. Үлкен қақпалар, зәулім күмбез бен тектер медресе үйіне сән беріп тұратын. Медресе жанындағы мешіттер үстіндегі тастан жасалған мұнаралар аспанмен тілдескендей көрінеді. Мұның барлығы да көз тартарлық түрлітүсті оюлармен әсем нақышталған. Медреселерді салуға, оларды безендіріп, нақыштауға әрқашанда таңдаулы шеберлер еңбек ететін. Ал мұндай таңғажайып тамаша құрылыстар құрылысшылардың және бұған қаржы берген

үкмет басшыларының даңқын шығарып, оларды мәңгі ес-те қалдыруға тиіс еді.

Алайда, біздің медреселердің осындай тамаша сыртқы сымбаты олардың ішкі ұсқынсыз көркін бүркеп тұратын. Өйткені, медресе шәкірттері тұратын негізгі үйлердің көпшілігі көріксіз, қараңғы тар кұжралар болатын, бұған әдетте екі адам әрең орналасатын. Бұл кұжралардың жалғыз есігі болатын, бұдан адамдар кіріп шығатын, ауа өтетін және жарық та осы есіктен түсіп тұратын. Басқа қуыстар, терезелер, ауа кіріп тұратын тесіктер бірен-саран кұжраларда ғана болушы еді.

Шәкірттер осы кішкене үйшіктің кіре берісіндегі бұрышта тамақ пісіретін, жуынып-шайынатын, сол жерге көмір мен отындарын да жыйнап қоятын, ошаққа жағылған оттың түтіні де сол жалғыз есіктен шығатын, өйткені, қурылысшылар моржа жасауды әрдайым ұмытып кететін.

Мұнан үш немесе төрт жүз жылдар бұрын салынған, осы күнге дейін сымбаттылығымен таңқалдыратын ескі медреселер феодалдық кұрылысты көзге елестетеді, сыртқы көрінісі сәнді, сәулетті алып көрінгенмен іші қараңғы, қапырық, сасық, адам сыйғысыз тар еді. Феодализмнің екіжүзділігі мен аяусыз қатаңдығы, орта ғасырлық тағылығы тура бейнеленген, Россияда кітаптар мен музейлерде ғана зерттелетін осы үйлерде өз өмірімнің жартысын өткіздім, бәрін де өз көзіммен көрдім, басымнан кешірдім, кәсірет шектім.

Біздің кұжрамыз Мир Араб мұнарасында, төртінші қабатында болды. Оған қабырғадағы қараңғы, тар қуыспен кіріп-шығатынбыз. Бірақ, далаға қарай ашылатын тағы бір есігіміз бар еді. Жарық пен таза ауа сол есік арқылы үйге енетін. Осындай кішкентай ғана кұжраға ие болғанмыз үшін өзімізді бақыттымыз деп санайтынбыз.

Есекті сатып жыйнаған ақшам мен жаз бойы Ғиждуан қыстағында ағайымның молда болып тапқан ақшасына күріш, бұршак, май, отын және май шам сатып алдық, өйткені ол кезде шырақ деген Бұхарада атымен жоқ болатын. Жыйнаған қорымыз қыс бойына екі адамға жеткіліксіз-ақ, амал қанша, мұнан артық сатып алуға шама жоқ, азын-аулақ ақшаны ағайым басқа, өз қаражатына қалдырды.

Ағайым медреседе менен алда еді. Бұл менен гөрі ағайымның білімі жоғары екенін танытты. «Ақайдты» оқыйтындар «Шархимолданы» оқығандардан да озық са-

налатын. Ағайым менен гөрі киімді жақсырақ киіп, өзіне керекті кітаптарды сатып алып тұруы керек, сонымен қатар, өзі сабақ алатын молдаларына көбірек жұмалықтар беруі тиіс еді. Ол осыған арнап біраз ақша қалдырды.

Мен өз тамағымды өзім асырарлықтай бір жұмыс табуым керек болды.

Абду-Салом молда мені өзінің табақтастарына ас әзірлеуші етіп алмақ болды. Ежелгі әдет бойынша әлді-ауқатты адамдардың медреседе оқыйтын балалары екіден, үштен, төрттен бірігіп, бір жерден тамақтанатын. Осындай топты табақтастар деп атаушы еді.

Абду-Салом молданың табақтастары Варданзегалық Қасым молда мен Гиждуандық Қорибегі молда еді. Бұлардың барлығы да Мир Араб медресесінде оқыйтын, өздері әлді-ауқаттылардың балалары, бірақ білімдері жағынан бір-бірінен мүлде өзгеше адамдар.

Қорибегі кұранды жатқа білуші еді, сондықтан ол ораза айларында түрлі жерлерде кұран оқып, табысқа кенелетін. Бұл табысының үстіне әкесінен де көп жәрдем алып тұратын.

Варданзет саудагерінің баласы Қасым молда тәжікше шала сауатты, ал арабша мүлде сауатсыз еді, тәжікше әрең жазған жазуын өзінен басқа ешкім де оқый алмайтын. Әкесінің қазақ қалаларымен жасайтын сауда кітабын жүргізу үшін ғана оған сауаттылық керек болды.

Махаллаи Шафирком қыстағындағы шаруаның баласы Абду-Салом молда тәжік пен араб тілін жақсы білетін, жазуы да сұлу еді, сол кезде медреселерде оқылатын білімге де өте жетік болды. Сондықтан ол медреседе сабақ алып жүргеннің өзінде-ақ шәкірттерге лекциялар оқый бастады.

Ағайыма палау пісіруге бір екі рет жәрдем бергеннен кейін табақтас осы үш адамға қызмет ете бастадым.

Мен осылардың кұжраларында күн сайын кезекпе-кезек палау пісіріп беріп тұратын болдым. Олар сағат бірде, күндізгі сабақтан демалысқа шыққан кезде тамақтанатын.

Кезегімен тамақ пісірілетін кұжраға күн сайын сағат екі бірде келем. Кұжра иесі маған ет пен сәбіз береді, күріш пен майды кұжрада сақтаулы тұрған қордан өзім алып жүрдім.

Жалғыз қалып, төрт адамға палау пісірем, төртінші өзім.

Түскі тамақтан кейін қазан, табақты жуып, келесі күн-

ге отын әзірлеймін, құжраны сыпырам, сонан соң өз жайыма кетемін.

Сабақ болмайтын күндердің қарсаңына (сембі, сәр-сембі және бейсембі күндері) палауды кешке қарай пісіретін едік, өйткені бұл күндерде табақтастар сауық кеш құратын, мен сол кеш бойы тынбастан оларға қызмет етем, шай қайнатып, суып қалған палауды қайта жылытамын, әңгімелеріне ішім пысады: мешіт пен медресеге қарайтын жерден түсетін табыстар, ғылыми атақ, лауазымдарды жаңадан бөлу туралы сөйлеседі. Қыстақтағы Усто Хожа бабаның немесе Тоты ханымның әңгімелері бұдан әлдеқайда ақылды және көңілге қонымды болушы еді.

Қолым бос күндерде кезекпе-кезек табақтастардың кірлерін жуатынымын, кір жууді үйреткен мұғалима Биби Халифаға алғыс айтып, оны есіме алып қоямын.

САБАҚ

Күн сайын үш сабағым болатын.

Араб грамматикасы «Қафиеден» екі сабақ оқыймын. Бұл кітапты медреседе ежелгі әдет бойынша, басынан емес, аяғынан, неғұрлым оңай жерлерінен түсіп оқыйтын. Кітаптың қыйын деген бас жағын ең соңынан өтетін. Осындай тәртіптің арқасында шәкірттер әуелгі сөзді тұтас үйренбей, сөз бөлшектерін оқыйды, өйткені кітаптың басында сөздің анықтамалары беріліп, зат есім толық баяндалатын, одан кейінгі төрт бөлімінде сөздің төрт тобы, ал соңғы екі тарауда етістік пен жұрнақ жазылатын.

Мен де осы тәртіп бойынша «Қафиені» аяғынан түсіп оқуға кірістім.

Кітап тарауларының бірін Абду-Салом молдамен бірге өттім, ал екінші тарауды — Абду-Саломның жерлесі Баданбег медресесіндегі Вазар молдамен өттім. Вазар әлі де мұғалімдік атақ алмаған еді, сондықтан ол өз құжрасында оқытатын.

Бұл екі мұғалімнің шәкірттерінің көпшілігі өздерінің жерлестері немесе гиждуандықтар еді.

«Қафиенен» бірге Хоженттік Аvez молдадан «Мұхтасаруль-Вигкаяны» оқый бастадым. Ол өз пәнін жақсы білетін, сондықтан маған сабақты өзге мұғалімдерден гөрі әлдеқайда жақсы үйретті

Авез молда тақыр кедей болды. Ол екі шәкірт зорға сыятын қараңғы құжрада тұрып, сабақ беретін. Құжрасының тарлығынан ол шәкірттерін екі-екіден бөліп, бір оқытқан сабағын күніне бірнеше рет қайталап оқытушы еді.

Біз сабақтарымыз бен оның тәжікше аудармасын мүлтіксіз жаттап алуға міндетті едік.

Сабақты жылы жерде, сандал жанында отырып жаттау пайдасыз, деген пікір болды. Шәкірт ешбір бас панасыз, суықта отырып сабақ жаттаса ғана пайдалы болады. — «оқу неғұрлым қыйын болса, солғұрлым көп білесін».

Осы әдетпен тас төселген ашық алаңда отырып сабақ жаттайтынбыз, мен сыяқты жасөспірімдер қатты дауыстап сабақ пысықтайды.

Қыстың суық кештерінде жердің қарын жеңімізбен немесе шапанымыздың етегімен сыпырып тастап, мұздай сұп-суық жерге жүремізден болмаса тізерлеп отыра қалушы едік, менде жылы киім мүлде болмайтын. Әлді-ауқатты шәкірттер мұндай сабақ кезінде мақталы жылы шалбарлары мен былғары ұлтанды етіктерін киетін. Ал менің етігім де жоқ, жалаңаяғыма жаман кебісімді сұға салушы едім. Басқа киімнен жалаң қабат жалғыз жұқа шапанымның ішінен киетін шыт көйлек-дамбалым ғана болды. Бір жақсысы ол кезде тоңып, болмаса суық тиіп ауырып көрген емеспін.

Тек аяқкиімім жоқтықтан қорлық көрдім. Көшеге не аулаға шыққанда да қыйналатынмын. Әсіресе, жаңбыр немесе қар жауған күндері кебісіме су толып кететін, содан аяғымның терісі пышақ кескендей тілім-тілім болып жарылатын, аяғымның сол тілімденген жерлерінен бырт-бырт қан шығатын. Бұл жараға жағатын бірден-бір дәрім шам-шырақ майы еді.

Тұрмыс адам төзгісіз, тіпті шыдауға мүмкін емес сыяқты көрінетін, бірақ білімге ынтыға ұмтылдым да осы қыйыншылықтың бәріне қыйналмастан төздім.

* *

*

Бұхара медреселерінде араб тілі — морфология мен синтаксис, логика, шешендікке үйрену теориясы, құдайға құлшылық ету мағнасында өтетін табиғат тану ғылымы, жуыну, дәрет алу ережелері, ораза тұту, жаназа оқу, Ме-

кеге бару, зекет, сатып алу мен сату тәртіптері, құл иемдену және құлдарды босату ережелері, неке қыю және ажырасу ережелері, тағы басқа шарифат жолдары өтілетін. Діни немесе мемлекеттік қызметте осы айтылғандардың бәрін білу шарт еді.

Математика мен әдебиетті үйренем деушілер өздерінше оқыйтын, өйткені бұлар медреседе міндетті түрде оқылатын пәндер есебіне кірмейтін. Ана тілі болса мүлде оқылмаушы еді, оны да әркім өз бетімен тұрмыстан немесе кітаптан үйреніп меңгеретін.

Оқу тәртібі мынадай болады:

Бастауыш мектепті бітірген жастар сауатсыз болып қала беретін. Мұның қалай болатындығын кітабымыңның бірінші бөлімінде жаздым. Егер онан әрі оқуға құмартушылар болса, олар мешіттегі молдаға барып, бұдан былайғы оқуы жөнінде келісетін.

Біз молдамен «Бидан» кітабын оқыдық. Бұл кітапта тәжік тілінде арапша мысалдармен, араб грамматикасы жазылған.

Мұнан кейін шәкірттер «Ғылым бастамасы» дейтін тәжік кітапшасына кірісетін. Онда сұрақ пен жауап ретінде іслам діні негіздері болатын.

Бұдан соң «Мүшги» және «Занджони» кітаптары бойынша араб морфологиясын, ал «Авомил» кітабы бойынша синтаксисті оқуға кірісетін. Шәкірттер осы кітаптардың мысалдары мен олардың тәжікше аудармаларын мүлде жаттап алушы еді.

Осылардан кейін арабтың синтаксисі толығырақ жазылған «кафия» деген арабша кітапты оқуға көшетін.

Медреселерде бұл кітаптар мұғалімдердің «дамулла күнжаки» деп аталатын көмекшілерінің басшылығымен ғана оқылатын.

Бұл сабақтар үшін үш жыл уақыт кететін.

Бұл сабақтарды өткен соң араб синтаксисі «Кафияға» талдау жасайтын Мавлен Абдрахман Жамидің «Шархи молда» деген кітабына көшетінбіз.

Сол кезеңнен бастап шәкірттер тәжірибелі молдалардан оқыйтын. Сонымен қатар, олар мұғалімдердің көмекшілерімен «Кафияны» және логика кітабы «Шамсияны» да талдайтын еді.

Ал бұл пәндерді оқу үшін бес жыл кететін.

«Шархи молдадан» кейін «Хошияи Кутби» кітабы бо-

йынша «Шамсия» кітабын талдап оқу басталатын. Бұған да бір жыл керек, сонымен қатар Насафидің «Акайди» кітабы бойынша метафизика өтілетін. Метафизиканы бізде ғылымның ғылымы, ұлы ілім деп атаушы еді.

Мұның ізінше төрт жыл бойына Насафидің «Акаидасын» оқыттынбыз.

Сонан соң «Тахзиб» кітабын оқуға екі жыл кетеді, бұл кітаптан логика мен метафизиканы өтеміз.

Мұнан кейінгі екі жыл ішінде табиғи, дұрысын айтқанда табиғидан да жоғары ғылымдар туралы «Хикмат ульайан» («данышпандық») оқылды.

Ақыр аяғында метафизикаға арналған «Молда жалол» кітабын оқу үшін тағы да екі жыл керек болады.

Содан кейін ғана медресені бітіретін күндер туатын.

Мұғалім Мұхаммед жайындағы өсиеттердің бірін оқып шығып, шәкірттеріне өзі үйреткендерін, сонымен қатар, өзі оқытпаған құран талдауларын құдырет болжаулары мен діни пәндерді басқаларға оқуға рұқсат беретін.

Бұхара медреселері шын мәніндегі білім ошағы, ал Бұхараның діни ғалымдары ең білімді адамдар болып даңқы шыққан еді.

Бұхара тек Орта Азия мұсылмандарының ғана емес, сондай-ақ Башқұрттардың, татарлардың, дағыстандықтардың және еліміздің басқа жерлеріндегі мұсылмандардың да діни орталығы болып саналатын.

Осы жерлердің құдайшыл сауатты сымақтарының қаншама надан екенін мынадан-ақ айқын көруге болады: олар Бұхара медреселерінде метафизикалық шешендік пен ортағасырлық құрғақ фалсафадан басқа ешқандай діни пәндер оқылмайтынын да сезбеді, құран талдаулары, Мұхаммед туралы өсиеттер және ісләм дінін жүргізу сыяқты діни ғалымдарға қажетті пәндер шәкірттердің өздерінің ынтасымен жеке оқылатын, ал оған шәкірттердің көпшілігінің шамасы келе бермейтін.

XIV ғасырдан бастап, Иван Қалитаның кезінде Москваны салу уақыты мен Ақсақ Темірдің соғыс замандарынан бері төрт не бес ғасыр бойына білім беру және кітаптарды оқу тәртібі өзгерген емес. Жоғарыда аталған кітаптарға кейбір өзгерістер, жаңа талдаулар енгізіп, бұрынғы талдауларға жамала беретін, бірақ бұл өзгерістер кітаптардың мазмұнына ешқандай жаңалық қоспайтын. Осы кітаптарды бізден төрт жүз жыл бұрын жаттаған шәкірттермен салыстырғанда бұл талдауларды

үйрену шәкірттердің көптеген уақыттарын босқа алып, естерінен тандырғаннан басқа ешқандай жаңа білім бере алмайтын.

Мүмкін кейбіреулерге осы кітаптарды және осыған байланысты мәселелерді оқып үйрену үшін он тоғыз жыл арнаған шәкірттер бұл мәселелер жөнінен толық мағлұматы бар адам болып көрінер. Жок, олар ешқандай мағлұмат алған емес.

Байқап көріңіздер:

Шәкірт араб грамматикасын меңгеру үшін оны сегіз жыл оқыйды. Ал, зейін қойып кіріссе қандай тілді болмасын оқуға екі жыл керегі мәлім. Бұхаралықтар өз медреселерінде сегіз жыл ішінде арабтың бірнеше жеңіл сөйлемдерін және оқыған кезде арабтың сөздерін дұрыс айтуды әрең үйренетін. Бұл білім мұғалімдердің көмекшілерімен бірге оқый бастаған алғашқы кезеңде-ақ меңгерілетін, одан арғы бес—алты жыл мұғалімдердің өздерімен бірге Жами шығармаларына жазылған көптеген түсініктерді талқылауға кететін. ал Жами шығармалары жылына бес немесе көп дегенде он жыл ғана оқылатын.

Мысал келтірейін:

Жамидің замандастарының бірі Исомиддин молда Жамимен кұрғақ талас жасап, «Қафиеге» талдау жасаған.

Ал Жамидің шәкірттерінің бірі Абдул Ғафур Лори молда Жамиді Исомиддиннің шабуылынан қорғап, «Шархи молда» кітабының ашық жеріне өз пікірін жазыпты. Бұл пікірді Абдул Ғафур молданың шәкірті — Лябиб молда дамытқан. Ол Исомиддинге өршелене қарсы шығып, Жами мен Абдул Ғафурды қорғап түсінік берген.

XVII ғасырда Бұхаралық Шариф «Шархи молдаға» толық талдау жазған, ол өзіне дейінгі жазылған талдаулардың барлығын жыйнап, солардан шындықты анықтауға әрекеттенген.

Қорыта келгенде, шәкірттердің әрқайсысы осы талдауларды оқуға және олардан бұрынғы талдаулардың дұрыс-бұрыстығы туралы үздіксіз таластарға өз өмірлерінің бес жылын сарып ететін.

Бұл таластар былай болатын:

Сабаққа жыйналған шәкірттер мұғалімнің алдына тізерлеп қаз-қатар отыратын. Егер ұй тар болып, шәкірттер көп болса, иінтіресіп тығыз отыратын. Әрбір топтын

өзалдына кітап оқушысы болатын. Ол талқыланатын кітаптан мысалдар оқыйтын.

Мұғалім, шәкірттер түгел отырғаннан соң, біреуіне: — Баста! — деп рұқсат ететін.

Оқушы кітаптан араб сөзін оқыйды. Оны мұғалім тәжік тіліне аударды.

Мұнан кейін мұғалім оқылған сөз туралы өзінің пікірін баян етеді. Кейбір шәкірттер осы арада мұғалімге қарап өздерінің пікірлерін айта бастайтын, кейбір шәкірттер өзара талас жүргізетін. Осы таластарға пәнді жақсы білетін шәкірттер ғана емес, сонымен қатар, бұл мәселеден түк хабары жоқ шәкірттер де қызу қатысатын. Соңғылары өздерін білгіш етіп көрсету үшін елден ерекше даурыға таласатын. Сайып келгенде дәл сол таласта кімнің дауысы зор болса сол жеңіп шығатын.

Бір күні шәкірттер тобының бірінде «Адам» деген сөз туралы талас болды. Осы сөзге анықтама іздеді.

Таласта «адам, айуан, сөз сөйлеуші» тағы сондайлар айтылды. Талас бір жарым сағатқа созылды.

Таласушылардың сөзін үндемей тыңдап отырған шәкірттердің бірі сабақтың ақырында мұғалімнен:

— Дегенмен, «сөйлеуші айуан» деген не? — деп сұрады.

Мұғалім оған:

— Егер біздің осы таластарымыздан кейін, бұған өзім қатнасып отырсам да сен ештеңе ұқпасаң, онда бұл сөздің не екенін саған түсіндірудің де қажеті жоқ. Әр нәрсені мысалмен түсіндіру оңай тиеді, міне мысал: сөйлеуші айуандар өкілінің бірі сенсің, — деп жауап берді.

Сөйтіп, сол шәкірт «сөйлеуші айуан» деп аталып кетті. Бұхарадан қашан кеткенше таныстары оны осы атпен атап жүрді.

Талас үстінде шәкірттер айқайдан діңкесі кұрып, шаршаған кезде мұғалім қолын көтеріп, тынышталуға шақыратын.

Кейде сабақ мезгілі осындай таластармен-ақ өтіп кететін. Ал уақыт болса жаңағы сыяқты тағы бір сөзді талқылаумен сабақты аяқтайтын.

Жами кітабына жазылған талдауларды осылайша оқыйтын. Бірақ Жамидің кітабы мүлде оқылмай, талқыланбай қалатын. Жамидің шығармалары жеке оқылмады. Ол туралы төрт жүз жыл бұрын жасалған программамызда ұмытылып кеткен. Ғасырлар бойы өмір сүріп ке-

ле жатқан осы программаға күдік келтірмеу мақсатымен, оны жөндеуге ешкімнің батылы бармапты.

Тағы бір мысал келтірейін:

Біз логика оқып жүрміз деп ойлайтын едік. Шынына келгенде Бұхара медреселерінде оның тек аты ғана бар еді. Жыл бойына шәкірттер логика жайындағы «Шамсия» кітабына талдау болып саналатын — «Хошияи Кутбиды» оқумен әуре болатын.

Сабақтар бар болғаны бір сөз жөніндегі таластан кұралатын.

«Шамсияның» авторы кітап басында арабша былай деп жазған:

«Бұл кітап бір алғы сөзден, үш мақаладан және бір қортындыдан кұралған. Бірақ мұндағы мақала үшеу».

Сөйтіп, автор кітаптың басында-ақ «Үш» деген сөзді екі рет қайталаған. Мұның қате сөз екені айқын және «үш» деген сөзді қайталаудың қажеті де жоқ.

Алайда, жыл бойына «үш» деген сөз туралы қызу талас болды. Ондағысы осы қырсық «үш» артық па, егер артық болса сөйлемнің қайсысында, біріншісінде ме, не екіншісінде артық тұр ма?

Осы көп мағналы мәселе жөнінде жыл бойына үздіксіз таласа келіп, ақыр аяғында «Шамсияның» авторы — XIII ғасырда өмір сүрген Нажмиддин Умари Казвинский білімді болумен бірге, ғалым адам еді, сондықтан ол мұндай қате жіберуі мүмкін емес, деп қортынды жасалды. Сірә, бұл сөзді оның каламы өз бетімен жазып жіберген болар деп ұйғарылды.

Дегенмен, Бұхара медреселерін бітірген кейбір адамдар білімді адамдар болды. Рас, ондай адамдар сортаң жерге шыққан жеміс ағашындай өте сирек еді. Олардың білімдері мағнасыз оқу, болмаса жатқа алынған программадан не қысыр сөз таластарынан кұралған жоқ. Олар білімді өздерінің ерекше қабілеттілігі әрі төзімділіктері арқылы менгерді.

Бірақ осы адамдар жалпы топты жарып шықса да көпшілігі сол топқа қайта ұмтылды. Ондағы көздеген мақсаттары: Медресенің бірінде мұғалім болып, төңрегінде шәкірттер жыйнап, солармен айқайласып, таласып жүруге мәжбүр болатын. Өйткені шәкірттерінің арасында таластардың және өз мұғалімі лекцияларының мәніне түк түсінбейтіндер көп бола тұрса да, олар үздік шыққан мұғалім даңқына не болғысы келетін.

КІТАПТАР

Біздің медреселердің программасында поэзияны ұмытып кетіп, оны оқуды оқу орындары шеңберінен шығарып тастаса керек. Медреседе оқыған, оны бітірген үш жүз адамның ішінде ақындардың өлеңдерімен, жалпы әдебиетпен шұғылданған бір де-бір адам көргем жоқ.

Тек менің ағаммен бірге оқыған Гиждуандық Хамит молда мен Миркулохидан келген Зайнуддин ғазалдар жырлайтын. Бірақ олар өлеңдердің мағналарына жете түсінбей жаттап алып, түрлі әнге қосып айтып жүретін. Оларды поэзия сүюшілер емес, өлең айтуды сүюшілер деп айтуға болады.

Табақтас үшеудің құжраларында өздері оқыған кітаптары, түрлі аруақтарға арналған шамадан тыс мадақтаулар ғана болатын, ал ғазалдар жазылған кітаптар болмайтын.

Біздің медреседе кулябалық Абдулхаким деген молда тұрды. Ол кітаппен сауда жасайтын.

Бұхарада базар күндерімен тура келетін сабақтан бос күндері ол қойны-қонышын кітапқа толтырып базарға жөнелетін.

Бұхарадағы кітап базарында мұндай кітап саудагерлері өте көп еді. Олар бір кітапты сатып, екіншісін алатын.

Бір күні кешке Абдул Хаким молда қойны-қонышын кітапқа толтырып базардан қайтты.

Ол медресенің кіреберісінде белдігін шешті де, бүгінгі базардан әкелген кітаптарын мұғалімдер мен шәкірттерге көрсете бастады.

Әр кітапты қойнынан суырған сайын жер-көкке сыйғызбай лепіре мақтайды. Әр кітапты автордың өзі жазды не белгілі кітап көшіргіштердің бірі жазды, деп хабарлады. Ақыр аяғында ол жыйналғандарға, сатып алатын кітап мынау, деп кітапты ұсынды.

Өлеңдер жыйнағы табылар ма екен деп үміттеніп, оның кітаптарын мен де қарап жатырмын.

Бірақ бұл кітаптардың барлығы да көріксіз, жаман жазылған екен. Ал олардың беттерінде тауықтың сірке-леріне ұқсаған адам танымайтын жазулар шұбарланып көрінеді.

Күтпеген жерден бір өлең кітабын көзім шалып қалды.

Кітаптың соңғы бетінде Индияда басылып шыққан белгі бар. Аты «Махмуд пен аяз» екен.

Молдадан:

— Мына кітапты қаншаға сатып алдыңыз? — деп сұрадым.

— Түкке тұрмайды. Оны еріксіз алдым. Аса бағалы бір кітапты байқап қалып едім, кітап иесі оны тек мынаумен қосып сатам, деп қарысқаны ғой.

Ол жаңағы өлең кітабын еріксіз қосып берген ардақты кітабын көрсетті. Онысы Жәמידің «Шархи молда» кітабына жазған Абдул Ғафур Лори молданың талдауы екен.

— Сатып ал, — деді саудагер, — бұл екеуін мен он теңгеге алдым, егер сен маған он екі теңге берсең, мына кішкентай кітапшаны саған босқа берем.

Кітаптың бірнеше бетін аудардым да, Абдул Хаким молдаға:

— Абдул Ғафур Лоридің кітабы — жақсы кітап. Бірақ маған оның әзірге керекі жоқ. Ал ана кітап сізге мүлде қажет емес. Соны маған сатыңыз, — дедім.

— Лоридің кітабы саған қазір керек болмағанымен кейін қажет болғанда табалмайсың. Бұл өте сирек кездесетін кітап! Сен менің жеңесіме құлақ қой: кітапты сатып ал, мына қоқсықты саған қоса берем. Мен мұндай кітаптармен сауда да жасағым келмейді.

— Жоқ! — деп күрсіндім, — үлкен кітапқа көп ақша керек. Ал, ондайлық ақша менде жоқ. Мына кішкентай кітапшаны, амал қанша, өз халіме қарай сатып алар едім.

Ол үлкен кітапты сатып алмайтындығыма көзі жеткен болуы керек, ал ана түкке тұрмайтын, кішкентай кітапшаны басқа қажет етушілер табыла қоймас деген күдікпен, маған:

— Жарайды. Бір теңге бер де, кітапты ала ғой, — деді.

— Қазір, ақшамды әкелейін.

Қуанышым қойныма сыймай тіп-тік тар баспалдақпен қанат біткендей ұшып келем. Қыстақтан әкелген бес теңгеден үш теңге қалған болатын. Бір теңгені ала салып қайта жүгіріп төмен түстім де, менің қуанышымды сезіп, кішкентай кітапшаның құндылығын біліп қоймасын деген ой түсіп, кітап саудагеріне жақындаған кезде ғана аяңдай бастадым.

Кітап қолыма тиді.

Мир Арабқа келгеннен бергі күндердің ішінде, тұңғыш рет осы жолы шаттыққа бөлендім. Сол күні тек бақыт үмітіне емес, нағыз бақытқа кенелдім.

Кітапты қолыма ала салып, бар пәрменіммен қайта, жоғары қарай, өз құжрама зытттым.

Жалғыз өзім отырып кітаптың барлық бетін аударып шықтым. Сол күні бұл кітап маған дүниеде ешбір теңдесі жоқ қымбат көрінді. Егер кітап саудагері осы кітапқа деген құмарлығымды білсе, ол менің барлық жыйнаған қаржым — үш теңгеме де сатпауы мүмкін еді.

Кітапты Үндістан ақындарының бірі өлең айтыс тәртібімен құрастырып, араб әліп-биінің әрқайсысына бір газалдан жазылған екен. Газалдарды біз орыстар сыяқты төрт жол етпей, екі жолға жазатынбыз. Сондықтан үйлессіз үшінші жол екінші жолдың бірінші жартысы болатын. Әрбір екінші жол келесі газалдың басталар қарпымен аяқталатын. Мысалы «С» қарпына мынадай өлеңдер еді.

Сүйгенім-ау өз сертінді кеткенің бе ұмытып,
Шынымен-ақ, жанымменен жүргенімді суытып.

Қос ұйқасты осы өлеңнің соңғы қарпы «П» мен аяқталса, келесі газал да содан басталатын

Бұл кітаптың маған аса құнды болу себебі, осындағы газалдарды жаттап алып өлеңмен айтысатын ойындарда бұдан былай жеңілмейтін болдым.

Қ У Ж Р А Л А Р

Біздің медреседе тұрғандарды бірте-бірте байқап білдім.

Құжралардың бір бөлегінде барлық кітаптар мен талдауларды әлдеқашан оқып бітірген қарт адамдар тұратын. Олар өмірде сәтсіздікке ұшырағандықтарына қынжылып, өз білімдеріне лайықты қызмет табылуын сарғая күтетін.

Әулие зиратына күн сайын кезекпе-кезек барып тұратын отыз сопының бірнешеуі осы құжраларда тұратын. Олар сол әулие зиратына барып тұрғандықтары үшін Әмірден айына отыз теңгеден алушы еді.

Осы құжраларда тағы бірнеше дұға оқушы адамдар тұрды. Бұлар күнде түскі намаз алдында Әмір сарайына,

Регистанға келіп, Рахымхони мешітіне дұға оқып, уақыттарын сонда өткізетін. Мұның үшін олардың әрқайсысы Әмірден ай сайын отыз теңгеден ақша алушы еді. Оларға ақшадан басқа күніне бір шелпек және бір уыс жүзім беріп тұрды. Мұндай дұға оқушылар көп болды, сондықтан олар отыз адамнан топ-топқа бөлінді. Бұл адамдардың барлығының да бала-шағасы жоқ, ал өздері болса жеке меншікті құжраларында тұратын. Олардың өмір сүрулерінің негізгі қоры құжраларға берілген жерлерден түсетін өніммен Әмірдің ай сайын беретін жалақысынан құралатын. Олар сол табыстарын да керектеріне жұмсамай, жыйнай беруші еді. Осындайлардың бірі қайтыс болғаннан кейін құжрасынан он мың теңге мен көптеген бағалы бұйымдар табылды. Олардың мұрагерлері болмағандықтан жоғары би мүлік иесінің жаназасын шығаруға жыйырма-ақ теңге беріп, барлық қалған ақшасы мен мүлкін қазына пайдасына алып қоюшы еді. Сорлы сараң өмір бойы аш, жалаңаш өрім-өрім болып жүріп, ол дүниеге де жоғарғы бидің тырнағынан зорға шыққан мардымсыз ақшаға алынған қайыршы кебінмен кететін.

Өздерінің айтуларына қарағанда, олар өмірлерінде сәтсіздіктен құтыла алмаған адамдар еді, құжраларға тиісті жерден түскен өніммен ғана күнелтіп жүрген болатын, бірақ сол өнімнің өзі бір адамның тамағына әрен жететін. Дегенмен, олар амалын тауып тамтұмдап ақша жыйнап, сол жыйнағандарын медресе шәкірттері мен көшелердегі ұсақ саудагерлерге өсіммен беретін.

Қалада бала-шаға және үй-жайы бар кейбіреулер көше мешіттерінде молда не медреселерде мұғалім болып қызмет атқарды, бірақ өздерінің құжраларын сақтап, оларды жалға беруші еді. Олар қолдары бос күндері таңертеңнен бастап құжраларын жалдап алушыларға қонаққа келіп, құжра үшін ай сайын алатын ақшасының үстіне қосымша деп палау жейтін. Мұнан кейін үй ішінде замандастарымен бірге отырып, семья жайымен қажыған күйлерін басу үшін өтірік-өсек айтумен шұғылданушы еді.

Құжраларда тұрушылардың басқалары медресе шәкірттері болды.

Бұлардың басым көпшілігі кедейлер. Олар өздерінің ең соңғы бар қаржыларын беріп, құжраларды жалдап алатын. Бір құжрадан екіншісіне жиі көшіп жүруші еді, олар әр құжрада бір ай, көп дегенде бір жыл тұратын. Кейбір дәулетті құжра иелерінің пікірлері бойынша мұн-

дай шәкірттер медреседе тұратын адамдардың ішіндегі ең қайыршылары деп есептелетін. Құжра кожалары құрметті адамдар болып саналады, олар өздеріне ерекше сый-құрмет көрсетілуін талап ететін.

Біздің медресе құжралары жекеменшікке қалай өтіп жеткендігін ұғу үшін, аздап тарихты еске алу керек.

Білімді адамдар деген даңқты атакқа кұмартқан кейбір әмірлер мен байлар өз қаржыларына медресе салдыратын. Мұнан соң олар не басқалар тәнір мүліктеріне жер, керуен сарайлар дүкендер, монша, тағы басқа өлі мүліктер беретін. Осы садақалардан түскен табыстар медреселерді жөндеуге, шәкірттерді қамтамасыз етуге, мұғалімдер, тағы басқа түрлі қызметшілер ұстауға жұмсалыу керек. Кейбіреулер өздері бұрын оқыған белгілі құжраларға мұраға ақша да қалдыратын, сондықтан бұдан былай әр құжраның табыстары әртүрлі болды.

Бұрын кейбір медреселердің зор кітапканалары болатын. Ал бұл кітапканаларды ерекше адамдар сақтайтын. Оларды сақтауға және кітаптармен толықтырып отыруға мұра етіп қаражат қалдырылатын. Осындай кітаптарда, медресе мүліктерінің документтерінде:

«Бұл мүлік сатылмайды. Сатып алынбайды. Мұра қалдырылмайды, мұраға алынбайды,» деген арабша жазу болатын.

«Осы сөздерді орындамағандар құдай қарғысына, пайғамбар қарғысына, барлық аруақтар мен періштелер қарғысына ұшырайды».

Солдай бола тұрса да, Бұхара медреселерінің негізгі мұраларының бірі — құжралар жекеменшікке өтіп, сатып алынатын және сатылатын да.

Ол былай болса керек:

Аштарханид хандығының акырында, Адул-файз-хан ел басқарған кезде (1708—1747) Бұхара мен Самарканд медреселері үнірейіп бос қалып қойыпты. Самарканд медреселерді керуен сарай ретінде пайдаланыпты, ал базар күндерінде төменгі құжраларда мал тұрады екен; Бұхарада медресе үйлері тозып, оған адамдар кіруге де қорқатын болған.

Медреселерде кітап қоятын оюлы сәкілер де тек ерте заманғы шеберлердің қолынан келетін накыштары бар есіктер де тозып біткен. Үйлердің ағаш құрылыстары түгел бұзылып, тас қабырғаларынан басқа ешнәрселер де қалмаған.

Медреселердің жерлері өңделіп, егін себілмеген, олар айлакер, епті адамдардың қолдарына өтіп кеткен. Сауда адамдарынан пайда алынатын мүліктер мүлде табыс бермейтін болыпты, себебі сауда мен қолөнер кәсіптері тоқтап, керуен сарайлары аңырап, дүкендер опырылып құлап, моншалар бос қалған.

Бұл күйзеліс маңғыттар ұрпағының үстемдік құра бастаған алғашқы кезеңіне дейін созылды. Шах-Мұрад Маңғыт әмір болған заманда Бұхара мен Самарқанда біраз жаңа тәртіптер орнатыпты. Ол суармалы жерлерді пайдалануды реттеп, базарлар ұйымдастырыпты, мешіт мүліктерін жаңадан қалпына келтірген.

Бірақ медреселер тұруға мүлде жарамсыз болып қалса керек. Ал оларды қалпына келтіру үшін Әмірдің қаржысы болмаған, жаңадан ғана арнасына түскен мешіт мүліктерінің кіріс табыстары медреселерді жөндеуге жетпейтін болған.

Сондықтан амалсыздан Шах-Мұрад мынадай бұйрық берген:

«Өз қаржысымен және өз еңбегімен құжраны қалпына келтіріп, өңдеген әрбір шәкірт сол құжраның қожасы болады. Ол адам құжраны басқа бір шәкіртке беріп, жөндеуге жұмсаған қаржысы есесін де қайтаруға ерікті».

Екі-үш жыл ішінде Бұхара мен Самарқанд медреселері қайтадан жаңартылады. Сол заманнан бастап жөндеуге жұмсалған ақшаны алып, құжраны бір шәкірттің екінші біреуге беруі әдетке айналады.

Біраз уақыттан кейін мешіт жерлерімен сауда кәсіп орындары едәуір мол табыс беретін болады. Сөйтіп, саудагерлік кәсібі медресе ішіне де енді. Құжраны қалпына келтіру қаржысын алуды місе тұтпай, әрбір құжраның болашақ табыстарының біраз бөлегі де алынатын болады. Сонымен қатар, құжраны тек шәкірттер ғана алмай, басқалардың сатып алуына да ерік беріледі. Бір құжра ғана емес, көптеген құжраларды иемденетін дәулетті адамдар да шығады. Сайып келгенде, құжралар пайда табудың қайнар бұлағына айналған. Құжралар жыйырма-отыз мың теңгеге сатыла бастайды, ал оларды қалай жөндесе де бұл соманың оннан біріне тұрмайтындығын әркімдер-ақ жақсы біледі. Жафар қожаның ағаштан салынған, опырылып құлап қалған медресесінің адам тұруға жарамсыз құжралары елу мың теңгеден бағаланды.

Өйткені бұл медресенің жабдығы мол болған, құжралар қожаларына аса көп табыс беретін. Жоғарғы би, құлақ естімеген «Жөндеу» құнына көзін шарт жұмып қарап, саудагерлердің өтірік документтеріне мөрін басып, олардан көптеген ақша ала берген.

Сонымен қатар, айта қаларлықтай жабдығы жоқ медреселердің үйлері Жафар қожаның медресесі сыяқты қыйрап жатпай, әрі жақсы, әрі мықты, тұруға жарамды бола тұрса да, олардың құжраларын ешкім сатып алмаған.

Самарканд Россия құрамына енгеннен бастап, онда құжра саудасы да тоқтатылады. Бірақ, оның қасындағы Бұхарада құжралар товар қалпында қала берді, онда адамның ақылына сыйымсыз құжра саудасы революцияға дейін жүргізіліп келді.

Міне, Әмірлік Бұхарадағы ондаған үлкен, жүздеген кіші медреселерден келей шәкірттердің бас пана табалмаған себептері де осыдан еді.

Егер шәкірттің қалтасында ақшасы болса құжра сатып алып кіруге мүмкіндігі болатын. Егер оның ақшасы болмаса, онда ол құжраны жалға алатын. Шәкірттер көбінесе ақшасы болмағандықтан оны бірнеше айға кепілге алып, қожасына белгілі мөлшерде өсім процентін төлеп тұратын еді.

Егер шәкірт өзінің келіскен ақшасын мезгілінде беріп, құжраны алуға шамасы келмесе, онда құжра иесіне қонақ асы беріп не басқа жолмен оған пайда келтіру арқылы жалынды-жалбарынып, құжрада тұруға мүмкіндік алатын.

Көптеген құжра қожалары медресеге, ғылымға ешқандай қатнасы жоқ саудагерлер, қолөнершілер, іссіз адамдар еді. Олар өмір бойына медреселерде тұратын, мұндай өмірді олар өте-мөте еркін және тыныш деп есептейтін. Оған себеп, медресе шәкірттері Әмір өкіметінің қандай да болмасын сый-құрметінен пайдаланатын, медресе алым-салықтан, төтенше шығындардан босатылған мұндағы тұрмыс қаладағыдан гөрі әлдеқайда жеңіл әрі қауыпсыз еді.

Кейбір құжра қожалары өздерінің сауатсыздығына қарамай құжраларын шәкірттерге жалдағанда, олар өзінен сабақ алу шартымен де беретін жағдайлар болған. Құжра қожаларының осындай сауатсыздығына қарамай, олардың белгілі бір шәкірттер тобы болды, бірақ олар

қарамағындағы шәкірттерге ешнәрсе үйрете алмайтындығы айқын еді. Алайда бұған қарамастан шәкірттері болғандықтан өздері түк білмесе де медресе мұғалімі деген ғылыми атақ алатын. Әрине, мұндай атақ алған жасама мұғалімді сауатсыз деп атауға ешкімнің де хақы жоқ еді. Осылайша шартпен көптеген шәкірттер надан пайдалардың қамқорлығына бөленіп оқыйтын, тұрақты кұжраларға да ие болатын, сөйтіп, надандардың теңдесі жоқ ғалым, білімпаз деген данқын шығаруға себепші болатын. Бірақ ол білімпазсымақ кұжра иелері өмірінде әліпті таяқ деп білген емес.

О Р Ы С Т І Л І

Біздің медреседе ағайынды екі жігіт тұратын. Үлкені — Махдум Қожаны жұрт Өгіз деп атады. Ол ұзын бойлы, бұлшық еттері ұршықша ойнайтын, кең иықты, бірақ, осы бейнесі оны дөмбелше етіп көрсететін. Қараторы келген, беті тары ұнынан жасаған қалаштай, қап-қара сақал қаптаған, екі арасы қосылып кеткен доға сыяқты иілген қою кара қастары мен қайқыйған ұзын кірпіктері арасынан қаракаттай үлкен көзі күлімдей қарағанда, ол әңгімелесіп тұрған адамның ең жасырын сырын айқын сезіп тұрған тәрізді көрінетін.

Оның қол-аяқтары мен көкірегін қалың кара жүн басқан, сондықтан оның түсі суық, түнеріп тұрғандай көрінетін. Бірақ өзі әрдайым нанғыш, әрі мейрімді еді, үнемі күлімдеп тұратын иман жүзді шішіні адамды өзіне еріксіз тартатын.

Ол әрқашанда, кіммен болса да жылы сөйлесетін, әсіресе, медресенің кедей шәкірттерін жиі қарсы алып, олармен көбіне шын ниетімен сөйлесетіндігін байқайтынмын. Егер біреу-міреу ауырып қалса ол науқасты күтуге келетін де, шайын қайнатып, кұжрасын сыпырып, кіріне дейін жуып беретін.

Ол ешқашанда етік киіп, басына сәлде ораған емес. Күн жылыда жалаң дамбал, көйлекпен жүретін де, қыста бұлардың сыртынан жұқа шапаннан басқа ештеңе кимейтін. Жазда жалаңбас жүрсе, қыста басына тек тақыя ғана киетін.

Оның жасы жыйырма бесте болса да, түрі отыз жастағыдай еді. Сол кездің өзінде ол сабақты он төрт жас-

тағылардың программасы бойынша өтетін маған берілетін сабақтарды оқыйтын.

Менің ойымша оған Өгіз деген атақ үйлеспейтін сыяқты еді. Рас сыртқы бейнесі Өгізге ұқсайтын, бірақ оның ішкі жан дүниесі нағыз адам, шынында мен нағыз адам тек Махдум Өгіз сыяқты болу керек деп берік сенетінмін.

Оның інісінің аты Пир еді, өзінің ағасынан әлдеқайда жас болғандықтан оны «Пирак» деп атады. Ол менен екі жас үлкен, он беске караған еді, бірақ он жасар бала сыяқты кішкентай болатын. Өзі әрі кішкене, әрі нәзік, жаңада ғана ауыр науқастан тұрғандай боп-боз еді.

Бұлар ағайынды екеуі бірге «Кафияны» оқыйтын. Бірақ біздер кешке қарай бәріміз бірге кітап оқыйтын жерден олардың қолына кітап ұстап оқып отырғанын көрген емеспін. Тіпті медресенің басқа жерлерінде де ағайынды екеуінің сабаққа әзірленгені көзіме шалынған емес. Пир әкемізден сабақ аламыз дейтін. Олардың сексен жасар молда әкесінің үйі Мир Арабқа жақын еді. Әкесі мен соңғы анасы басқа балаларымен тұратын. Әкесі жетпіске келгенде ағайынды екеуінің шешесі қайтыс болды. Бұдан соң шал екінші рет үйленіпті. Жас әйелінен тағы да үш бала туған екен. Олардың үлкені онда, кішісі бір жаста болған. Ең кенжесі әкесі жетпіс тоғызға келгенде туыпты.

Бұлардың әкесі Бұхара медреселерінің бірінде мұдarris болған адам еді, бірақ соңғы кезде сабақ бермейтін, сол медресе арқылы өзіне тиген уақыптан түскен табыстарынан күн көретін. Оның Мир Арабта екі құжрасы бар еді, соларын балаларына беріп қойған.

Әдетте медресе адамдары кешке қарай далаға, таза ауаға шығатын. Ересектер ашық галлерейда отырса, балалар аулаға жыйналатын.

Бір күні кешке Пирак екеуміз қатар отырдық.

Мен әрдайым жатқа өлең білетін адамдарды іздеуші едім. Сондықтан да Пиракпен алғаш рет қатар отыра қалғандықтан, оған:

— Сіз қандай болса да бір өлең білесіз бе? — деп сұрадым.

— Егер білсем ше, онда не болады?

— Онда өлең айтысып ойнар едік. Сіз әйтеуір қатар ұйқасты бір өлең айтасыз, оған мен сіздің сол қатар ұйқасты өлеңіңіздің соңғы қарпымен басталатын қатар

ұйқасты өлеңмен жауап берем. Сөйтiп, осы ұйқаспен келетiн қажеттi өлеңдi бiреумiз табалмай қалғанға дейiн солай айтыса беремiз.

— Жоқ, мен ешқандай өлең бiлмеймiн. Ана Хамит Қожа молдамен Зайниддин Қожа бiздiң үйге өте жиi келiп тұрады, келген сайын неше түрлi өлеңдер оқыйды. Бiрақ солардың бiрде-бiрi жадымда қалмапты. Сiз өзiнiз бiлесiз бе?

— Аздап бiлемiн.

Менiң жауабымды естiп ол куақылана күлiмдедi. Сөйттi де кiшкентай балалардай мақтана сөйледi:

— Мен сiз бiлмейтiн, бiрдеңе бiлем.

— Ол немене?

— Орыс тiлiн бiлем.

Мен оған сене қоймадым. Медресенiң шәкiрттерi тiптi ана тiлдерiн де жөндеп үйрене алмай жүр, жатқа бiр ауыз да өлең бiлмейдi, орыс тiлiн қайдан бiлмек?

— Кәне, орысша бiрдеңе айтыңызшы!

— Час! — дедi ол.

— Тағы да бiлесiн бе?

— Тағы да бiрнеше сөз бiлушi едiм, ұмыттым. Менiң қағазға жазып алғандарым бар. Бiздiң кұжраға кел, оқып берем.

Сол күнi кешкi тамақтан кейiн оның кұжрасына бардым.

Оның кұжрасы медресенiң Оңтүстiк-батыс бұрышын-да болатын, өзi тар, екi адам зорға сыярлықтай едi.

Кұжраның ортасында сандал тұр. Анадай жердегi бұрышқа жуынатын шағын кұмыраша қойылыпты. Оның қатарында — жуынды кұятын ыдыс, ол толған сайын Пирақ қораға төгiп тұрады екен. Ошақ жанында отын салатын терең шұқыр қарайып көрiнедi. Еден төсенiшi арзан алашалардың бiрi екен, бiрақ тап-таза. Заманына қарай кұжра жаман болмағаны байқалып-ақ тұр.

Пирақ менi сандал жанына отырғызды да, басқа тiлге келмей-ақ өзi отырған көрпе астынан бiр жапырақ қағазды суырып алды. Онда қарындашпен жазылған екi жол бiр нәрселер көрiнедi. Кейбiр таңбалары араб қарыптарына ұқсайтын тәрiздi, бiрақ оқый алмадым.

Қағазды маған ұстатты да:

— Мiне, оқыңыз. Орыс тiлiн үйренiңiз, — дедi ол маған.

— Мен мұны оқый алмаймын. Мұны кiм жазды?

Пирак қызарып кетті:

— Өзім. Оның тек суретін көшіріп алдым. Өйткені мен сауатсызбын ғой.

— Онда өзіңіз оқыңыз.

Ыңғайлырақ отырды да, басын таяна, саусақтарымен қағаз бетіндегі жолдарды нұқып көрсете отырып, жазғандарын есіне түсіре бастады.

— Мынау — сниег, — снег. Ал, мынау — час. Мына біреуі — хилеб, — хлеб.

— Небәрі осы ма?

— Осы.

— Тағы бір рет оқыңызшы. Тек орыс сөздерін ғана. Ол тәжік тіліне аударып тағы да қайталады.

Оның айтуы бойынша мен бұл сөздерді сол бойда жаттап алып, өлең сыяқты етіп қайталадым:

— Сниег — қар, часы — сағат, хилеб — нан.

Пирак қуанғандай күлді:

— Ой! «Нисо-бусса-биен» сыяқты оқыдыңыз ғой, тіпті.

— Сіз бұл кітапты қайдан білесіз! — деп таңдандым мен.

Бұл кітапта араб сөздерінің тәжікше аудармасы берілген. Мұның өзі өлеңмен жазылған өзінше бір сөздік болатын, араб тілін үйренуді өте-мөте жеңілдететін кітап еді. Амал нешік, бұл кітапты мектепте де, медреседе де пайдаланбайтын. Тек кейбір өте-мөте білімді адамдар ғана өздерінің балаларын осы кітаппен оқытатын.

— Кішкене кезімде, — деді Пирак, — осы кітаптан әкем маған бірнеше қос ұйқасты өлең үйреткен. Соның бір жолы осы күнге дейін есімде. Бері қара! — деп сыбырлады ол көңілденіп, — былай етелік: мен аудармасы бар тағы да бірнеше орыс сөздерін табайын, сол сөздерден сен өлең құрастыр!

— Орыс сөздерін сен қайдан аласың?

— Біздің медреседе Тұраб молда тұрады. Ол Самарқанға жиі-жиі барып қайтып жүрген адам. Онда орыстар көп. Сол жерде жүріп ол орыс сөздерін дәптеріне жазып алады екен, ал мен сонан көшіріп алам. Тұраб молла осы жолы көптеген жаңа сөздер жазып әкелуге уәде етті. Мен содан көшіріп алайын да саған берейін.

— Тіпті жақсы болады! — деп қуанып кеттім.

— Тек, байқа, бізде орыс сөзі бар деп ешкімге айту-

шы болма. Әйтпесе молдалар бұл дүниеден біздің көзімізді жоғалтады!

— Неге? — деп таңдандым.

— Оны сен олардың өздерінен сұрарсың. Өткен жылы олар Тұраб молданы мүлде азапқа салды ғой.

— Қалайша?

— Қайдан екені белгісіз, әйтеуір олар Тұраб молданың самарқаннан орыс сөздерін жазып алып келгенін біліп қойыпты. Молдалар аласұрып: «Ол орыс болып кетті! Медреседен аластау керек!» деп шулады. Бірақ Тұраб молда жеке меншікті құжрасында тұрады, сондықтан да оны медреседен аластау оңай болмады. Мұнан соң бар молдалар жыйналып, менің әкемді қоса алып, жоғарғы биге барды. Жоғарғы би оларға былай депті: «Орыс тілін білу діннен шықты деген сөз емес. Барыңдар, тек жүріңдер, ауыздарыңа ие болыңдар!» Олар шыға бергенде би тағы да былай депті: «Орыс патшасы біздің Әмірмен дос. Егер мына былжырақтарың Әмірдің құлағына тисе ашулануы мүмкін, сондықтан тілдеріңді тыйып, тек жүріңдер. Беталды көкүді қысқартқандарың жөн.» Мұны мен өз әкемнен естідім, ал ағайым Тұраб молдамен жақын дос еді. Әкем жоғарғы биден қайтқан соң, ағамның Тұраб молдамен дос болуына тыйым салды. Міне, сөйтіп Тұраб молда жаңағылардан зорға құтылған болатын.

Пиракпен әңгімелесіп оның білімге құмартып жүргенін аңғардым.

— Аздап болса да өлең үйрен, — дедім қоштасарда.

— Сөзсіз үйренем. Хамит Хожа молда мен Зайниддин Хожа ағам келгенде олардан өлең үйрет деп өтінем.

— Сен өйтіп үйрене алмайсың, өзің оқуың керек.

— Менің кітабым жоқ. Мектепте оқып жүргенде әкем маған Ғафиздің кітабын берген болатын. Ал мен озы ініме бердім.

— Жарайды. Мен саған өлең кітабын әкелейін.

Келесі күні кешке оған өзімнің сүйікті кітабымды әкелдім.

Ол кітапты қолына алды да, беттерін аударыстырып тегіс қарап шығып, түңілгендей өзіме қайтып берді.

— Мен мұны оқып алмаймын. Тіпті қарыптарың да ажырата алар емеспін. Егер Ғафиздің кітабы болса мүмкін оқыр ма едім.

Сол кездегі оқушылардың көпшілігі сыяқты ол да өзі бұрын оқымаған кітабын оқып білмейтіндігін енді сездім.

— Онда былай етелік, — дедім мен оған, — мен саған осы кітапты қалай оқу керек екендігін көрсетейін. Сен бірнеше күнде-ақ үйренесін.

Оған бұл ұсынысты өте сақтықпен жасадым, мен «үйретейін» дегем жоқ, «көрсетейін» дедім, егер мен өзімді оған оқытушы етіп көрсетсем, оның өкпелеп қалуы да мүмкін еді. Бірақ, ол дереу қуана келісті де:

— Көрсет! Қайткенде де көрсет! — деді.

Сол кеште мен оған осы кітаптан төрт газалды дауыстап оқып бердім. Ол менің ізімше қайталады. Өлеңді жаттап алған соң, енді сол сөздердің қалай жазылғанын көрсеттім.

Содан бастап, бос кештерде Пиракқа келіп жүрдім де, екеуміз бірігіп оқытын болдық. Екі айдан кейін ол барлық кітапты еркін оқып алатын болды, бірте-бірте жеке әріптерді де біліп алды.

Мен оған әуелі әріптер мен сөздердің суретін салуды үйреттім. Онан соң оның қолы қаламға жаттығып, бірте-бірте өзі де жазатын болды. Сөйтіп, ол көктем шыға жазуды да, оқуды да әбден үйреніп алды.

Осы кезде Тұраб молда Самарқанға барып, жаңа сөздер жазып әкелді. Ол орыстың сол жаңа сөздерін жазудан қорқа тұрса да, Пиракқа тағы да:

Душа — жан, дождь — жауын, вода — су, — деп үш сөз жазып берді.

Пирак осы үш сөзді жазып алып маған әкелді:

— Өзіміз келіскендей, үйлестіріп көр?

— Әкел!

Бұл жолы Пирактың жазғандарын жеп-жеңіл оқыдым. Орыс сөздерінен өлең шығаруға әрекеттеніп көріп едім, оп-оңай үйлесе кетті.

Мен оны Пиракқа оқып та бердім:

Снег — қар, часы — сағат, хлеб — нан.

Вода — су, дождь — жауын, душа — жан.

Пирак мұны естігенде өрттей жанып, бойын қуаныш кернеп, билей бастады. Ол тамаша билейді екен, мұндай биді мен өз өмірімде бір-ақ рет, Соқтардағы көршіміздің қыз айттыру тойында, Гиждуан бишілері, олармен бірге атақты Тожихон келгенде ғана көрген едім. Ол өте шебер билейтін, шаттанған жұрт оның әрбір биінен кейін есі кетіп айқай салатын. Тожихон биді кәсіп еткен адам

еді, ол дарынды музыкашылар қаққан бубен дауысына шын беріле билейтін.

Пирак орнына отырып, менің өлеңдерімді қайтадан мақтай бастағанда мен одан биді қайдан үйрендің, деп сұрадым.

— Біздің медреседе Хамит Хожа деген Хожа бар. Ол туралы мен саған айтқанмын. Ол да сен сыяқты Гиждуандық. Ағайымның жанында ешкім болмаған кезде ол Зайнуддин Хожа екеуі біздікіне келіп тұрады. Хамит Хожа көптеген ғазалдар біледі және жез подносты бубенше қағады. Өзі ғазал жырлап жүріп, подносты да қағып ойнайды. Көңілдірек болу үшін ол маған да би үйреткен.

Пирак біраз үндемей отырып, тағы сөйледі:

— Олар бұдан былай ағайыма келгенде мен сені шақырайын. Сонда олардың қалай өлең айтқандарын тыңдап, менің қалай билегенімді көресің.

Ө Г І З

Пирак маған бір күні таңертеңгі намаздан кейін бүгін ағайдың үйінде ғазал айтылады, сондықтан кешкі намаздан кейін біздікіне кел, деді.

— Қап! — дедім мен, — бүгін сейсенбі ғой, Абдусаламның кұжрасында палау әзірлейтін күнім еді. Мейлі қолым босасымен сөзсіз барамын.

Кешкі сағат онда Өгіздің кұжрасына келдім. Оның кұжрасы Пирақтың кұжрасына карағанда үш есе кең екен. Сонымен қатар үлкен тектері бар, оған отын, көмір сыяқты басқа заттарды жыйнап қоюға да болады. Кұжраның ортасына қойылған сандалдың айналасында Хамит Хожа, Зайниддин Хожа мен Пирак отыр.

Өгіз жоқ екен.

Пирак маған өз орнын берді де, өзі сандалдың шетіне барып отырды. Қонақтар бір-бір шыныдан шай ішті де өлең айта бастады. Хамит Хожаның даусы жінішке, кұлаққа жағымды екен. Зайниддин Хожа өлеңді қоңыр дауыспен әсем айтатын көрінеді, бірақ даусын көтеріңкі шығара алмай отыр.

Олар қолдарына ұстаған подностарын қағып, «уфа»

әнімен қоса өлендерін айта бастаған да Пирак билеп те кетті. Пирак бұл жолы бір кезде өз кұжрасында билегеннен гөрі нашына келтіре жақсы биледі. Хамит Хожа оның бұрынғыдан да шебер билеуін талап етіп, әрбір қыймылын түзеп отырды.

Биден кейін тағы да шай ішуге кіріскенімізде, Пирактан, Өгіз неге жоқ, деп сұрадым. Біздің ағай жоғарғы бидің күйеу баласы Асаджан Махдуммен дос болатын, ол бүгін сонымен бірге Мир Достым көшесінде тұратын біреудің үйіне қонаққа кетті, — деп жауап берді ол маған. Бұхарлықтар өз қаласында түнде жалғыз-жарым жүрмейтін. Өйткені ұрылар мен қайдағы жексұрын қаңғыбастар соқтығыса кетуі әдетке айналған еді.

— Ағай кешікпей қайтам деп кеткен. Неге мұнша кешіккеніне өзім де түсінбей отырмын.

— Біздің ағай күшті. Өгіз тәрізді! Егер қолына қарақшылар түсе қалса, оларға ант-су ішкізбей жібермейді. Сондықтан Асаджан түнде ағайсыз ешқайда шықпайды, — деді Пирак Хамит Хожаға қуақылана сөйлеп.

— Біздер, гиждуандықтар серуен құруды да, төбелесуді де жақсы көреміз. Күресте де, көңіл көтеруде де ешкімнен кем түспейтін қасиеті үшін де Махдум Өгізді жақсы көремін. Сондықтан да мен оның көңлін өлеңмен көтеруге әрқашан да әзірмін. Қап бүгін оның кешігуін қарашы, — деді Хамит Хожа.

Сөйтіп олар тағы да бірнеше ғазел айтты. Бірнеше күйлер де тартты. Пирак биледі. Уақыт өте берді. Түн ортасы ауғалы бір сағат болды, Өгіз сол кеткеннен келген жоқ.

— Ішегіміз шұрылдап барады, қарнымыз ашты. Палау пісір. Тез жеп, ұйқтайық, — деді Хамит Хожа Пиракқа.

Пирак палау пісіріп әкелді.

Өгіз келген кезде жұрт палауды жеп те болған еді.

Оның көзі жанған оттай жалт-жұлт етеді. Ол күлімсіремей, бар даусымен қарқылдап күле берді. Жынданып кеткен екен деп жаным ашып, жүрегім аузыма тығылды.

Бірақ қарқылдап күліп тұрып айтқан сөздерінің бәрі көкейге қонымды. Кешігіп келгені үшін қонақтардан кешірім де сұрап қойды.

— Мен кіналы емеспін. Қонақ иесі мен оның қонақтары кіналы. Олар менің күшімді сынап бақты. Өткен

жолы шараппен сынап көріп еді, ұтылды. Өздері бұрын жығылды, ал мен болсам шыдадым, тіпті есімнен де танған жоқпын. Бүгін маған наша тартқызды. Бұрын аузыма алып көрген затым емес еді. Өзімді-өзім беріж ұстап, олардан екі есе артық тарттым, оған шыдамым жетті. Баскалар бір сормастан-ақ мас болып, аяқтары көктен келді: Асаджан нашаны аузына алмастан мұрнына жеткен иістен-ақ мас болып құлады. Ал мен мас болмадым. Жок, мен мас болғам жок. Тек басым сынып барады. Пісуі жеткен карбыздай! Ха-ха-ха! Ой басым, сынып барады! Екіге жарылып барады!

— Сізге кептірген құрт тәуір болар еді! — деді Хамит Хожа.— Бір, екі дөңгелек құрт болса жетер еді.

— О! Інішегім қазір береді! Пирак, кәне тез берші! Өгіз тағы да күлді, күтпеген жерден жылап та жіберді. Құлу, жылау арасында Пиракты бауырына қысып тұрып:

— Бар сенгенім сен! Інішегім! Тынысым! Шешеміз өлгеннен кейін бұл жарық дүниеде екеуміз ғана қалдық! Аясаншы мені, кептірген бір-екі құрт тапсайшы. Басымды емдеші! Анаңның аруағы сені жарылқайды! — деді.

Пирак оған сағатты көрсетіп:

— Құртты қайдан табайын. Қарашы, қазір түнгі сағат екі ғой! — деді.

Бірақ, Өгіз қояр емес, қатты күрсініп, сұраумен отыр.

Пирак бір кезде:

— Сабыр етіңіз! Мүлде ұмытып кетіппін ғой. Бұл құрт бізде бар екен, — деді.

— Жігіт! Міне жігіт! Әкел-әкел! — деп Өгіз қуанғаннан каркылдап күліп жіберді. Ол шын ниетімен, ақ көңілімен ішек-сілесі қатып күлді,—оның мұнысына қонақтар да күліп жіберді, сөйтіп құжраның іші күлкіге толды.

Пирак қабырғаға баспалдақ қойып, жоғары шықты да, биіктегі қуыс текшеден бірденелерді сусылдатып, сылдыратып ала бастады. Аздан соң қолына бір ыдыс ұстап қайта түсті.

Ыдысының ішінде шағындау келген он шақты пияз бар. Қабығы аршылған, аппақ дөңгелек сыяқты пияз екен.

Өгіз күлкісін тыймастан пиязға қолын созды.

Осы кезде шай да қайнады.

Өгіз әлі де күліп отыр, ол Пиракқа қарап:

— Әдетте жүрт тісің зорға бататын қатты болушы еді. Сенің мына куртың өте жұмсақ әрі селді екен. Өзі тым ашылау ма қалай, оқасы жоқ, мұндай ашыдан басым тез жазылады, — деді.

Өгіз пиязды қашырлата шайнап, күлкісін тыймастан сөйлеп отыр:

— Мен бүгінгі кеште Бұхараның ең данқты адамдарының балалары арасында болдым. Олар барып тұрған ақымақтар екен! Арабтар: «Жақсыдан туғанның бәрі жақсы бола бермейді. Егер, жақсыдан жақсы туса, ол бір ғажап естен қалғысыз нәрсе!» дейтін. Олардың бар білетіндері естерінен танғанша ішу, мас болу, сөйтіп серейіп ұйқтау екен. Солармен байланысып жүрген мен де ақымақ екенмін!

Осыны айтты да Өгіз жылап жіберді. Бұдан соң тағы бір пиязды қарш-құрш еткізіп жеді де қайтадан күле бастады. Бірақ, енді басым бұрынғыдан да қатты ауыр-пыр барады деп өкініш білдірді.

Хамит Хожа оған басына суық су құй деп кеңес берді. Құмыраға су толтырып алып, Өгіз далаға шықты. Біз де жайымызға кеттік.

Мен өте кеш ұйқтадым, бірақ, ерте тұрдым. Өйткені базардан өзім тамақ әзірлейтін табақтастарға қаймақ әкеліп, шай қайнатуым керек болды.

Күжрадан шыққанымда, аулада жүрген Өгізді кездестірдім. Ол жалаң денесіне көйлек қана киген, шайханадан шай әкеле жатыр екен.

— Уйқың қанды ма? — деп сұрады. — Сенің досың Пирак маған жүрт орнына пияз беріп, сонымен сыйлады емес пе. Бірақ, мен оның көңлін қалдырғым келмей, жей бердім. Сол пияздың кесірінен басым бұрынғыдан да қатты ауырды. Басыма суық су құйғаным мұндай жақсы болар ма. Бірден тәуір болды. Түнде жақсы ұйқтадым. Көрдің бе, Пирактан да бұрын тұрдым.

У З Ы Н М У Р Т

Бір күні кешке жарай Пирак өкеуміз Мир Арабқа бардық. Жаңбыр жауып тұр еді.

Өкеуміз базарға барып, Шарафтың шай дүкенінің кең қалқанына біраз паналап отырып қайталық, деді Пирак маған. Біз барсақ сол жерде Өгіз, Хамит Хожа мен Зай-

ниддин Хожа отыр екен. Олардың жанында алтын бұйымдардың зергері шебер Жамолжан да бар. Оның үйі біздің медресе тұрған көшеде болатын.

Хамит Хожа ақырындап газал айтып отыр.

Біз де олардың қатарына келіп отырдық.

Осы кезде Мир Арабтың шығыс жағындағы зергерлер қақпасы жағынан екі адам көрінді.

Оның бірі аққұба келген қалың, едірейген ұзын мұрты бар, ұзын бойлы, толық денелі адам еді. Түріне қарағанда жасы отыздар шамасында. Оның жанында жыйырма бес жасар қараторы жігіт, бірге келе жатыр.

Олар бізге таяу келгенде жаңағы аққұба келген ұзын мұртты адам Жамолжан зергерге:

— Жамолжан! Сіз дос-жарлар тапқанға ұқсайсыз. Есіңізде болсын, мұндай жүз адам тапсаңыз да сізді салықтан құтқара алмайды, — деді.

Олар оқанымыздан өте берді.

Хамит Хожа сол бойда ұзын мұртты қуып жетіп, онымен көшелердің бір бұрылысында төбелеспек болып, ашуланып орнынан қарғып тұрды. Бірақ, Өгіз оны тоқтатып:

— Бұл атышулы нағыз арсыз, бұзақы адам. Оның аты ұзын мұртты Рузи. Өзі өте күшті. Онымен қазір байланыспай-ақ қойындар, бір кезі келгенде мен оның сазайын әбден тарттырам, — деді.

Өгіз Жамолжаннан:

— Онымен бітіспей жүрген нелерің бар еді? Айтып тұрған салығы не? — деп сұрады.

— Ол бір күні тоқымашылардың тар көшесінің бір бұрышында маған кездесіп қалды. Сөйтіп үстімдегі шапанымды сыпырып алды да былай деді: «Сен жалғыз бұл шапанмен менен құтыла алмайсың. Егер денсаулық қымбат болса, бүгіннен бастап маған салық төлеп тұратын боласың». Бір апта өткен соң қасына жаңағы жігітті ертіп екеуі менің дүкеніме келді. Мен сол кезде болат тақтаның үстіне күмістен сым темір тартып жатыр едім. Ол маған былай деді: «Сіз аса маңызды іспен шұғылданып жатқан көрінесіз, бірақ мен сіздің бір минуттай уақытыңызды алам. Бізге бір-бірден жүзік беріңіз». Мен оларға екі күміс жүзік бердім, бірақ ол алмады. «Жоқ, бізге алтын жүзік керек» деді. Сөйтіп, өзіне алтын жүзік беруге тура келді, ал серігіне күміс жүзік алуға келісті. Ол осымен маған үшінші рет кездеседі. Енді ертең тағы

да келіп, менен бірдеңе талап ететін болды ғой, деген ойда қалдым.

Жамолжан көзіне жас алып:

— Енді бірте-бірте қолымдағының барлығын да соған беріп, дүкенді жауып үйде отырудан қызығы болмас, — деді.

— Қорықпаңыз! Бір ақылын табармыз! — деді Өгіз. Хамит Хожа ыңылдап өлеңін айта берді.

* *
*

Арада бірнеше күн өткен соң кешке қарай медресе ауласына келдім.

Шәкірттер екіден-үштен жайғасып, өзара әңгімелесіп отыр екен.

Пирак аулада жоқ болып шықты.

Кімнің қасына барып отырсам екен деп ойланып тұрғанымда, Пирақ өз кұжрасынан шыға келді. Ол қайрылмай тысқа шығатын есік жаққа бет алды. Мен оны дауыстап шақырдым. Ол маған қарады да тоқтамастан жүгіріп бара жатып, қолын былғап өзіне шақырды.

Оны қуып жетіп екеуміз көшеге шықтық.

Ол үлкен көшемен батысқа қарай беталды. Мен соңына еріп келем.

Осылайша жүріп отырып, үлкен мешітке дейін келдік. Мұнда ерсілі-қарсылы өтіп жатқан адамдар тіпті аз екен.

— Сен қайда асығып бара жатырсың? Мені қайда апармақсың? — дедім.

Ол жүрісін баяулатып:

— Рузи ұзын мұрт есінде ме? — деп сұрады.

— Есімде.

— Кеше ағай сол ұзын мұртты қонаққа шақырған болатын. Мен палау әзірледім. Палауды жеп болған соң ағай қонағына: «Рузи, сен күшті адамсың. Қарақшылықпен күн көру саған ұят. Қандай жұмыс істеймін десең де күшің жетеді. Қалай еңбек етсең де Әмірше өмір сүрерліктей қаржы табасың. Қарақшылықты қойып, адал өмір сүр, — деді. Ағай ойындағысын айтып болғанша Рузи басын төмен салып, үндемей отыра берді. Ал ағай сөзін аяқтағаннан кейін ұзын мұртты Рузи ойлы пішінмен, баяулап былай деді: «Самсаған дары мен түрмесі бар Әмір де мені жеңіп, қайта жасай алған жоқ. Ал сен

ескі карттардың аузына келгенін былжырайтын аңыз тәрізді кеңесімен мені жолдан тайдырмақпысын. Еұл қыялышан түк шықпайды! Не істейтінімді мен өзім білем!» ұзын мұртты Рузи қалтасынан бес тенге алды да киіз үстіне қойып: «Мынау сіздің палауыңыз үшін» — деді. Одан соң ағама қарамастан орнынан тұрды. Ағай оған ұстамдылықпен меймандостықпен, жауап қайтарды: «Ақшанды өзін ал. Менің үйім асхана емес. Оған көңің келмесе, мен сенің көшене барам да, ескі карттардың аңызын былай қойып, еркектерше сенің сазайынды берем. Сонда сен өз орнынның қайда екенін білесің!» Ұзын мұртты Рузи де тоқталмастан жауап қайтарды: «Менің мына ақшамды сонда қайтарарсыз. Кешке мен сізді айтқан жеріңізде күтем». Бүгін кешке ағай мені өз үйіне жіберген болатын. Онда барып қайтып келсем ол құжрасында жоқ екен. Сол, сірә, ұзын мұртты Рузиге кездесуге кеткен болар деп ойлаймын. Мені үйге жіберген себебі: Ол сонынан қалмайтын шығар деп ойлаған болар және Өгіз өзіне жәрдемшіге бұзау ертіп келіпті деп ойламасын деген болуы керек. Ал мен болсам сол жерде болуға міндеттімін, нендей пәле кездесетініне кімнің көзі жетеді!

Біз тәтті тағамдар сатушылар мен мысшылар қатарынан өтіп, Тиргарон қақпасына дейін бардық та, одан әрі сабынмен сауда жасаушыларды кесе жүріп, Регистаннан бір-ақ шықтық.

Сол жүргеннен жүріп отырып, қарбыз бен жүзім дүкендері қатарынан да өттік, сөйтіп, ұзын мұртты Рузидің үйі тұрған ұста Рухиге жеттік.

Біз осы жерге келгенде Өгізді көрдік, ол мешіт жанында бір шалмен сөйлесіп тұр екен.

— Тегі, біз дәл мезгілінде келдік білем. Мұнда әлі ештеңе болмаған көрінеді! — деді Пирақ ағасының жанына бармастан.

Біз бұрышта тұрып қалдық.

Дәл осы сәтте мешіттің аржағындағы бұрыштан өзінің серігімен бірге ұзын мұртты Рузи шыға келді. Ол жанындағы серігін бұрышта қалдырды да, мешітке келіп шалдардан:

— Не болып калды? — деп сұрады.

— Істің жайы былай еді, — деп жауап қайтарды шалдардың бірі, — біз саған мына Махдум молданың ақылын тындап, анау-мынау ісінді қойсаң деген кеңес бергіміз келеді.

— Тағы да баз-баяғы карттардың анызы ма?

— Егер тілесен, еркектерше сөйлесіп көрелік! — деді Махдум Өгіз.

Ұзын мұрт Рузи шапанын шешіп алды да оны дуалдың үстіне қойды. Бұдан соң ол жолға шығып:

— Ер егеспей бітіспес! — деп ақырды.

Рузи белін жасыл белбеумен қатты буып алған екен, сол жағында қынға салынған үлкен пышақ салбырап тұр.

Өгіз салмақтана орнынан тұрды да күлімсіреп, ұзын мұрттың жанына келді. Екі қолымен Рузиді қапсыра құшақтап тұрып бір тартқанда-ақ оның белбеуін де, пышағын да жұлып алды.

Ұзын мұрт Өгізден биік екен. Ол Өгізді кеудеден қойып жіберіп, оның иығын қатты қысып алып сілкіп жатыр. Оған Өгіз де бой берген жоқ, шыдады.

Мұнан соң Өгіз ептілікпен жалт беріп, Ұзын мұртты қапсыра құшақтап алды да, басынан асыра жоғары көтерді. Ұзын мұрттың ұп-ұзын, еңгезердей денесі Өгіздің қолында салақтап, далбаңдап тұрып қалды.

Осы кезде ұзын мұрттың қасына ере келген серігі досына көмек көрсету үшін ұмтылды, бірақ ол жақындай бергенде-ақ Өгіз бар күшімен оның ішіне теуіп жіберді. Ол бишара сокқы жеген итше қыңсылап екі бүктеліп, дуалға сүйене барып сылқ ете түсті.

Өгіз Ұзын мұртты қос қолымен тік көтеріп, қаңбақ ұстаған бишілерше шыр айналдырып жүр. Ұзын мұрт шамасына карамай далбаңдаған қолымен де, аяғымен де әйтеуір Өгізді не ұрып, не теуіп қалуға әрекеттенуде, амал қанша, түкте істей алған жоқ. Ақырында Өгіз оны жерге алып ұрды да, қас қакқанша кеудесіне қонып та алды. Ұзын мұрттың екі қолын мықтап ұстап, оның кеңірдегіне қатты басып тұрды. Осылайша ол ұзын мұртты бірнеше минут тырп еткізбелі.

Көше бойы халық алаң болды. Бұл арадағы жұрттың бәрін де осы ұзын мұрт сан рет қан қаксатқан болатын. Сондықтан оны Өгіздің арашалаушы ешбір жан болған жоқ. Ұзын мұрттан серігі есін жыйып алып, оған тағы да көмектесуге әрекеттеніп еді, жұрт оны ыңыстырып: «Төбелесу албастының өсі. Төбелесуіңуна академия» деп жібермеді.

Өгіз ұзын мұрттың кеңірдегін аздап босатып еді, ол қырылдап:

— Аллаға ант еттім, осы қаламның еркін, енді сенің билігіңе бердім, — деді.

Бұл бұхара бұзықтары мен баскесерлерінің ең жоғарғы анты болатын. Бұл антты бұзуға олардың бір де-бірінің батылы барған емес.

Өгіз ұзын мұрттың кеңірдегін босатып, орнынан тұрды да, ұзын мұрттың қолынан тартып, оның да орнынан тұруына көмектесті.

Ұзын мұрт қызараңдап, жан-жағына жалақтап қараумен тұрғанда, Өгіз өз қалтасынан баяғы бес теңгені алып:

— Мә, егер өкінішті болмасаң мына өзіңнің ақшаңды қайтып ал, — деді ұзын мұртқа.

— Мен өкінішті емеспін! — деді ол Өгіздің қолынан алып жатып.

Бұдан соң үшеуміз Мир Арабқа көңілді қайттық.

ФАЙЗАБАДТАҒЫ СЕРУЕН

Ол кездерде Бұхарада Жаңа жылды ерекше қарсы алатын. Әдеттегі Жаңа жыл 22 мартта келсе, толық жыл 21 марттан есептелуші еді.

Бұл күндері Әмірдің Арктегі сарайында мұсылманның дін басшылары жыйналып, салтанатпен құдайға құлшылық етіп, намаз оқйтын. Сонымен қатар, олар ешнәрсе-нің бетіне қарамастан алуан түрлі тамақтар әзірлеп бірін-бірі қонаққа шақыратын, құрбандықтар шалып, жақсы-жақсы сыйлықтар әзірлейтін. Осыдан кейін көп күнге созылған мейрам басталатын да, тұс-тұстан сырнай, керней шалған халық қаланы басына көтеріп, серуен құратын. Сол бір топтың арасында ешбір сүйеніші жоқ қаңғыбас артистер мен маскарапаздар да жүретін еді. Саудагерлердің әртүрлі заттар сататын дүкендерінің саудасы да мейлінше қыза түсетін, палуандар күрестері болып жататын, осы кездерде Бұхараның атакты адамдарынан құралған салтанаттылар тобы сән-салтанат құрып, көшелерге шығатын.

Халық бұл мерекені Жаңа жыл келуден көп бұрын, Наурыз айынан, яғни 20 февралдан бастап-ақ тойлауға кірісуші еді. Бұхараның адамдары сол күннен бастап әр-

бір жұма сайын қаланың сыртындағы Файзабадқа барып, серуендеп көңіл көтеріп қайтатын.

Файзабад қыстағы Бұхараның солтүстік-шығыс жағында бір километр жерде еді. Бұл қыстақтың тұрған жерінде су деген көп-ақ, өзі бау-бақшаға бөленген жер көк-орай шалғын майса болатын. Қазір қала маңындағы осы қыстақта «Просвещение» деген колхоз бар, ол жыл сайын өсіп, өркендеп келеді.

Серуенге өте-мөте халық көп жыйналатын екінші жұма күні біз Файзабадқа бардық.

Қаладан, төңіректегі қыстақтардан топ-топ адамдар Файзабадқа қарай ағылып кетіп жатыр. Біздің тобымыздағы адамдар оншалық көп те емес, Өгіз, Пирак, Савти Хожжа молда, Зайниддин Хожжа, ағайым Мұхиддин және мен, барлығымыз осы еді.

Өгіз серуенге шайнек, екі кесе мен көрпе ала шыққан. Көрпені Пирак көтерді, ал мен шайнек пен кеселерді алып жүрдім.

Таңертеңгі сағат тоғызда қала қақпасынан шықтық.

Осы арадан шығысқа қарай Бахауиддин Нақышбенттің зиратына баратын кең жол басталатын, сондықтан да қаланың бұл қақпалары зират қақпалары деп аталып кеткен. Бұларды ерте заманда Сулы қақпалар деп атаған, өйткені Шахруд каналы қалаға қарай осы арадан ағып өтетін.

Біз Файзабадқа баратын жалғыз аяқ жолға бұрылып, Ысқақ Қалабоди Хожаның зираты жанынан өткенімізде қарсы алдымыздан үш жақтан зират дуалдарымен қоршалған алаң, ал солтүстігімізден қала төңірегіндегі гүл бақшалардың биіктеу жерге өсірген гүлдері көрінді.

Алаңда құрап қалған бірнеше қарағаш, олардың айналасында адамдар отырып, шай ішуге болатын балшықтан салған сәкілер, сонымен қатар, алдында ұзынша етіп сәкі орнатқан шағын ғана бір үй тұр. Мұнда ана жерде де, мына жерде де адамдар шай ішіп отыр. Өгіз бізге, алаңның шетіндегі сәкінің біріне отырындар, деп көрсетті. Шайханашы бізге бір шайнек шай мен кеселер әкеп берді де:

— Сіздерге наша берейік пе? — деп сұрады.

— Керегі жоқ! — деп Өгіз қысқа жауап берді.

Біз шай ішіп отырып төңірегіміздегі адамдарға қадала қараумен болдық.

Ұзын сәкінің үстіне біраз қайыршы дәруіштер орналасыпты, олар ежелгі дағдылары бойынша жексембі, бейсембі күндері үлкен бір топқа бөлініп алып, қаланы аралап жүріп, дәруіштік зікір салатын, сөйтіп өздерінің «Қасиетті» тостағандарын қолдарына ұстап, қайыр, садақа жыйнайтын еді.

Бүгінгі мына ұзын сәкі үстіне отырғандар қайыршы дәруіштердің басшылары болатын. Бұлар белдеріне кілем тәрізді тоқыған ала белбеу буынып, ескілікті әдетпен, аштық сезімін жоятын, бақыт тасын қойындарына салып жүретін.

Дәруіштердің үстеріне киген киімдері де өрім-өрім екен. Мұндай алба-жұлба киімдерді оларға дәруіштердің Самарқандағы пір деп аталатын басшылары беруші еді. Мұндай өрім-өрім киімді өзінің басшысына үлкен сыйлық бермеген бір де қайыршы киюге хақы жоқ еді. Ал бастығына беретін тарту көп шығынға түсетін. Қайыршыларға сол өрім-өрімі шыққан киімдерден бөлек самарқандағы пірдің беретін тағы да төрт бурышты қалпағы бар еді, сол қалпақ үшін де олардан көптеген ақша алатын.

Дәруіштердің алдарында қайыр-садақа салатын «қасиетті» тостағандарымен қатар қалпақтары да жатыр. Жарынан айрылып, қолаң шашын жайып салып, қайғырып отырған әйелдердің шаштарындай ұзын, бірақ умаждалып қалған шаштары жалаң бастарынан салбырап тұр, әрқайсысының жанында жуан, үшкір асалары жатыр.

Бұлардың қастарында салпаң кұлақ екі ит бар. Ол екеуі үшкір тұмсықтарын алдыңғы аяқтарының үстіне қойып, кірпік қақпастан иелеріне қадала қарап, ұзыннан созылып жатыр, тіпті бұлк етер емес, сырттан карағанда тамаша шебер салған жансыз ит нұсқалары сыяқты.

Қайыршылардың ішінде сәнді киінген бірнеше жастары да отыр, қайыршылар олармен бірденелер жайында қызу әңгімелесіп қояды. Бұл жас жігіттердің жарқыраған көздерінен олардың қабілетті ақыл иелері екені айтпай-ақ көрініп тұр.

Басқа сәкілерде бір медресенің қарапайым шәкірттері отыр. Одан басқа отырғандар Бухараның даңқты адамдарының, көнестерінің, қолөнершілер мен саудагерлерінің балалары екен.

Біз бір шайнек шай ішіп болмай-ақ шай тасып жүрген адам қайыршыларға наша салған түтік әкелді. Жаңғақ

ағашынан жасалған бұл түтік су күйылған қадағы бар кәдімгі қорқор сыяқты екен, алайда түтін шығатын түтігі жуанырақ, өзінің жалпы нұскасы жұмыр екен. Темекі салатын тостағаны балшықтан жасалған, әдеттегіден онша үлкен де емес.

Шай тасушы жаңағы балшықтан жасалған тостағанды бірденемен толтырды да, оның үстіне жалындаған шөк салып, түтін келетін қамысынан бір-екі рет сорып-сорып жіберді.

Шай тасушы осылай етіп, балшық тостағанға салынған нәрсені үрлеп тұтатып, жаңа киім киген елу жастарға келіп қалған қайыршылардың басшысына берді. Басшы қорқорды қолына алғанда манадан тырп етпей жатқан иттер тыпыршып, жүндері үрпиіп кетті, дегенмен өздері жатқан орындарынан қозғалған жоқ.

— Наша тарту басталды, — деді Өгіз.

Басшы түтікті бір-екі рет сорды да, иттерге күлімсірей қарап, қайыршылардың ежелгі үніне салып:

— Ах... Дос... Илла-алла! Біздің басшымыз есуас нашашы! — деп айқай салды.

Иттер тып-тыныш жата берді. Тек басшының күлімдей қарағанына жауап беріп, күйрықтарын бұлғаңдатып қойды.

Басшы бұдан соң:

— О, ақ сөйлейтін айуандар, бері келіндер, — деп лепіре бастады.

Мұны естіген иттер орындарынан атып тұрып, басшының жанына жетіп барды. Сөйтті де, олар қатар тұрып, алдыңғы аяқтарын сәкіге қойып, ауыздарын ашып, басшыдан көздерін алмастан мелшиіп қарап қалды.

Басшы түтін шығатын екінші булықты саусағымен бітеді де, өзі қамыс шыбық жағынан тағы да екі-үш рет сорып, нашаны бұрынғыдан да қатты жалындата тұтаты. Сөйтіп, түтік іші қою түтінге лық толған кезде иттердің біреуінің аузына саусағымен басып тұрған булықты тақап, өзі қамыс шыбық жағынан түтінді үрледі. Сол сәтте түтік ішінен булық арқылы будақтап шыққан түтін иттің аузына енді, ит шіміркпестен бұрқыраған түтінді рақаттана жұта бастады. Осындай әдіспен басшы екінші итке де шылым тартқызды.

Екі ит те шылым тартып болған соң қайтадан өз орындарына барып жатты.

Шай тасушы қорқорды тазартты да оған жаңадан

наша салып тұтатып басқа қайыршылар мен сәнді киінген жас жігіттерге ұсынды.

Наша тартқандар қыза сөйлеп, даурыға бастады. Қайыршылардың, олармен әңгімелесіп отырған жас жігіттердің:

— Шындық! — деп айқайлаған дауыстары қатты естіліп жатыр.

— Дос... — деседі.

Иттер де қуанышты еркелеп, қожаларының көңілді әңгімелеріне қосылғандай болды.

Осы кезде шай тасушының тағы біреуі қорқорды тартуға әзірлеп шай ішіп, өзара сөйлесіп отырған басқа адамдарды аралай бастады.

Олардың арасынан да жолдастары ұрсып, мазақтағандарына бой бермей, шылым тартқысы келген көптеген адамдар табылып жатыр.

Сөйтіп, шай тасушылар қорқорларына әлденеше рет наша салып қайтып әкеп берді.

Біз келісімен қорқор тартудан бастартсақ та, шай тасушы келіп, тартыңыздар деп ұсынды.

Өгіз басын шайқап, тағы да қарсылық білдірді.

Хамит Хожа Өгізден:

— Біз бұрын шылым тартып көрген емеспіз. Бірақ сіздің бұдан тәжірибеңіз бар ғой. Сіз тіпті пиязды да құрт орнына жеген едіңіз. Енді неге тартпайсыз? — деп сұрады.

Өгіз қабағын шытып, оның бетіндегі ежелгі күлімсіреген белгі де жоқ болып кетті.

— Сіздің ойыңызша шылымды бекершілікпен сенделгендердің қауымында рақат көрейін деп тартты дейсіз бе? Жоқ!

Шайды бірнеше рет ұрттады да:

— Жоқ! Ол есуастар мені жеңіп, мазақтап күлгісі келді. Ал мен олардың алдында маскара болғым келмеді, олардан кем түспейін деп ұсыныстарын қабылдадым. Мырзалардың бәрі де естерінен танды, мен мас болмадым. Ақырында олардың өздерін мазақ еттім.

Қайыршылар наша шегуді тоқтатпады, иттерге де екінші реттен шеккізді. Гуілдесіп сөйлескен дауыстары да барған сайын қатты шықты. Орталарындағы жас жігіттер үстеріндегі киімдерін жұлмалап жыртып, біресе, күледі, біресе жылайды, бастары ауған жаққа теңселіп, бұлғақ-бұлғақ етеді.

Итгер болса орындарына қайтып барып жатты да ұйқтап кетті.

Өгіз былай деді:

— Мыналар, Бахауиддин, тағы басқа әулие, аруақтарымен кұдайдың атын атап, аптасына өкі рет қаланы аралап жүріп, мұсылмандардан қайыр-садақа жыйнаушылар. Көрдіндер ме? Сол қайыр-садақалар қайда жұмсалады екен? Бұған қандай аруақ қуансын. Бұл сұмырайлар өздері бұзылғандарымен қоймай басқаларды да арандатады. Қарандар, анау жас жігіттерді өздерінің торларына түсіріп те үлгірді. Егер сол жастар іспен шұғылданса, нағыз шебер адамдар болар еді. Ал енді бұлардың сәттілікке ұшырағандары қайыршылардың «Қасиеттілері» ғана бола алады. Сәті келмесе Әмірдің дарға асылып тұрғанын ғана көресін. Мыналар ит екеш, итті де жан түршігерлік нәрсеге баулуда.

Осынша ұзақ сөйлегеннен Өгіздің тамағы да кеуіп кетті.

Ол тағы да бір-екі рет шай ұрттады да сөйлей берді:

— Мен сіздерді осында әдейі ертіп келдім. Ондағы ойым мына «Қасиеттілердің» жұрт алдында қандай екенін өз көздерімен көрсін дедім. Ал бұлардың түнгі құпия әрекеттері мұнан да қорқынышты. Ана ұзын-ұзын жуан асалар — осылардың қаруы. Мына қайыршылардың көпшілігі мұсылмандардың өз еріктерімен бергендерін қанағат етпейді. Бұлар түнде қаланың шетіне шығып, кеш қалған адамдарды аңдыйды. Егер түнде кездескендер қарсылық көрсететін болса, ондай адамдарға мына асаларының өткір ұштарын сұғып та алады. Бұлар мұнда жұрттың көз алдарында әлденіп, наша тартқанып отыр ғой. Түнде апыйын тартатын жерде бұлардың не істейтіндерін көрсең, өз көзіңе өзің сенбейсің, масқара, ұят. Егер сол арада бұларды адал ниетті адам көретін болса ешқайсысын да тірі қалдырмас еді.

Қайыршылардың әңгімелері қыза түсті. Олар туралы біздің сөзіміз таусылды. Біз кетуге ыңғайландық. Шайдың ақшасын төлеу үшін барлығымыз да қалталарымыздағы ақшамызға қол сала бастадық. Бірақ, Өгіз бәрімізді де тоқтатып:

— Бүгін шайға ақшаны мен төлеймін! — деді.

Ол бұл сөзді анық, айқын етіп айтты, сондықтан ешкім, ештеңе дей алған жоқ.

Біз одан әрі серуенге кеттік.

* * *

Жалғыз аяқ жол шеттеріндегі жағалай құлпырған бау мен зират көлеңкелерінің таса жерлеріне нағыз қарташылар мен құмарпаздар асық, шар жаңғақ ойнаушылар жыйналыпты. Оларды биік дуалдың қабырғалары жұрт көздерінен қалқалап тұр.

Біз ақыр аяғында Файзабад мешіті жанындағы серуенге де келіп жеттік. Мұнда саудагерлер тоқаш нан, ет, мейіз, өржік, қуырылған бұршақ, жеуге жарайтынның бәрін де сатып алып жеуде. Олар түреген тұрып та, жүресінен отырып та, дуалдарға сүйеніп тұрып та тамақтанып жатыр.

Шай сатушылар мешіт ауласындағы бос жерге алаша төсеп тастаған, сөйтіп, бұл жерлер де шайханаға айналды, адамдар топтана отырып өзара кеңес құрып, шай ішіп отыр.

Хамит Хожа осы жерден қослайлы орын тауып, шай ішелік, — деп еді, оның бұл сөзіне Өгіз келіспей:

— Нағыз серуен әлі алда. Әрі баралық! Егер шай ішкіміз келсе шайнегіміз бар ғой, өзіміз қайнатып ішерміз, — деп көнбеді.

Біз осы арадан жейтін бірдеңелер сатып алдық та, қарсы алдымыздағы жырттылып қойылған жерді төтесінен басып өтіп, мешіттің солтүстігіне қарай беталдық.

Бұхарада көктем Самарқанға қарағанда екі апта ерте шығады. Жана жылға әлі он бес күн қалғанына қарамастан бидай, күздік арпа, жоньшқа сыяқты егіндер жерден төрт елі жоғары көтеріліп қалыпты.

Бастаулар мен арық жағалауларын, көктемнің барлық ылғалы баратын жер беттерін жайқалған көк шөп басып кеткен. Жер бетін жасыруға жарап қалған көк майса Жана жылды қарсы алу үшін әдейі төселген үлпілдек, жұп-жұмсақ жасыл масаты сыяқты.

Жас шөптердің әрі салқын, әрі таза хош иісі бойды сергітіп қуанышқа бөлегендей. Жұпар иісі анжыған таза ауамен демалу ғана емес, тіпті оны сіміре, жұта бергің келеді.

Ақ, сарғылт, көгілдір бұлттар аспанның мөлдір түсін кенет өзгертіп, жер бетіндегі көктемнің жайнаған әлеміне көлеңкесін түсіре, биік әуеде ақырындап көшіп барады.

Балалар қолдарына асыранды қарғалары мен қырғыйларын ұстап, ең далада шуласып, айқайласып, асыр салып ойнап жүр. Құстар өз иелері берген әртүрлі белгілерге назар аударады.

Кейбіреулері құсының аяғына жіп байлап, кімнің құсы алысқа ұшар екен, кімнің жібі ұзын тарқатылар екен, деп құсын басқалармен жарыстырады. Ұшудан қанаты талған құстар иелерінің қолдарына қайта айналып қонып жатыр. Бұл жарыста аспандап биікке ұшып, ауада көпке дейін жүрген құс озған боп саналады.

Жапалақ ойыны мүлде өзгеше екен: жұртшылық құстан жүз қадамдай жерде қаз-қатар тұрады. Жапалақ иесінің қолында отырып, айнала көпшілікке қарап, солардың қыймылын аңдйды. Егер көптің ішінен біреу оған ақша көрсетсе-ақ болғаны, жапалақ ол адамға тура ұшып барып, ақшаны тұмсығымен тістеп алып, оны иесінің алақанына әкеліп салады. Мұнан кейін жапалақ сол қызмет ақысына қашан пісте бергенге дейін иесінің алақанын ақырын ғана шұқумен болады. Иесі оның ақысын бергеннен соң ғана барып ол жаңадан ақша шығарылуын күтіп, жұртшылықты қайтадан аңдй бастайды.

* *
*

Біз солтүстікке қарай жүріп отырып, адамдардан едәуір ұзақ кеттік.

Сөйтіп, бір жайқалған жоңышқа үстіне көрпемізді төседік те, үстіне отыра қап шай ішіп, тамақтана бастадық.

Шайнектегі шайымыз таусылысымен, Пирак жүгіріп барып шайханадан тағы да шай әкеліп тұрды.

Бұдан соң біз де калың көк шөптің үстіне аунап жатып алдық. Тек Хамит Хожа мен Зайниддин Хожа ғана жатпай, бубен орнына жалпақ табақтарды қағып ғазел айтып отырды. Олардың өлеңдері көктемгі салқын самалға ұласып, біздің көңілімізді көтеріп, шаттандыра түсті.

Жоңышқаның шетінде жастар белбеуден қарғу ойынын бастаған кезде де бұлар өлеңдерін айта берді. Екі жас жігіт ұзындығы үш метр белбеуді алды да, оны жіпше есіп, тізелерінің тұсынан кере ұстады.

Басқа жастар осы керілген белбеуден қарғып өтіп жатыр.

Мұнан кейін белбеу қарғып жетіп, керіліп биіктетілді.

Жастардың көпшілігі мұнан да қарғып өтті, бірақ екеуі сүрініп барып жерге құлады.

Үшінші рет белдік кеудеге дейін көтерілді.

Бұл жолы ойынға қатысушылардың жартысы ғана жоғары көтерілген белбеуден қарғып өтуге жарады.

Белбеу ныққа дейін биіктетілгенде одан ешкім де қарғып өте алмады.

Бұл кезде осы ойынды көруге көптеген адамдар жыйналып та қалды.

Өгіз шалқасынан түсіп, қарғушыларға қарап жатыр.

Ол мынадай биіктіктен ешкім қарғып алмағанын көрген соң орнынан тұрды да, белбеу ұстап тұрған жастардың қасына келіп, белбеулеріңізді нықтарыңыздан да жоғарырақ ұстаңыздаршы, деп өтінді.

Өгіздің сөзін естіген жұртшылық, таң қалып осындай жуан, денесі ауыр адам мынадай биіктіктен қарғып ала ма деп керісе бастады. Көпшілігі қарғып алмас, сүрініп жығылар деген қорытындыға келді.

Өгіз елу қадамдай шегініңкіреп, жүгіріп келіп секіргенде, белбеуден әлдеқайда жоғары, оны ұстап тұрған жас жігіттердің басы мөлшеріндегі биіктіктен жеп-жеңіл ырғып өтіп, қосаяқтап барып жерге дік өте түсті. Мұны көрген жұрт шаттанып, таңқалды.

Осы кезде ұзын бойлы бір адам топтан шықты да:

— Мына балалардың бойлары тым аласа екен. Бойларың маған теңдес біреуің шығындаршы. Белбеуді біз керіп көрелік. Егер Махдум Өгіз бұдан да қарғып өтсе, біз өзіміздің жеңілгендігімізді мойындайық, — деді.

Оған серік болуға ұзын бойлы жас жігіт шықты.

Олар белдікті нықтарынан келтіріп ұстады.

Өгіз іркілместен қарғып өтті.

Белбеу керушілер енді бастарына дейін керіп тұрды.

Өгіз мұнан да секіріп кетті.

Енді белбеуді бастарынан да жоғары көтеріп ұстады.

Өгіз бұл жолы да ешбір қыйналмастан жеп-жеңіл қарғып өте шықты.

Бұл сынға жұртшылық бастапқы кезде демдерін ішіне тартып, таңдана қараса да, бара-бара шаттанып, айқайлап, құттықтаумен болды.

Қарғудан кейін жарыс басталды.

Бұл жарысқа бес адам қатысты, Өгіз соның ішіндегі озып келгенімен жарыспақ болды.

Жарыс жолының ұзындығы мың кадамға дейін ұзар-
тылды.

Өгіз бұл жарыста өзімен бәйгіге қосылған адамнан
жүз отыз кадам үздік шығып озып келді.

Жарыстан кейін күрес басталды.

Жұртшылық Гала Осиехтің палуандары Мазар Ба-
хауиддин қыстағының адамдарымен күреседі деп келісті.

Қаладан келгендер жарыста қай жақ әлсіз болса, сол
жағына көмектеспек болды.

Жыйналған жұрт күрес алаңын босатып, өздері жер-
ге айнала отырды.

Әуелі күрес алаңына жас палуандар шықты. Олар
бір-бірімен ұзақ күш сынасты.

Мұнан кейін тәжрибелі палуандар шыға бастады.

Ақыр аяғында даңқты палуандарға да кезек тиді.

Күрес нәтижесінде бахауиддиндіктер жеңіп шықты,
сондықтан келісім бойынша қала адамдары Гала осиех-
тіктерге көмектесетін болды.

Сонда да бахауиддиндіктер бәрібір жеңілмеді, олар-
дың бес палуаны күреске шыққандардың бәрін түгел
жықты.

Мұнан кейін Өгіз жаңағы жеңуші бес палуанға жал-
ғыз өзі қарсы шықты да, кезекпе-кезек бесеуін де алып
ұрып, күлімсіреп келіп, қайтадан орнына отырды.

Өгіз демін алып болмай-ақ үш жақтың да өкілі ке-
ліп, онымен жыйырма жастағы жігіт Рустамның күрескі-
сі келетінін айтты.

Өгіз Рустаммен күресуден бас тартып:

— Оның жасы жыйырма да ғана. Баламен күресе ал-
маймын, — деді.

Бірақ келген өкілдер Өгізді қояр да қоймай күресуге
келістірді.

Әйтеуір, ақырында күресуге ризалық білдірді:

— Жарайды. Өзінің күшін көрсете қойсын! — деп жа-
уап берді.

Рустам ортаға шықты. Ол жастығы былай тұрсын,
тіпті бойы да аласа, өзі болса ап-арық. Түріне қарап,
оны жыйырма жаста деп ешкім де айта алмайды.

Өгіз өз күшінен өзі ұялғандай, ақырын басып Рустам-
мен күреске шықты. Ұстаса кеткен жерден-ақ оны алып
ұруға әрекеттенді. Бірақ, бұл әрекетінен ештеңе шықпа-
ды. Екеуі де түрлі әдіс-айлаларды қолданып бірін-бірі
алып ұру әрекетінде, дегенмен ештеңе шығар емес. Бара-

бара Рустам шаршағандай болды. Оның демалуы жиіленіп, ауырлай бастады.

Ақыр аяғында күресті басқарушы адамдар палуандарды ажыратты. Достық ишаратпен әрқайсының қолдарын қысып, ризалық білдірді де орын-орындарына апарып отырғызды.

Осымен күрес те бітіп, жұртшылық жай-жайларына тарасты.

Пирак екеуміз кеселер мен көрпені, шайнекті жыйнастырып, қайтпақ болып жатқанымызла Рустам өзінің басшысымен біздің қасымызда тұрған Өгізге келіп оның қолын қатты қысып:

— Махдум ағай! Сіз маған туыскандық мейірім білдірдіңіз. Сізге өзімнің тең келе алмайтындығымды белдескен жерде-ақ ұқтым. Сізбен күреспек болғаным балалық екен. Әрине, сіз мені оп-оңай көтеріп алып, жерге алып ұрған болар едіңіз! Бірақ мен өзімнің осы қатемді соңынан байқадым. Мені жыға алмағандығыңызды жақсы түсіндім және оған ешбір шүбәм болмады. Ал, сіз болсаңыз мені аядыңыз. Менің абройымды төккіңіз келмеді. Сізге өмір бойынша қарыздармын, — деді.

— Сен әлі де көп жаттығуың керек! Күшім бар деп тәкаппарлық жасама. Сонда ғана тамаша палуан боласың. Ең бастысы тәкаппарланба, дандайсыма. Мақтанып, дандайсысаң ештеңе шықпайды!

Біз Бұхараға қайттық.

ТҮРАБ МОЛДАНЫҢ АЯҚКИМІ

Тұраб молда әлді-ауқатты шаруаның жалғыз баласы болатын. Ол ата-анасы қайтыс болғаннан кейін жерін, үйін, малын сатып, Мир Арабтан медресе сатып алған еді. Оған дейін Тұраб молда екі жыл бойы түрлі медреселерде тентіреп жүрді, жекеменшігіне құжра сатып алғаннан кейін, енді шәкірт болып жайбарақат өмір сүруге болар деп ойлады.

Бір жылы жазда ол бірге оқыйтын серіктерімен Самарқанға барды. Оған қала өте ұнады, сонымен қатар, көптеген достары мен таныстарына кездесті.

Сол кезден бастап, Бұхараның сасық иісі жалықтырса-ақ болғаны, таза ауа жұтып қайту үшін Самарқанға барып тұратын болды. Осы сапарларында орыс тілін білу-

дің хажеттігін сезеді. Ол орыс сөздерін жазып ала бастайды, ол үшін арнаулы дәптер әзірлеп, орыс тілінің қатарына тәжікше аудармасын да жазып қойып жүрді. Осы сөздік сапарға шыққан сайын толықтырылып, ұлғая берді.

Тұраб молда бір күні Пираққа өзінің осындай дәптері бар екенін айтады, бұдан соң Пираққа да орыс тілін үйрену керектігі жайында жана ой туады. Сондықтан ол Тұраб молданың дәптеріндегі сөздерді көшіріп жаза бастайды.

Орыс тілін осындай жолмен үйрену, Мир мұғалімдері бірнеше молдалардың қостауымен Тұрабты құдайдан безген, дін бұзар деп айыптап, оны медреседен де қуып шығатын болғаннан кейін барып тоқтайды.

Жаңағы мұғалімдер мен молдалар Тұрабты медреседен қуып шыға алмады, бірақ онымен тыныштала қойған жоқ.

Тұраб Мир Арабтың бас галлареясы алдынан өте бастаса-ақ болғаны, оған қастасқандар:

— Орыс кетіп барады. Орыс! Мұның түрі де нағыз орысқа ұқсайды! — десіп шуласып қалатын болды.

Шынында қара торы келген, қара сақалды, қара көзді Тұраб орыстан гөрі арабқа көбірек ұқсайтын еді.

Бір кезде Тұраб Самарқаннан өзіне жаңа галош сатып алып қайтты. Сөйтіп, ол жауынды күндердің бірінде жаңағы галошын аяғына киіп, медресенің ауласына шығады. Молдалар мен мұғалімдер мұны көре сала:

— Ананы қараңдар! Дыбысы шықпайтын мұндай аяқкиім кімге керек? Ондай өз дыбысын білдірмей жүретін кім? Әрине, түнгі қаракшылар! — деп ұлардай шуласып қалады.

Бұл өсек ұйтқып үсті-үстіне жамалып, жанарып, өрлеп-өрши береді. Тұрабтың жүріс-тұрысынан, мінез-құлқынан ұрыға ұқсайтын жаңа белгілер тапқандай өштескен мұғалім, молдалар ыбыр-сыбырды жаңғыртып қоса береді.

Самарқанға оның жиі баратын себебі де ашылды. Тұраб ұрлаған бұйымдарын Самарқанға апарып сатады. Ал Самарқаннан ұрлағандарын Бұқараға әкеледі екен. Ол құжраны да сол ұрлықпен тапқан ақшаларына сатып алыпты! Мұнан екі-ақ жыл бұрын осы Тұраб тақыр кедей емес пе еді, құжра да, бір жапрақ нан да табалмай жүрмейтін бе еді, ал енді дүниеге кенелгенін көрмейсін-

дер ме! Ол ұрлық істемесе бұларды қайдан алады? Әрине, бұл ұрлық ақшалардың күші, деп соғатын болды.

Төрт жүз жыл өмір сүрген Бұхара медресесінің табалдырығын аттауға батылы жеткен Тұраб молданың төңірегінде осындай ылас, жиренішті шаң-тозаң күйіні ұйтқып, үйіріліп, айналып соға береді.

* *

*

Тұраб молда Самарқанға барған келесі сапарында былғары ботинка сатып алып киіп келеді. Оның бұл жаңа ботинкасы аяғын басқан сайын ерекше сықырлайды.

Дыбысы шықпайтын аяқкиім кигені үшін Тұраб молданы бұрын ұры деп атағандар, енді бұрынғыдан да беймазаланып:

— Бұл ботинканың бір құпия сыры болу керек! — деп қаттырақ қобалжый бастайды.

— Орыстар өздерінің құдайының есімін мыс табақшаға жазып қойған. Ал сол табақшаны мына ботинканың ұлтанына салып қоса тіккен. Сондықтан мұны киіп жүргенде орыс құдайының есімі бүкіл Мир Арабқа, бүкіл Бұхараға, жаңағы ботинкені киген адам жүрген жердің бәріне, бүкіл мұсылман әлеміне естіледі! — деп те соғайды.

Кейбіреулер Тұраб молданың шәкірттерін ол мешіттің алдына ботинкесін шешіп кеткен кезде ұрлап алыңдар, деп те үгіттеді. Ботинкені ұрлап алғаннан соң оның ішінде сықырлайтын не екенін көреміз деп ойлады.

— Табақшаны табу керек! Ол табақша біздің қолымызға түспей болмайды! Біз сонда ғана Тұраб молданы жазаға тартқыза аламыз.

Кейбір жібі түзу, оң мен солын ажырата алатындары жөнсіз алаңғасарларды сақтандырып:

— Ал егер табақша табылмаса қайттік? Онда өзіміз маскара боламыз ғой! Ол арыз береді, қолымызда ақталатын ешнәрсе болмайды, сонда біз не бетімізді айтамыз. Бұдан соң оның қайта беделі артады, біз құлдырап төмендейміз, — дейді.

Ақыр аяғында, Тұрабқа өзінің шәкірттерінің бірін жіберелік, ботинкесі неге сықырлайды екен, сол біліп келсін, деп келіседі. Тұрабтың қарапайым адам екендігін бі-

летін молдалар ботинкесінің неге сықырлайтын құпиясын өзі-ақ айтып берер, деп сенеді.

Шәкірттің қойған сұрағына Тұраб: бұл ботинкені тіккен орыс етікшілері емес, мұсылмандар, Қазандағы татарлар, бірақ сол етікші мұсылмандардың ботинке ұлтанына не салып тіккендерін білмеймін, деп жауап береді.

Мир Арабта Қамар молда деген Қазандық татар тұратын.

Бұхараның саудагері Махмұд Хожа Қамарды он жасында Қазаннан Бұхараға алып келген екен. Қамар ересек болғанға дейін пәсір ретінде Махмұд Хожаның үйінде қызмет істейді. Ал Бұхарадағы басқа татарлар осы хатты көшіруші пәсір татармен танысуға да намыстанып, онымен ешбір қарым-қатнас та жасамайтын.

Ал Мир Арабтың мұғалімдері өздерінің шәкірті Қамарды татарлар мен Қазанды былай қойғанда Россияны, тіпті барлық орыстарды егжей-тегжейіне дейін жете білетін тамаша адам деп есептеген.

Тұраб молданың ботинкесінің сықырлауы жөніндегі қыйын мәселені шешу үшін Арабтың молда-ғалымдарының кеңесіне Қамар да шақырылды.

Сол кеңесте Қамар Тұрабтың ботинкесінің Қазанда тігілгені ақыйқат екенін айтады. Бұл жайында ешбір күман жоқ, дейді. Бірақ, ботинкені тіккен татарлар емес, орыстар, өйткені Қазанда орыстар өте көп. Татарлардың тіккен ботинкелері сықырламайды, орыс етікшілері өздері тіккен ботинкелер сықырлап тұруы үшін оның ұлтанының арасына шошқаның жылын салады. Бұған ешбір күман жоқ. Басқа қалаларда тұратын мұсылмандар мұны, әрине білмейді, Қазанда аяқ киімді тек татарлар тігетін болар деп шамалап, шошқаның терісінен тігілген аяқкиімдерді киіп жүре береді. Тұраб молданың ботинкесінің даусы шошқаның қорсылына ұсайтыны да осыдан. Ал Тұраб молда сонда арам айуанның терісінен тігілген ботинкені аяғына киді, онымен ғана қоймай ол медресеміздің хасиетті табалдырығын басты. Бұған ешқандай да күман жоқ! деп соғады.

Мұны естіген молдалар:

— Кұдайсыз, Мир Арабты шошқа терісімен арамдапты ғой! — деп даурықты.

— Шошқа медресе қабырғасына да келгені ме!

— Ол шошқаның арам екенін жақсы түсінеді. Сонда ол ғылым үйін әдейі арамдағысы келген ғой!

Ал Тұраб дінсіз аталып кетермін деген қауыппен, жалпы намаздан ешқашан да қалмайтын. Өзі туралы дәл жоғарыдағыдай әңгіме боп жатқан кезде о да мешітке барып қапты.

Алдын ала Мұғалімдер өшіктіріп қойған Тұрабтың шәкірттері Тұраб молда мешітке келісімен оның ботинкесін көшеге лақтырып жіберді де, Тұрабтың өзін мешіттен итеріп шығарды.

Тұрабтың шәкірттері өз мұғалімін қуып шыққандарын намаздан кейін білген молда ғалымдар:

— Бұл жеткіліксіз! Ботинкенің іші арамдалған. Оны лақтырып тастау аз! Сендер әлі жассындар, тәжірибелерің жоқ, бұл ботинкені қолдарыңмен ұстап құнакар болдыңдар. Мұндай құнаны ұқыпсыздықтан істеген жоксындар, білмегендіктен істедіңдер, сендердің бұл құналарыңды құдайдың өзі көшіреді. Ал енді ботинкені отқа өртеу керек, сонда ғана іс бітеді! — деді.

Осындай уағызды естіген құдайшыл шәкірттер қолдарына қышқаш көсеу алып, Тұраб молданың құжрасына келді де, астан-кестенін шығарды, сөйтіп жүргенде Тұрабтың орыс-тәжік сөздігі дәптерін де тауып алды.

Жанағы шәкірттер арамдалып қалмалық деген қауыппен сөздік дәптерді де Тұрабтың үстінен шешіп алған көйлегіне оралған қалпында, арам деп тапқан басқа заттармен қоса қышқашпен қысып ұстап, шұңқырда лапылдап жанған отқа тастап жіберді, олар түгел жанып күл болғанша сол отты айнала қоршап, анталап қарап тұрды.

Тұраб мұндай уақығадан кейін күні бойы құжрасынан шықпай есігін жауып алып, тырс етпей отырды.

Осыдан соң Тұраб құжрасынан ешкімге көрінбей тұн-де ұрланып шығып, Мир Арабтан бір жолата кетеді.

* *
*

Тұраб молда өсімқор бір адамды тауып, құжрасын он екі мың теңгеге сатты, шынында ол заманға оның құжрасы кемінде он бес мың теңге тұратын еді. Тұраб бұл сауданы Мир Араб бастығы бекітпес, өзі туралы болып жүрген қапқу сөздер мен уақығаларды пайдаланып, құжраны мунан да арзан баға беріп тартып алар деп те қауыптенді.

Сатушы да, сондай-ақ алушы да бұл сауданың сәтті

болуын көздеді. Сондықтан, медресе басшыларының пікірін күтпей-ақ Бұхараның жоғарғы биіне барыпты да, кұжра саудасын сонда растатып алыпты.

Мұнан кейін кұжраны сатып алған адам медресеге келіп, медресе басшыларын қонаққа шақырды, оларға азды-көпті ақша да берді, кұжраны Тұраб молдадан сатып алғандығы жайында документін де көрсетті. Бұл документке жоғарғы бидің мөрі қойылған екен, сондықтан қарсылық жасауға медресе басшыларының батылы да бармапты. Олар кұжра сатып алушыдан ақша алып, оның үстіне қонақ асы жеген соң, көңілдері жай табады.

Содан бастап, кұжра сату қандай да болмасын қышыншылыққа ұшырайтын болса, бұл сауданы Жоғарғы сотта растайтын болды. Медресе басшыларының пікірімен санаспай, оларды елемей, орағытып өту сыяқты бұрын-соңды болып көрмеген мұндай әдіс медресе басшыларын Тұрабқа бұрынғыдан да жаман өштестірді. Өйткені ерте заманнан қалыптасып, орын тепкен медресе басшылары пікірімен санаспау әдісін бірінші рет қолданып, іс жүзіне асырған осы Тұраб болатын.

Осындай сапырылысқан алай-дүлей уақытқа кезінде сықырлайтын ботинкелерде шошқа қылы бары не жоғы, етікшілер аяқкиім ұлтанына қандай да болмасын шошқа қылын салатыны не салмайтыны айқындамай қала берді. Өйткені, ол заманда молда ғалымдар да, жасөспірім шәкірттер де біздің бір де біріміз шошқаны да, шошқа қылын да көрген жоқ едік.

Орыс тілін үйрену жайындағы біздің әрекетіміз де осыдан кейін өзінен-өзі аяқсыз қалды.

Тұраб молданың бұл тарихына Абду-Салом молда да, оның табақтастары да қатысқан жоқ. Күндердің бір күнінде Абду-Салом татар Қамарды қонаққа шақырды.

Сол күні Абду-Салом молданың табақтастары түгел келді, ал мен оларға палау әзірледім.

Жыйналғандар түрлі-түрлі әңгімелер қозғады. Ақыр аяғында Абду-Салом сөздің бағытын Тұраб молданың ботинкесі туралы уақытқа бұрды.

— Мен Россиядан Бұхараға бала шағымда келдім. Ал шошқаны көргенім бар, бірақ оның сондай қатты қылы бола ма, жоқ па, білмеймін. Орыс етікшілері аяқкиім ұлтанына шошқа қылын салатындығы жайында әңгімені маған бір кезде Қазанда тұратын қарт молдалар

айтқан болатын. Мен ол кезде бала едім, дегенмен молданың осы сөзі есімде қалыпты, — деді Қамар.

Осы жыйында Қамар таяуда Бұхараның аяккіім саудагерінен сұрағандығын, оның аяккіімге шошқа қылын салмайды, тіпті оны салса да сықырламайды деп түсінік бергенін мойындады. Ұлтаны спиртке малынған ботинкелер ғана сықырлайтынына сонда көзі жетіпті.

— Маған бәрібір, — деді Қамар Бұхара алаяқтарының бейқам даусына салып, — ант атқыр ботинкеде сықырлаған шошқаның қылы ма, әлде спирт пе, онда менің шаруам жоқ. Мұсылмандарға оның қай-қайсысы болса да арам. Мен молдаларға өтірік айтқам жоқ, өз құлағыммен естігенімді айттым. Осының салдарынан туған қып-қызыл шатақты көрдім, Тұрабтың құжрасы сатылғаннан кейін медресе басшыларымен тойға бірге барып қонақ болдым. Бөлісте екі тенге ақша да алдым!

Бұған дейін Қамар медресе басшыларының құрамында жоқ еді, осы мезгілден бастап о да солардың тооына қосылды.

А И Д Ы Ң Т Ұ Т Ы Л У Ы

Бір күні кешке қарай ежелгі дағды бойынша шәкірттер мен оқытушылар топ-топ болып, Мир Арабтың бас галлерейасының ішкі үлкен қақпасы жанында отыр еді, кеше жақтан ұзын бойлы бір адам кіріп келді.

Бұл адамның бойының ұзындығы сонша, үстіне киген банорас шапаны шолтыйып, тізесінен-ақ келіп тұр. Егер бұл шапанды тіпті бойшаң адам кие қалғанның өзінде оның етегі шұбатылып жерге тиіп жүруі мүмкін еді.

Келген адамның келбеті, дене құрлысы соншалық сымбатты болғандықтан оның бойының ұзындығы оншалық көзге түсіп тұрған жоқ. Бұл адамды бірінші рет көргендер орта бойлы адам екен деп қалуы да мүмкін еді. Оның ұзын мойны етті, толық келген де, басы шамадан тыс үлкен екен. Сірә, соншалықты зор басының салмағы оның мойнына едәуір ауырлық түсіріп тұратын сыяқты. Жүрген кезде басының салмағын екі жаққа тең түсірейін дегендей мойнын біртүрлі бұлғақ-бұлғақ еткізіп, адам таң қаларлықтай пішінде жүреді екен.

Бұл адамның жасы алпыстан әлдеқашан-ақ асып кетсе де, дөңгеленген қараторы бетінде әжімнің белгісі мүл-

дә жоқ деуге де болады. Әдемілеп қырқылған шағын сақалының ағарған талдары басым сыяқты көрінді. Ол орыс қамысынан жасалған таяғын қолына ұстап, соған сүйеніп жүріп барады. Сол таяқ оның ерекше ұзын бойын аласа етіп көрсеткендей. Таяққа сүйенгендіктен бе, әйтеуір аздап бүкірейген тәрізді.

Ол аяғын салмақтай басып, медресенің ауласынан өтті.

Жаңағы адам келгенде кіреберісте отырған медресе басшылары мен мұғалімдер орындарынан тұрып, құрметпен сәлем берді.

Бірақ әлгі адам басшылар мен мұғалімдерге көзінің қырын да салған жоқ, сәлемдерін де алмастан, тек басын ғана изеген болды. Ал оның бұл қайтарған жауабының өзі де белгісіздеу еді, тіпті сәлемге жауап емес, басының ауырлығынан өзінің ежелгі бұлғақтауы болуы да мүмкін.

Ол аула арқылы өтіп кеткен соң басшылар қайтадан орындарына отырды да, өзара сыбырласып, келген адам туралы:

— Тағы келді! Енді құжрасына кіріп алып, түні бойы жын-шайтандармен сөйлеседі, сөйтіп, ертең шәкірттерді адал жолдан тайдыру мақсатын көздеп, өзінің түні бойы жын-шайтанмен сөйлескендерінің бірін қалдырмай айтумен болады, — деп өсек айта бастады.

— Бұл айдың не күннің қашан тұтылатынын білетін адам құсап жүреді, осыны болжап айтқысы келеді.

Отырғандардың бәрі де ду күлді.

— Бұны тек бір құдай біліп, болжай алады! Мына бақытсыз неме өзін құдаймен теңегісі келеді!

— Е, құдай өзін көшіре гөр! Мынау ма, бұл өзі құдайсыз болып, діннен безгенімен тұрмай, тіпті Фиравн, Намруд, Шаддад құсап құдайды өз қолымен жасағысы келіп жүрген біреу ғой.

— Әмір мен Жоғарғы бидің төзіп жүргеніне таңқалам, олар шариғаттың бір парызын білмеген адамдарға жаза береді, әйтпесе отыз тоғыз қамшы дуре соғады. Салықты толық өтемегені үшін адамдарды өлтіреді. Сондықтан сыйыпбаймын деп ойын ашық айтып жүрген мынадай адамға ешкім ләм деп аузын ашпайды. Тіпті оған ғалым құсатып банорас шапанын да беріп қойыпты!

Әмір мен Жоғарғы соттың аттары аталғанда әңгімелесушілер бұрынғыдай даурықпай жаймен сөйлей баста-

ды. Езулерінен күлімсіреген белгілері де жоғалып, жүздерінде бұрынғыдай таңқалу мен ызаның ізі де жоғалды. Сөздерінің жігі ашылғандай, қыюы кетті.

Ақыр аяғында қарт молда былай деді:

— Мемлекет пайдасын мемлекет басшыларының өздері біледі. Сіздер шарифат парызын білмеушілерді жазалауды айтасыздар. Шарифатқа ондай жазалау қайшы келмейді. Ислам дінін қорғап тұрған старшиналардың қамшылары мен Әмірдің қылышы екені шын! Өйтпейінше барлық нағандар ақиқат жолынан тайып, құдайсыздар жолына түсіп кеткен болар еді. Аюға намаз үйреткен таяқ деп бекер айтылмаған. Сіздер, құдайдан безген Ахматке Әмір неге тыйым салмайды, қайта оған көмектесетіні қалай, таңдanasыздар ғой. Мұның өзінен де мемлекетке түсетін пайда бар. Біздің Әмір орыс патшасымен әрқашанда санасады. Ал Ахматтың өнерін орыстар қолдайды. Бұл құдайсыздың өзі Россияға әлденеше рет барып та қайтты. Егер ұлығмыз Әмір Ахматты істеген істері үшін жазаласа, орыстар оған қатты ашуланар еді, ондай көңілсіздіктің ақыры барып, еліміздің ішіне бүлік салған болар еді. Ахматтың өзі християн дініне қосылды деген де лақап бар. Әзірге жүре тұрсын, өлгеннен кейін ол өзінің кәпірлерімен бірге тозаққа түседі. Тозақтан оған әлдеқашан орын әзірленген. Ал мұнда мемлекет пайдасын көздегендіктен-ақ оған әзірге тимей, орыстардың көңілін аулап жүре беру керек.

Тұрабтың аяғынан галош пен ботинкесін көргенде ұлардай шулаған медресе басшылары Бұхара ғалымының жолынан орыстың таяғын көргенде үндей алмай қалу себептерін осы әңгімелерден кейін ұқтық. Алайда, олардың осындай құдайдан безген адамға соншалықты бас иіп ишарат көрсетіп, жапатармағай сәлем беру себептерін түсіне алмадық.

Әңгіме етіп отырған осы адамымыз тамаша математик, геометрик және астроном Ахмат Махтум Дәниш болатын, жұрт басы тым үлкен болғандықтан оны дәубас Ахмат немесе тәжікше Ахматқалла деп атап кеткен.

Молдалар Ахматтың көз алдында неге сыпайгершілік көрсететіндігің, ал өздері онаша қалғанда өшпенділікпен оны балағаттайтынын, сонынан, тіпті көп уақыт өткеннен кейін білдім. Сонымен қатар, Ахмат өзіне молдалардың берген сәлемдерін неліктен дұрыс қабылдамайтынын да ұқтым.

Сол жылы ма, әлде басқа бір жылы ма, есімде жоқ, өйтеуір ежелгі дағдысы бойынша бір күні кеште Ахмат өз кұжрасына келді.

Ахмат әдеттегісіндей аяғын маң-маң басып ішке кірді. Ол бұл келісінде де Мир Араб басшыларының жалпақтап берген сәлемдеріне жауап та қайтарған жоқ.

Бірақ бұл жолы Ахмат басшылардың жанына келіп тоқтады да, олардың ешқайсысына көз қырын салмастан:

— Бүгін түнде ай тұтылады. Айдың тұтылуы пәлен сағаттан, пәлен минутқа дейін созылады. Көргісі келгендер осы уақытта медресенің төбесіне шығып қарасын, — деді аздап тұттығып сөйлеп.

Осыны айтты да ол әрі қарай жүріп кетті.

Молдалар әбігерленіп, өзара таласа бастады.

Егер бұрын молдалардың дәубас Ахматқа айтқан ызалы жамандауларын естігенде таңданатын болсам, енді бұлардың өсектерін жайбарақат ести алмайтын халге жеттім. Бұл арада өзім де абыржып қалдым. Ахматтың айтқан сөзі меніңше біздің бұрынғы ұғымдарымызға мүлде қайшы келетін сыяқты. Осы күнге дейін айдың тұтылуы адамдардың күнасына құдайдың әдейі жіберген кәрі деп есітуші едім. Егер Ахматтың айтқаны рас болса, онда ол ұлы ғалым болғаны ғой. Олай айдың тұтылуы құдайдың пәлесі емес екен! Осы күнге дейін Ахматты сәуегейлік айтушы деп атағанын естіп келген едім. Егер осы сапар оның айтқаны дұрыс келсе, Ахмат сәуегейлік айтушы емес, онда нағыз астроном болғаны ғой.

Түн болды.

Ахмат айтқан уақыттан бұрын-ақ Мир Арабтың барлық халқы үй төбесіне шықты. Басқалардан мен де қалыспадым. Ахматтың өзі, үй төбесіне жұрттың бәрінен бұрын шықты.

Ол үйдің төбесіне кілем ала шығып төседі де, өзі соның үстіне отырды. Оның қарсысында өзінің күйеу баласы отырды. Бұлардың жанында ішінде балауыз жанған фонары тұр. Фонарьдың алдында ашық сағат жатыр. Ахматтың тізесінде түрлі цифрлар жазылған қағаз ағарып көрінеді. Қызыл сыямен жазылған цифрлардың кейбіреулері қара сыямен өшірілген, ал қағаз шетіне қысқақысқа сөздер де жазылған.

Ахмат біресе цифрларға үніле қарайды, біресе жалт беріп сағатқа көз салады, біресе шайдай ашық бетіне нұр сәулесін жарқырата төгіп тұрған айға қарайды.

— Ә-е — әуеге к-к-қа-ра-ңыз-дар — деді кенет тұтығыңқырап. Шынында да ай беті күңгірттене бастады.

Айдың тұтылуы бірте-бірте ұлғая берді. Мұны қала халқы да түгел көріп, біле бастады. Көшелерде түнгі күзетшілердің қатер төнді деген дауыстары да естіліп жатыр. Аулаларда темір ыдыстар мен қазандарын, мыс подностарын қағып, аллаға жалбарынушылардың даңғыралары да құлаққа келіп жатыр.

Даң-дұң, қаңғыр-күңгір етіп кетті, азан-қазан болды.

Қап-қараңғы болып түнерген аспан, ақырындап қалаға қарай жылжып келе жатқандай көрінді, оның үстіне жерден шыққан мынадай айқай-шу адамды есінен тандырғандай зәресін алып барады.

Мындаған аулалардан шыққан қаңғыр-күңгірлер, ойбайлаған, аттандаған, бақырған дауыстар, жүздеген барабандардың, шелектер мен қазандардың үрейлі дабылы Ахматтың да көңлін бөліп, оның қағазға қарауына мүмкіндік бермеді. Ол әлденеге қызынып, не ызаланғандай езу тартып жүлуде.

— Қазандар мен шелектерін қаншалықты қаңғырлатып, дабыл сала аттандап айқайлағанмен де айдың тұтылуы өз уақытында аяқталады. Пәлен минуттан кейін айдың шеті көріне бастайды. Пәлен минуттан кейін оның жүзі тап-таза болады, — деді.

Ахматтың айтқан минутында айдың шеті біртіндеп көріне бастады. Оның белгілеген минутында айдың тұтылуымен ешқандай із қалмай, аспан бұрынғыдай тап-таза боп кетті.

Ахмат фонарын қолына алды да, үйдің төбесінен бірінші боп жерге түсті. Оның ізінше Ахматтың қағаздары мен кілемін жыйнап алып, күйеу баласы да кетті. Басқа адамдар тағы да Ахматты жамандап, ол туралы өсек айту үшін біраз кейіндеп қалып, сонан олар да төменге түсе бастады. Бірақ олар бұл жолы Ахматты көз байлағыш сыйқыршы деп айыптады. Молдалар болса тас баспалдақтан төмен қарай жайлап түсіп келе жатып, Ахматтың қағаздарында пері, болмаса жын-шайтан дұғалары жазылған десіп күңкілдесті. Олар қатты күрсініп:

— Сол дұғаларға қолы тиіп кеткен адам жоқ болады, — деді.

— Шарифат сыйқырға тыйым салады ғой.

— Ахмат сыяқты құдайсыздар халықты діннің ақ жолынан тайдырады! — деп те соқты.

Ертеңіне сабақ кезінде өзімнің мұғалімім Абду-Салом молдадан:

— Дәубас Ахмат айдың тұтылатындығын қайдан білді екен? — деп сұрадым.

Абду-Салом:

— Адамдар болашақты екі жолмен біледі. Әулие адамдар құдай құпиясын тіршіліктің бәрін жансыздандыру, шапшандық, дұға арқылы біледі. Мұндай болжағыш алдын-ала болжап айтса—бұл таңғажайып нәрсе. Бірақ әулие адамдар өздері білетін құдай құпияларын жасырады, адамға айтпайды. Мұнымен қатар, болашақты жын-шайтан арқылы білетіндер де бар. Олар көз байлау, сыйқырлау көмегімен, осындай жын-шайтан жолы арқылы, сыйқырлы әлемге барады да, сол жерде періштелердің сөздерін тыңдайды. Мұндай болжаудың ешқандай кереметі жоқ, қайта кұна. Ислам дінінде осылай делінген. Ахматтың жын-шайтанмен қарым-қатнасы бар екендігінде ешбір күман жоқ. Ол адамдарға жын-шайтан жолымен білгендерін айтады. Ахматпен әнгімелескендердің бәрі де ақиқат жолдан тайып, перілер қызметшілеріне айналады, — деп жауап қайтарды...

Менің мұғалімім осылай деп үйретті.

* *
*

Бұдан көп уақыт өткен соң бізге Абду-Салом «Шамсияны» (бұл кітап бойынша логика оқытылатын) талдап оқытып жүрген кезде, осы кітаптың ішінен ай жер мен күннің арасына желгенде күн тұтыла бастайды деген мысал кездесті.

Абду-Салом осы мысалды маған әйтеуір түсіндіруге әрекеттенді.

Осы арада мен ай тұтылған кезде Ахмат Доништің алдында көптеген цифрлар жазылған қағаздар болғанын, Ахматтың ай тұтылғанда сол цифрларды анықтап зерттеп тексергенін есіме алып:

— Мұғалім сіз, Ахмат Дониш күннің, жердің және айдың қалай құрылып, қалай орналасуын жете білгендіктен ай мен күннің тұтылуын алдын-ала болжап айт-

қан болар деп, ойламайсыз ба? — деп сұрадым мұғалімнен.

Абду-Салом қабағын қарс жауып, маған түнере қарады да, біраз үндемей тұрып қалды, сонан соң:

— «Шамсияның» авторы—ғалым. Ал ғалымдар шарифатта баян етілген шындықты негізге алмайды. Олар ойына келгендерінің бәрін айта береді. Олар — албасты мен жын-перінің шәкірттері, дәубас Ахмат — солардың қызметшісі. Бұлардың барлығы да күдайдан безгендер. Оларды еске түсіріп, ауызға ала берудің саған жерегі жоқ, — деп жауап берді.

Логика мұғалімінің бұл айтқандары тіпті ақылға сыйымсыз еді. Егер «Шамсияның» авторы ғалым, жын-перінің шәкірті және шарифат шындығынан ауа жайылған адам боса, шарифатты мүлтіксіз орындайтын адамдарды тәрбиелеп шығаратын біздің медреселерде жүздеген жылдар бойы «Шамсияны» неге оқыйды?

Мен сол күнге дейін Ахмат Донишка қарсы шықпағаны, Тұраб молдаға қарсы өштестірушілікке қатыспағаны үшін Абду-Саломды өте құрметтеп, сыйлайтын едім. Ғалым деген атаққа босқа ие болып, Мир Араб медресесінде оқыйтын біздерге сабақ беретін сауатсыз, надан адамдардан Абду-Саломның да айырмашылығы жоқ екенін мен сол күні ұқтым.

* *

*

Көктемнің бір күндерінде маған Ахмат Доништің үйін көруге мүмкіндік туды.

Тұт ағашының жемісі піскен кезде өзім тамақ әзірлеп беріп жүрген табақтастар бір жаққа барып тұт жемісін жеп қайтуды ұйғарды.

Сол күні Мухиддин молда мені оқытатын мұғалім Абду-Саломның кұжрасына келді. Мухиддин Ахмат Донишпен таныс болатын, оның өзі сол кісіден сабақ алып, үйіне де барып жүретін. Мухиддин Ахматтың өте жақсы бау-бақшасы бар екенін, онда тұт ағаштары көп екенін айтты. Ол табақтастардың бәріне де дәубас Ахматтың бауына барып, содан жеміс жеуді ұсынды.

— Егер Ахматтың бауына барғыларыңыз келсе, онда мен сіздерді ертіп барайын! — деді ол.

Бұл ұсыныс табақтастардың бәріне де ұнады. Ахмат-

тың бауынан жеміс жеу мүмкіндігі туғанда оның құдайсыз өкендігін, діннен безгендігін, тіпті оның жын-шайтанмен достығын ешкім де ауызға алған жоқ.

Олар ағаш басынан жеміс сілкіп түсіріп, жыйнау үшін менімен қоса медресенің тағы бірнеше шәкірттерін де ертіп алды.

Біз медреседен шықтық та, үлкен көшеммен шығысқа қарай бет алдық, Мир Араб дуалының солтүстік қабырғасының жанынан, зергерлер қақпасы арқылы, қаз-қатар орналасқан алтын бұйымдар жасайтын шеберлер дүкендері арқылы, Мир Улық-Бек медресесі жанынан, қазаншылар мен шегешілер көшесі арқылы өттік. Біз Жафар Хожа кварталына дейін жүріп бардық та, сол кварталдың ақырына жеткенде Үлкен көшеден оңтүстік жақтағы тар көшеге бұрылды. Осы көшенің біткен жерінде бір әдемі қақпа тұр екен.

Біз аулаға кірдік. Аулада бізді қызметшілер қарсы алып, үйге қарай ертіп келді.

Қақпадан бауға дейін ұзыннан-ұзақ созылған екі қатар жүзім ағаштары бар екен.

Жүзім ағаштарының қақ ортасында аяқ жол жатыр. Сол жолды бойлап бауды аралап жүре бастағанда, жүзімнің жасыл жапырақтары жаңағы жалғыз аяқ жолдың екі жағынан төгіліп тұрады екен. Жүзім ағаштарының екі жағында үш бұрышталып отырғызылған жеміс ағаштары жайқалып өсіп тұр.

Сол жеміс ағаштарын бойлай тағы да қатар-қатар жүзім ағаштары өсіпті. Жол үстінен итаршылап төп-тегіс орнатылған өре ағаштарының үстінен жоғары жүзім шыбықтары салынған. Мұның өзі коридорлардың геометрия сызығындай оның ішіне жапырақтар арқылы өткен күн сәулесі сыйқырлы әлемдей көгілдірленіп, мұнарланып көрінеді. Жүзім ағаштарының бір шеті әктелген, сонымен қатар түрлі оюлармен әсем безендірілген үй алдындағы бастырмаға келіп тірелген.

Осы бастырманың шығыс жағында жерден едәуір жоғары көтеріліп жасалған, сопақтау келген, әдемілеп боялған бағаналары бар жаппа жалғасып тұр. Осы бағаналардың түптері кедір-бұдырлы дөңгелек қауын сыяқты, ал оның жоғары бастары қыяр тәрізді, сондықтан оларды да қыяр құсатып бояп қойыпты.

Осы жаппаның төбесін тік бұрыштап күмбездеп салып, ашық бояумен әшекейлеп тастапты.

Сол жаппаның балканынан қарағанда жоспарлап, қағаз бетіндегі сызық құсатып ұқыпты егіп өсірілген бүкіл бау анық көрініп тұр.

Бастырманың батыс жағынан сопақша желген сәкі жасалған, осы сәкінің ұзындығы да жаңағы жаппаның ұзындығындай екен.

Бастырманың оңтүстігі үй қабырғасын жағалап созылған. Осы арада үйдің қысқы бөліміне кіретін есік бар. Есіктің қарсы алдындағы гүлзарда сан алуан хош иісті гүлдер еріксіз көз тартып жарқырай түседі.

Мұхиддин молда үйлер, бау және гүлзарлар Ахмат Махдумның өзі сызған жобасы бойынша жасалғандығын, бау-бақшадағы өсімдіктің көбін Ахматтың өз қолымен егіп, өсіргендігін айтты.

Қызметші бізді үй алдындағы албар арқылы басқышпен жоғарғы бөлмеге ертіп әкелді, мұнда үйдің қабырғаларына жердің картасын және ерте заманның жер шарының жартылай картасын іліп қойыпты. Үй қабырғасындағы текшелерде жер мен әуенің глобустары тұр. Мен бұл бұйымдарды тұңғыш көріп тұрмын, Алайда Мұхиддин молда жаңағы бұйымдардың неге хажеттігін толық түсіндірді, содан кейін ғана олардың неге арналғанын аздап ұқтым.

Глобус пен карталар сөздің бағытын жаңа арнаға бұрды:

— Әрбір қадам жерді көзімен көріп, әрбір қаланы, өзенді және шөл даланы атап көрсетіп, қағаз бетіне түсірген кім? Айта қойыңдар, кім? Әрине, алдамшы біреу ғой! Немесе кілең алдамшылар өзара келісіп, осының бәрін ойдан қыйыстырып жасап, бастырған ғой, ал надан адамдар осындай алдамшы заттарға да ақша төлейді.

Екінші біреу күліп:

— Ахмат та ақылды адам деседі. Ал оның өзі бұхаралықтардың бәрінен де бұрын мына алдаудың торына түсіпті! Сөйтіп, ол мыналарды үйінің қабырғаларына қағып та қойыпты! — деді.

Мұхиддин молда дәубас Ахматтың түсінігі бойынша жер мен планеттердің қалай айналатындығын түсіндіре бастағанда, келгендердің бәрі де бір ауыздан үй иесінің бөлмесінде отырып, Ахматты құдайсыз адам екен деп есептеді.

Осы бөлменің басқа қабырғаларындағы тектерінде

шылдырман, барабан, дутар, рубаб, сол сыяқты басқа да музыка аспаптары жатыр екен. Табақтастар түгелдей сол жатқан аспаптардың барлығы дәубас Ахматтың құдайсыз екендігін тағы да растайтын перілер ойыншығы деген қортындыға келді.

Мен әлі де жас бала едім, алайда мыналардың айтып отырған сөздері адам күлерлік екенін түсіндім. Өйткені біздің қыстақта той болған жерге әкем мені де ертіп баратын, сол тойлардың бәрінде де әкем екеуіміз өлең де, музыка да еститін едік. Әкемнің адал ниетті, сонымен қатар, дінге сенетін адам екенін де жақсы білем, ал ол болса музыкашыларды қошеметтеп: «Міне, жігіт! Жақсы! Тағы да айта түс! Құдайым сенің өміріңді ұзақ етсін, бәрекелде!» деп айқайлайтын. Әкемнің үлгісімен мен де өлеңді, музыканы, музыка аспаптарын, көбінесе біздің қараңғы қыстақ тұрмысына қуаныш пен шаттық әкелетін өлең айтатын, билейтін адамдардың өздерін жаным жаратып, жақсы көрдім. Мына молдалардың жаңағы сөзіне мен келісе алғам жоқ, шылдырмандар мен дутарлар Ахмат Доништың даңқты есіміне кір келтірулері тіпті мүмкін емес. Мен әкеммен бірге Бұхараға алғаш рет келгенімде Мир Араб медресесі жанында Әмірдің өзі той жасап жатты, сондағы түнгі мерекеге, бишілерге, музыкашыларға жыйналған жұрт бар ынталарын салып, қызыға қарап тұрған еді, бірақ Мир Арабтағылардың бір де-бірі сол мерекені жын перілер көңіл көтерді, бишілер діннен, айтушылар құдайдан безгендер деп ойлаған жоқ еді.

Мен Ахматтың бауында отырып, молдалардың әлгіде ғана айтқан сөздері адам күлерлік, тіпті ақылға сыйымсыз деп ұқтым. Мұның өзі менің Ахматқа деген құрмет сезімімді, сүйіспеншілігімді арттыра түсті. Ол жылдарда Ахмат Доништың идеялары, жұмысы мен мақсаты туралы ешнәрсе білгем жоқ, білуім де мүмкін емес еді. Мен Ахматтың өзін де білмейтінмін. Ахмат туралы бар білгендерім, оның жауларынан естігендерім ғана. Ахмат жайындағы менің құлағымға естілген сөздер оны балағаттау, каралау, масқаралау ғана болатын. Солай бола тұрса да менің жүрегімде күдік өсе берді. Көкірегімде өзіме де түсініксіз бір сезім — Ахмат Доништің айтқандары дұрыс болып шықса екен деген тілек арта түсті.

Ахматтың қызметшісі шақырылмаған қонақтардың алдына дастарқан жайып, шай әкелді. Тұтты жыйнау-

дың да хажеті болмады, өйткені лық толтырылған жемісі бар екі ыдыс алдымызда тұр.

— Ахмат Махдум молда, — деді қызметші, — науқас, келіңіз сіздермен бірге отыра алмағандығына көшірім сұрайды.

Қызметші кетті. Ахматтың сырын жақсы білетін Мұхиддин молда:

— Жорта істеп отыр! Ахмат әрдайым осы бөлмеде отырады да үйге кіріп келе жатқандардың бәрін де көреді. Тіпті үлкен көшеден осы тар көшеге бұрылғандарды да бұрын көреді. Егер келе жатқан қонақтар өзі жақтырмайтын және олармен әңгімелескісі келмейтін адамдар болса, екінші бөлмеге барады да, жорта науқасын деп хабарлайды. Ол сіздерді жақтырмайды, сондықтан да бөлмеден шығып кеткен, — деді.

— Неге жақтырмайды? — деп таңданды Кори-беги, — әлде біз кұдайсыз, адамдармыз ба?

— Менің байқауымша сіздер бір-біріңізді түсінісе алмайсыздар, — деді Мұхиддин молда. — Егерде от суды жаратпайтын болса, су отты несің жаратсын!

— Жалпы айтқанда Ахмат Махдум дандайсып кеткен! — деді менің мұғалімім Абду-Салом. — Ал кұдай мен-мендік пен тәкаппарлықты жын-пері хасиеттері деп санайды.

— Ахмат Дониш дандайсып кетті дегенді қайдан шығардыңыз? — деп Мұхиддин молда оның сөзін бөлді.

— Ахмат медресеге кіріп келгенде медресе басшылары орындарынан тұрып, оған сәлем бергендерін әлденеше рет көрдім. Ал ол тіпті сәлем де алмайды! Сыпайылықпен сәлем бергенде, әдептілікпен жауап қайтармасқа кімнің хақы бар.

— Жок. Бұл мен-мендік те, тәкаппарлық та емес — деп қарсылық білдірді Мұхиддин молда. — Медресе басшылары оның көз алдыда сәлем бергенімен, бұрыла беріп оған лағнат айтып, жамандайтынын Ахмат жақсы біледі. Олар Ахматты діннен безген адам дейді. Мұның өзі Бұхараның әдеті бойынша өлім жазасымен бірдей, молдалардың сәлем беруі екіжүзділік, ал ол екіжүзді болғысы келмейді, өзінің ниетін ашық білдіреді.

Қызметші сүтке пісірілген ыстық күріш ботка әкеліп, біздің алдымызға қойды да шығып кетті. Қызметшінің кетуін күткен Мұхиддин молда тағы сөйледі:

— Екіжүзділік адамның ең жаман хасиеті екенін Ахматтың өз аузынан әлденеше рет естігенім бар. Ал біздің екіжүзділікке бойымыз үйреніп кеткендігі сонша, тіпті міндетті хасиетіміздің біріне айналған. Молдалар кұдайсыздың күріш ботқасын ашқарақтықпен рақаттанып саусақтарының арасынан аққан май дастарханға да тамып жатыр. Қос ұртын күрішке тығындаған Қасым молда Мұхиддиннен:

— Демек, мен-мендік екіжүзділіктен жақсы болмағаны ғой? — деп сұрады.

— Ахмат Дониш менмен адам емес. Ол барлық адамдармен жылы жүзбең, ылғыйпаттылықпен сөйлеседі. Ол сауатсыз адамдарға да кішіпейіл, әдепті. Ол жыл сайын қыстақтарға барып тұрады, сонда шаруалармен әңгімелесіп, олардың әрқайсысының мұқтаждарына қамқорлық жасайды. Ал медресе басшыларымен ол сынайыгершілікпен сөйлескісі келмейді.

— Жарайды, айталық ол тәкаппар адам емес-ақ болсын. Сонда да арабтың: «Келген қонақ дұшпаның болса да, оны сыйлай біл» деген мәтелін білмей ме. Біз оның дұшпанынан да жаман болғанымыз ба? Тіпті жүз көрсетуге де шықпады ғой.

Мұхиддин молда бұған да:

— Біз оны бұл жерде балағаттап отырғанымызды Ахмат біледі, соған қарамастан бізге қонақ асы берді, бұл жерге келе алмайтындығына кешірім де сұрады. Тек Ахмат Дониш ғана осылай істей алады, мұны ұғу керек, — деп жауап қайтарды.

Біз Ахматтың үйінен қарнымызды тойдырып шығып, аяндап жүріп келеміз. Қазаншылар көшесіне келгенімізде Мұхиддин молда өз жайына жетті, өйткені ол сол көшеде тұратын. Табақтастар жол-жөнекей өтірік-өсек айтумен болды. Ал мен Мұхиддин молда туралы ойлап келем. Оны менің жолдастарым ұғымсыз, надан деп атады. Бұлар Мұхиддин молдаға бұрын да кейде: «Сіз осы несіне окыйсыз? Сізден бәрібір молда шыға қоймас» дейтін. Ал ол жаңағыларға жауап қайтарып: «Табыннан бөлек кеткен бұзауды жейді. Мен өзімнің бұзаудан өсіп сыйыр бола алмайтындығымды білем, дегенмен, сыйыр ішінде жүрген бұзау қауыпсыз» — деуші еді.

Сол күні Ахматтың үйіне барғандардың ішінде бәрінен де ақылды және дұрыс сөйлеген бір ғана Мұхиддин молда болды деп ойладым.

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

1890—1891 жылғы оқу маусымы бұрынғыша хамал айында (22 мартта) аяқталды. Оқу жылы алты айға созылды. Бірақ Бұхарадағы осы алты айлық оқу мерзіміне шәкірттердің бәрі бірдей шыдай алмайтын. Бұл мерзімге тек аштық пен суыққа көніккен шәкірттер ғана төзе алатын. Басқа қалалардан келген келей шәкірттердің көпшілігі оқу жылының басында Бұхарада болатын да, сонан көп ұзамай-ақ үйді-үйлеріне тарап кетуші еді. Олар қыстақтарда егінді жыйып алғаннан кейін, шаруалар мешіттерінде қызмет істегендері үшін немесе қыстақ мектептерінде сабақ бергендері үшін өз молдаларына ақы төлеген соң, ноябрь айларында ғана өз медреселеріне қайтадан келетін.

Медресе шәкірттерінің ноябрьде әкелген бұл азық-түлік, қаржы қорлары үзіліп-созылып, февральға дейін ғана жететін де, мұнан кейін олар тағы да бет-беттерімен тарай бастайтын.

Сондықтан оқу жылының басында бір топта елу адам болса, екі апта өткен соң сол топта не бәрі жыйырма адам ғана қалушы еді. Ноябрь, декабрь айларында шәкірттер тобы қайтадан толықтырылатын, бірақ март айында сол елу шәкірттің оны ғана қалатын. Оқу жылы аяқтайтын да осы қалған шәкірттер еді.

Медресе аптасына небәрі төрт күн, — сембіден бастап, сейсембіге дейін оқыйтын да, ал сәрсембі, бейсембі, жұма күндері демалыс деп саналатын.

Жоғарғы кластардың шәкірттеріне сабақ беретін кейбір қарт мұғалімдер денсаулықтарының нашарлығын сылтау етіп, сейсембі күнін де демалыс деп жариялап жүрді. Сондықтан ондай мұғалімдерден сабақ алатын шәкірттер аптасына үш-ақ күн оқыйтын.

Әдетте, мынадай да болатын, шәкірттер бір жерде, бір үйде тұратын да, мұғалімдер түрлі медреселерде тұратын, сондықтан мұғалімдер сабақты өз үйлерінде беретін. Мұғалімдердің көмекшілерінің де сабақ беру әдісі осылай еді. Оқытушылар мен олардың көмекшілері тұратын үйлердің аралары көбінесе екі-үш километр болатын. Мұғалімдер күніне сегізден он екіге дейін сабақ беретін. Әр сабақ мерзімі бір сағат, бірақ шәкірттер оған үш немесе төрт сағат уақытын жұмсайды, өйткені, оған мұғалімнің көмекшісінен мұғалімге немесе бір мұғаліммен

екінші мұғалімге бару керек. Мағнасыз бір талас үшін сабақ мерзімі жарты сағаттан аса уақытқа артық созылып кететіні жиі кездесетін, мұндай жағдайда шәкірттердің келесі тобы алдыңғы топ өзінің таласын қашан аяқтағанша есік алдында сарғайып күтіп қалушы еді.

Егер, сабақтың қай уақытта, қай жерде болатыны жазылған кестеге үніліп қараса сабаққа арналған жаңағы мардымсыз уақыттың өзі де мағанасыз өтетіні айқын болып шығады. Мысалы, шәкіртке «Шамсияны» мұғалімнің көмекшісі оқытады. Мұнан кейін сол көмекші немесе мұғалім бұны шәкірттер аға мұғалімнің алдында оқуы үшін екінші рет қайталатады. Шәкірт осының өзін бір, кейде тіпті екі мұғалімнің алдында оқып қайталаушы еді. Сөйтіп бір сағатта оқылатын нәрсе үш не төрт сағатқа созылып, уақыт босқа кете беретін кездер жиі кездесетін.

Сайып келгенде, бір сағатта оқып, талдау жасалатын сабақ шәкірттерге төрт сағатқа түсуші еді, оған қосымша бір мұғалімнен екінші мұғалімге барып, онда барған соң алдыңғы топтағы шәкірттердің шығуын күтіп тұрып, ақырында үйге қайту үшін төрт сағат уақыт және кететін. Сөйтіп, бір сағатта ғана оқып, талдау жасауға болатын сабаққа қысқы сегіз сағат уақыт осылай босқа кетуші еді.

* *
*

Март айында ағайым Мұхиддиннің ақшасы да, азық-түлігі де таусылды. Ол қыстақтардың біріне молда имам не мұғалім болып баруды ұйғарды. Ағайымның түрікпендік бір жолдасы оны өзімен бірге Түрікпеннің даласына баруға шақырды:

— Сізді мен сондағы мектептердің біріне мұғалім етіп орналастырам, — деді ол.

— Мен түрікпен тілін былай қойғанда, тіпті өзбек тілін де білмеймін ғой — деп қарсылық білдірді ағай.— Тәжікше сөйлей білмейтін балаларды қалай оқытпақпын.

— Түрікпен тілін білудің керегі де жоқ. Біздің байлар өз даңқын шығару үшін, «пәлендей бай мектеп ашыпты» деп жұрт олар туралы аңыз қылсын деген мақсатпен ғана мектеп ашады. Біздің елдегі молдалар түрікпендердің өмірінеде, өлімінеде қожа, олар жергілікті жерден өздеріне лайықты көмекшілер тағайындап алып, үйлену

кезіндегі салттарды өткізу, өлгендерге жаназа оқуды басқару, есебі халықтың барлық әдет-ғұрыптарын, тіпті сот істерін де өз қолдарына алып, өздері жүргізеді. Сондықтан да мектептерде молдалар сабақ оқытпайды, өйткені олар бұл жұмысты өздерінің мәртебелерінен төмен санайды. Оның үстіне біздің молдалардың көпшілігі сауатсыз адамдар. Егер мұғалім молдалар халыққа ұнап, оларға сый-құрмет көрсете білсе, мұның өзі олардың беделін арттыра түседі, ондай мұғалімдерді молдалар да, халық та мейлінше қуаттайды, ал егер де мұғалім өз қылығымен ұнамаса онда олар мұғалімді надан деп жариялайды.

Ағайым түрікпен молдаларымен тату тұруды ұйғарып, марттың аяқ шенінде Керкі даласына жүріп кетті.

Мен болсам жазғы ыстық маусым басталып, тұт жемістері піскенге дейін өзімнің табақтас хожаларыммен бірге Бұхарада қала бердім. Жоғарыда айтылған мезгіл басталғанда хожаларым қыстаққа баратын болды.

Олармен бірге мен де жүріп кеттім.

ҚЫСТАҚҚА САПАР

Мұғалімім Абду-Салом екеуміз Бұхарадан шыққан бетімізде Махалла қыстағына келдік, Абду-Саломның үйі осы қыстақта болатын.

Сол қыстақтан Жоғарғы Махаллада тұратын нағашы атам мен нағашы әжеме жүріп кеттім, менің інілерім де солардың қолында еді.

Мұнда келісімен ауыр қайғыға душар болдым. Жанымдай жақсы көретін, сүйікті інім Киромиддин қыста қайтыс болған екен. Тегінде сол інім тірі болса жақсы адам болар деп үміт етуші едім. Оқу жылының ортасында ойына қайғы-хасірет салып, мазаламайық деп туыстарым бұл қазаны маған хабарламапты.

Екінші інім Сироджиддиннің де денсаулығы нашар екен. Қыста ол мүлде жүдеп, мүлдем әлсіреп қалыпты. Киромиддин аштыққа, мұхтаждыққа төзе алмағандығын ұқтым, өйткені нағашы әжем мен нағашы атамның тұрмыстары өте нашарлап кетіпті. Олар танертең үлкен қазанға су толтырып, оған бір уыс жүгері ұнын салып қайнатады екен. Осыдан олардың әрқайсысына маш салған бір кесе қайнаған су ғана тиеді. Ал түсте суық сумен

жүгері ұнынан пісірілген бір буда қалаш, кешке бір жапырақ жүгері наны мен екі пияз не суға қайнатылған маш көже ғана болған.

Нағашы әжемнің әлсірегендігі сонша, тіпті орнынан да қозғала алмай қалыпты. Сексен жастан аса өмір сүрген нағашы атам да әжемнен әлді емес. Бүкіл семьяда жалғыз Раушан Нияз ғана жұмыс істейді екен.

Раушан Нияз далада қас қарайғанға дейін жұмыс істеп, кешке қайтып келгенде өзіне қалдырылған маштың сылдыр суын үндеместен отырып ішеді екен де, одан кейін көзінен жас төгіп, туысқандарына бір қарап қойып, уйқтауға кетеді екен. Таң сәріден баяғы сылдыр су көжені бір жапырақ нан тығып, далаға қайтадан кете барады екен. Әжемнің сөзіне қарағанда, құдай Раушанды тек жұмысқа жаратқан:

— Бәрі де жеткілікті, тұрмысымыз жап-жақсы болған кездің өзінде-ақ Раушан ешкіммен де сөйлеспейтін, ештеңе де сұрамайтын. Бірақ ол кезде Раушан мұндай ойға шомған қайғылы, көңілсіз емес еді. Қазіргі халымыз мүлде нашар. Елді шешек жайлаған жылы егініміз мүлде шықпай қалды, ал өткен жылы егістен өзімізге қалғаны жыйырма төрт пұт маш, қырық пұт жүгері. Абду-Рахман байдан қарыз алған астықты екі есе етіп қайтардық. Шешек жайлап, егіс мүлде шықпай қалған жылғы қарызымызды есептей келіп, быйыл бізден салықты үш есе артық алды. Осындай жағдайда Раушан Нияз өмір сүре ала ма?..

Кіші нағашы ағайым Ниязхон қыстақтың малын бағады екен. Ол қысы-жазы бірдей малмен бірге болып, үйге мүлде келмепті. Шешек шыққан жылы мал да көп қырылған болатын. Сондықтан мал санын көбейту үшін қозыны сою мүлде тоқтаған екен. Соның салдарынан адамдарға малдан ешқандай пайда да жоқ. Қаракөл қойлары жанадан туған қозының елтірісін алу үшін сойғанда ғана табыс береді. Малшылар болса өздерінің ақысын жүндей алатын. Бірақ олар табан ақы, маңдай терінің ақысына алған сол жүндерін шешек жылы өлген қойлар үшін өтейді екен.

Үлкен нағашы ағайым қайтыс болғаннан кейін үй ішіне Құрбан Нияз басшы болып қалған еді. Гиждуан биі қызметінен Абдул Вахид кеткен соң құрбан Нияз да биге қызметші болудан шығып, мақта тазартуға кірген Құрбан Нияз өзінің қажырлылығы және еңбек сүйгіштігі

арқасында жұмысты басқалардан көп істесе де қожайынынан алған қаражаты, тапқан табысы өте аз еді, сондықтан онысы жеке басының күн көруіне де жетпейді скен.

Құрбан Нияз туралы әжем:

— Біз қарт екеуміз соның көмегімен ғана күн көріп келеміз. Ол кейде аздап болса да ет, қант әкеліп менің қаусаған денемдегі жылылықты сақтап келеді,— деді.

Құрбан Нияздың жұмысқа қабылеттілігіне және төзімділігіне, оның денесінің темірдей беріктігіне өзім де таң қалдым.

Құрбан Нияз бен Раушан Нияздан кіші Ниязхонның үлкен тағы бір нағашы ағайым Алихон өзінің әкесі, менің нағашы атамның үйінде тұрғанымен, бұл семьядан бөлек өмір сүреді екен. Ол бөлшектеп шаймен сауда жасайтын. Оның бар байлығы — есек, бір қап шай, таразы және гир еді. Ол әр күні базарға барып, сәкілердің бірінде өзінің шайын сатып алушыларға өлшеп тартумен ғана шұғылданатын. Сауда жасайтын шайының қоры таусыла бастағанда ол Гиждуанға не Бұхараға барып ірі саудагерлерден көтере сатып алып, шайының қорын үнемі толықтырып отыратын.

Алихон үйге келгенде туысқандарынан, аға-інілерінен тамақты бөлек ішетін. Алихонның туысқандары оның әйелі екеуі тамақты дәмді және тойып ішетінін де біледі. Оның әйелінің де семьяның жалпы ісіне қатысы жоқ. Ол әйелді Гиждуаннан алған болатын, әйелі сатуға арнап мақта матасынан шапандар тігуші еді.

Құрбан Нияздың сөзіне қарағанда, Алихонның да, оның әйелінің де табысы мол, бірақ Алихонның туысқандарына ешқандай қайырымы жоқ.

Әжем былай деді:

— Алихон күн сайын базарға барады, менің тары уынан істелген наннан ауырып жатқанымға қарамастан, ол бір де-бір рет не маған, не атаңа жалғыз жапырақ бидай нанын әкеп берген емес. Бір күні атаң Алихонға: «Базардан жаңадан пісірілген ақ нан әкелші» деді. Ол әкелген жоқ, базарда ондай нан болған жоқ, деді де қойды. Бұған кім нансын?

Біз інілерімізді әжемнің қамқорлығына қалдырғанда Алихон өзінің семьясына көмектесер, балаларды өлімнен аман сақтап қалар деп сенген едік. Әжемнің сөзіне

қарап, Алихонның өзінің жиендеріне ешқандай көмек көрсетпегендігін ұқтым.

— Алихон ағай менің інілеріме ешқандай жәрдем көрсетпеген кұсайды ғой. Мен көбінесе соған сенген едім.

— Қамқорлық көрсету деймісің, оны қойшы! — деп жауап қайтарды әжем. — Киромиддин жүгері нанынан, тары ұнынан ауырды. Ол бұл тамақтарды жей алмады, басқа ештеңе де болмады. Ол бұл тамақты ішкен сайын нашарлай берді. Денесі толық, әлді бала бір ай ішінде боп-боз болып семіп кетті. Бір күні біз сол балаға деп Алихоннан бір жапырақ нан сұрадық. Алихонның әйелі апта сайын пеш толтырып ақ нан пісіріп тұратынына қарамастан наным жоқ дегені ғой. Ол тіпті сендерден ала-сым бар дейді...

Әжемнің бұл сөзіне таң қалдым.

— Қандай аласысы бар екен? Менің де, менің семьямның да Алихонмен ешқандай қарым-қатынасымыз болған емес. Мүмкін ол шешемнің жаназасы үшін шығарған қаражатын толық алмай, бірдеңені жасырып қалған болар? Бірақ ол өзі айтқандарын түгел, тіпті артығымен алған еді ғой.

— Жоқ, әңгіме онда емес, — деп жауап қайтарды әжем.

Түрім өзгеріп кеткен болуы керек. Мен ашуланып:

— Онда енді несі бар? — деп сұрадым.

Әжем менің ашуланып, түсімнің өзгеріп кеткенін байқап қалды да, өзінің бұл әңгімені қозғағанына өкініп, енді жайбарақаттануға тырысты.

— Алихон өз саудасының салдарынан сараң, дүниеқор болып кетті, ол үлкен саудагерлердің әдетімен, мінез-кұлықтарына еліктейді. Ал мен болсам қартайдым ғой, естігендерімді ойымда көп сақтай алмаймын, сендерден қандай алымсағым бар дегенін ұмытып қалыппын. Тегі мен өзім бірдеңелерді шатастырдым ғой деймін.

Әжемнің әйтеуір бірдеңені менен жасырғысы келгенін ұқтым. Менің қамығуым, мазасыздануым бұрынғыдан да күшейе, арта түсті.

* * *

*

Дехнави Абдулложан қыстағында Дүйсенбі күндері базар болушы еді. Нағашы ағайым Құрбан Нияз екеуміз

базарға келдік. Біз шаймен сауда жасап жатқан Алихонның жанына келіп биік сәкіге отырдық. Әрдайым шай сатып тұратын бірнеше адам сол жерге жыйналыпты. Құрғақ күйінде шайдың жақсы не нашарлығын білуге бола ма деген сөз болды.

— Шайды қайнатпай тұрып оның сапасын білуге болмайды,— деді кейбіреулер.

— Шайдың жақсы не жаманын қайнатқаннан кейін де білу қыйын. Оны қайнатқан соң тұндыру керек. Егер шай басқа түс беріп қарайып кетпесе, иісі де, бұзылмаса, онда жақсы болғаны,— десті тағы біреулер.

— Шайдың сапасын құрғақ күйінде де, түсіне қарап та, иісінен де білуге болады,— деп кейбіреулері басқаша айтты.

Құрбан Нияз соңғы адамның сөзімен келісіп, былай деді:

— Әрине, ұнның да, шайдың да, күріштің де, тіпті ненің болса да қандай екенін құрғақ күйінде білуге болады, ал бұған да тәжірибе керек. Бірақ, пәлен жылдық тәжірибең болса да бір нәрсені білу қыйын. Ол — адам. Кейбіреулер адамды оның ата бабалары арқылы білуге болады деседі. Бұл дұрыс емес. Мұндай белгілер арқылы малдың тұқымы мен сапасын анықтауға болады. Мейрімді адамдардан зұлым адам туатыны жиі кездеседі. Ал зұлымдардан жақсы адамдар да туады.

Шай құйылған кесені ұстап отырған қолымен Құрбан Нияз Алихонды нұсқап, оған ала көзімен түнере қарады да:

— Басқа адам былай тұрсын, тіпті бірге туысқан бауырыңды да білу қыйын екен. Онымен үнемі бірге өмір сүріп, байқап қарасаң бұрын-соңды ойыңа кіріп те шықпаған, мүлде күдіктенбеген бірденелер көзіңе түседі. Міне, мына Алихонды мысалға алайық. Бұл менің бірге туған інім. Оған қараңдаршы! — деді.

Жұйылғандар Алихонға таңдана қарады. Ал Алихон ұялып, саскалақтап ағасына қарай берді. Құрбан Нияз туралы тағы да не дер екен деп қысылып, шыдамсыздықпен сөздің артын күткені оның жүзінен айқын көрініп тұрды.

— Біз екеуіміз бір әке, бір шешеден тудық. Мен Алихоннан сегіз жас үлкенмін. Ол дүниеге келіп, аяғын апыл-тапыл басып жүре бастағанға дейін арқалап жүріп өсірдім. Бұған сөйлеуді де үйреткен мен. Бірақ осы інім-

нің сырын бұл күнге дейін білмейтіндігімді быйыл ғана уқтым,— деді Құрбан Нияз.

— Бұл қалай?.. Неғып білмей жүрсің?..— десті шуласып төңіректегілер.

— Ол былай. Мынау менің жиенім, бірге туған апамыздың баласы. Мұның ағасы бар, оны сіздер білесіздер. Бұл жиеннің тағы да екі інісі бар. Ең кіші інісі быйыл қыста қайтыс болды. Бұлар енді үшеуі ғана қалды. Әкешешелері шешектен қайтыс болды. Әрине, халдері өте ауыр. Соған қарамастан ересек екеуі Бұхараға оқуға кетті. Ал, менің мына інім осы жетім балаларға жәрдемдесудің орнына бұлардан алымсағым бар дейтін көрінеді.

— Онысы неғылғаны? Бұл қалай? — деп таңданды жыйылған жұрт.

Жүрегіме ине сұғып алғандай болды. Тынысым тарылып барады. Алайда шыдадым. Маған құрбан Нияз сөзін адам шыдағысыз ұзаққа созған сыяқты көрінді.

— Мәселенің түйіні былай. Апамыз бұлардың әкесіне тұрмысқа шыққан кезде, бұрыннан келе жатқан әдет бойынша кейіннен бір себептермен әйел күйеуінен айрылысса не жесір қалса, оның күн көруін қамтамасыз ету үшін күйеуінің туыскандары әйелге енші бөлуге міндетті. Олар біздің апамыздың еншісіне Соқтарадағы бауын белгілепті.

Тындаушылардың таңданулары арта берді.

— Менің інім, мына тұрған шай саудагері, бір жерден сол еншіге аталған бау күйеуі өлгеннен кейін әйелінің — біздің апамыздың меншігіне өтеді дегенді естіпті. Сонымен қатар, олардың жарты гектар жерінің сегізден бір бөлегі де апамызға берілуі керек. Ал апамыз біздің әке, шешемізден бұрын қайтыс болды. Сондықтан шариғат жолы бойынша апамыздың мүліктерінің алтыдан бір бөлегі оның туыскандарына берілуі тиіс. Осыны аңғарған сабаз інім біздің ата, анамыздың туыскандарының атынан мына тұрған жетімдерден дау даулап, өзінің жиендерінен жанағы жерді тартып алмақ болыпты.

Бұл әңгімені естіген адамдар қайран қалып, таңданғандарынан:

— Ай! Ай! — деп бастарын шайкасты.

— Қарны тоқ, қайғысы жоқ, көргенді деген мына саудагерсымақтың көзі тоймастығы, қаталдығы міне осыған жеткен.

Алихон уялды ма, жоқ па білмеймін, бұл кезде оның

жүзі қандай болғанын да байқай алмадым, әйтеуір өзім ұялғаннан кірерге жер табалмай, ешкімнің бетіне де қарай алғам жоқ.

Ал, Құрбан Нияз шайы суып кеткен кесені қолына ұстаған қалпында сөйлей берді.

— Бұрын осы інімнің қулығын, қайырымсыздығын білуші едім. Мұның туысқандарына да қайырымсыз екенін білетінмін. Бұл тек жалғыз өзін ғана сүйетінін де аңғаратынмын. Ал, мұның сарандығы неге әкеп соққанын мен таяуда ғана әбден білдім.

Нағашы ағайым шайын ішті де тағы сөйледі:

— Егер бұл өзінің әрекетін орындауға мүмкіндік болса, сонда бұған не тиер еді? Оқасы жоқ, жалпы айтқанда біздің ата, анамыз әлі тірі. Олар өлген соң, егер мұның өзі сол күнге дейін өмір сүретін болса, қалған мұрадан тиесі бестен бір бөлек еншісін алар. Сонда бұған қанша енші тимек? Еншінің бағасы бір қадақ шай.

— Ақыры қалай болды, бұл неме айтқанынан қайты ма?

— Жоқ. Ата, анамыз өздерінің атынан мұндай зұлымдық істеуге рұқсат етпеді. Ал олардың келісімісіз бұл өз таласын жүзеге асыра алмайтын болды. Осы істі бастауға рұқсат беруді талап етіп бұл осы уақытқа дейін қарттарды күн сайын мазалауда.

Ағайым сөзін аяқтаған кезде жаным жай тапқандай, көңілім жадырай бастады, барлығы да түсінікті болды. Мен енді Алихонға қарадым. Ол ұялғаннан маған да, ағайыма да, халыққа да қарай алмай, қып-қызыл болып, басын төмен салып отыр екен.

Шай сатып алушылар да, шай ішіп отырғандар да бет-бетіне тарап кетті.

Біз өзіміз ғана оңаша қалғанда Алихон төмен салбыраған басын көтерместен, ағайыма былай деді:

— Бөтен адамдардың көзінше ұялтпасаңыз да болар еді.

— Егер мен сенің қолыңды, аяғыңды сындырсам бұл жаза саған өте жеңіл болар еді. Егер біздер—ағайынды екеуміз төбелессек бұл ата-анамызды, туысқандарымызды қамықтырған болар еді. Сен туысқандарыңның ренжуін түкке тұрмайтын нәрсе деп санайсың, ал мен мұны күна деп ойлаймын. Әрі ойлап, бері ойлап, өзің жағынбақ болып жүрген халықтың алдында сені масқаралауды мен

өте орынды деп ұйғардым. Егер сен мына әдетінді тастап, қарттарға деген көз қарасыңды өзгертсең, мен бахытты болар едім. Егер сен өзгермесең сені мұнан да жаман масқаралаймын. Біліп қой.

Алихонның бізден қандай алымсағы бар екенін осылай білдім. Сонымен қатар, нағашы ағаларымның сыры да белгілі болды. Бұлар сауатсыз болғанымен екеуі де бір семьяда, бір ата-анадан, бір қыстақта туып-өскенімен түрлі адамдар болып шыққанын ұқтым. Қастандық, сарандықты дамыту арқылы Алихонға саудагерлер әсер еткен де, Құрбан Ниязға Ахмат Доништі білетін, оның айтқандарын жақсы түсінетін ақын, әрі ғалым — Абдул Вахид би әсер еткен екен.

* *
*

Құрбан Нияз мал бағып жүрген кіші інісі Ниязхонды көріп қайтуды ұйғарып, сол далаға бармақ болды.

— Егер даланы аралағың келсе жүр, бірге баралық, — деді ол маған. Мен бар ықыласыммен келістім. Бойымды шырмаған Бұхараның сасық иістерінен кең дала ғана тазартатыны белгілі.

Тары ұнынан пісірілген тоқашты қапқа салып алдық та есекке мініп, далаға қарай жол тарттық.

Біз қыстақтан алыстаған сайын ауа тазарып, хош иістене берді. Әсіресе Шафирком өзенінен өткенімізде жақсы өңделген даланың ортасында табиғат тамаша тау бұлағындай мөп-мөлдір, ауаның хош иісі, тап-таза, жап-жарық кең дүние мүлде көркейе түсті.

Бұл кезде көктем өтіп, жаз басталған еді, алайда, таяуда көп жауған жаңбырдан кейін далада жайқалған жап-жасыл, құнарлы шөп қалың болып өсіпті. Қай жаққа салсаң да қырмызы қызыл алтындай сап-сары қызғалдақ пен сарғалдақтар шешек атып тұр. Сабағы қуатты ағаштар жаңадан шыққан, қалың жапырақтарын төгіп жіберіпті.

Үндемей жүре беру ағайымды жалықтырған болу керек. Өзінің көргені мен естігендерін айта бастады. Ол

Абдул Вахит би, оның мейрімділігі мен ақылдылығы жайында көп сөздер айтты.

— Абдул Вахит би өз қызметінен кеткен соң, басқа бір биге қызмет етуге неге бармадыңыз? Мақта тазарту одан гөрі қыйын емес пе? — деп сұрадым.

— Әрине, қыйын. Бірақ, былай болды: Абдул Вахит қызметтен шығысымен гиждуаннан Бұхараға көшті. Мен басқа қызметшілермен бірге оның мүліктерін жаңа үйге алып барыстым. Абдул Вахит барлығымызды да өз үйіне қондырды. Ол өзі науқас еді, таңертең мені шақырып алды да: «Сенің басқа бір биге қызмет еткің келе ме» деп сұрады. Мен билердің бәрі де Абдул Вахитке ұқсас болар деп ойладым. Сондықтан да «я» деп жауап қайтардым. Ол біраз ойланып тұрып «билердің бәрі де құдайсыздар, зорлықшылар. Олардың үйінде болған адамдар тез бұзылады» деді. Ол тағы да азғана үндемей отырып былай деп ұйғарды: «Арифхонның баласы Парсхон таяуда ғана би болды. Мүмкін ол әділетсіздікке әлі үйренбеген болар. Соған бар қызметшілерінің кейбіреулері де билердің біріне қызметке жіберуді өтінген еді. Мен оларды да соған жіберем. Барлығыңызға да бір хат жазып берейін» Біз бесеу екенбіз. Хатты алдық та сол күні Парсхон би тұратын Ғаждумакка жүріп кеттік. Барысымен Абдул Вахиттың хатын Парсхонға табыс еттік. Би бізді екі күннен кейін шақырып алды да, Абдул Вахитта қанша уақыт қызмет істегенімді сұрады, онан кейін былай деді: «Сіздердің мұнда бізге жас билерге қызмет ету үшін бейімделетін дағдыларыңыз Абдул Вахит бидің үйіндегі әдет-ғұрыптар мен мінез-құлықтыңыздан мүлде өзгеше. Жоғарғы мәртебелі Әмір біздің қызметімізге қарай шен беріп, шапан кигізеді, біз қызмет еткенде жоғарғы мәртебелі Әмірді қуантуға тырысамыз. Сондай-ақ біз де өзіміздің қызметшілерімізді олардың ынталарына қарай бағалаймыз. Қойған мөр үшін халықтан көп ақы алатындар, дауласушылардан салықты мол алып, оның жартысын қожасы биге беретіндер ғана қызметті жақсы істей алады. Егер сіздер қызметті осылай істейтін болсаңыздар, сіздерді мен де бағалаймын, жоғарғы мәртебелі әмірдің көзіне түсіп қаласыздар. Сіздер бір аттың орнына екі ат аласыздар, молшылықта өмір сүресіздер». Мен осындай өсиет сөздерді естідім де, биден рұқсат сұрамастан үйге қайтып, мақта тазартуға кірістім.

Дегенмен, сізге қазір күн көру қыйын ғой?

— Жоқ, бұл жаман жұмыс емес. Егер адамның дені сау, бойында күші болса жұмыстың қандайын болса да атқара береді. Егер оның еңбегіне қарай адал ақы төленсе, ондай адамның тұрмысы да жаман болмайды. Амал қанша, ең жаманы мақта алып, сатушылар — ұрылар, алдамшытар. Олар жұмыс есебін шығарғанда өз жұмысшыларының тазартқан мақталарын кем өлшейді, ақыны аз төлейді. Ақырында нанға да жетпейтін болып шығады.

Осы кезде біз бұрынғы заманда осы өлкені сумен қамтамасыз еткен Жильвон өзенінің суы құрып қалған арпасына келдік. Осы бұлақ қалай деп аталып еді деп сұрадым мен.

Суы құрымай тұрған кезде бұл бұлақ Тезгузар қыстағын сумен қамтамасыз еткен болатын, сондықтан мұны Тезгузар деп атаған еді. Тезгузар дегеніміз — «Тез өт» деген сөз.

Мен жер, судың аттарына әрдайым ерекше назар аударатын едім. Сондықтан:

— Қыстақты олай деп атағаны несі? Неге тез өт деген? — деп сұрадым.

Ағайым осы туралы ерте замандағы ертегіні айтты. Баяғы өткен заманда бір байдың сұлу қызы осы өзеннің жағалауына келіп, қолындағы кесесімен өзеннен су алып ішіп отырыпты. Сол кезде өзеннің аржағындағы далада бір малшы мал жайып жүр екен. Әлгі малшы қызды көрген жерден ғашық болып, қыздан көз алмай, аңырып тұрып қалыпты. Мұнан соң қыз бен малшының арасында мынадай сөздер болыпты:

— Көзінді неге қадайсың? Жанарың бетімді күйдіріп барады! — деп сұрапты қыз.

— Мен саған ғашық болдым, қарамасқа шамам жоқ! — деп жауап қайтарыпты малшы.

Қыз оған қолындағы кесесін созып:

— Кесені толтырып ақша әкел маған! — депті.

Малшы:

— Мен кедеймін, ақшаны қайдан алам? — депті.

Қыз ашуланып:

— Олай болса мені көзіңмен атпа! Қарама, кет! Қайыршы жолыңды тап, алдымнан тез өт! — депті.

Ағайым күлімдеп, түсінік берді:

— Міне, осы себепті бұл қыстақты Тез өт — Тезгузар деп атап кетіпті.

* *

*

Жильвон өзенінен өтіп, «қырық қыз зиратына» келдік.

Бұл зират жапан даланың шетінде тұр, оның манайында таяу жерде қыстақ та, ағаш та, егіс те көрінбейді. Далаға өрістей жайылған малдан сиреп, селдіреп қалған шөптер анда-санда көзге түсіп, жайлап өскен желмен теңселіп тұр.

Ағайым маған осы зират туралы ертегіні айтты.

Ерте заманда Тезгузар мен Богафзаль қыстақтарында қырық күн болған екен, қожаларының қатандығынан күндердің тұрмыстары өте ауыр болыпты.

Сол қыздар адам шыдағысыз нашар халге жеткен соң аңдып жүріп, қожалары ұйқыға кеткенде осы далаға қашқан екен. Күндерінің қашқандығын сезіп қалған қожалар қолдарына қаруларын алады да, жүйрік аттарға мініп, қыздарды қууға шығыпты. Осы даланың шетінде Жильвелрудтің тақыр жағалауында қожалары қыздарды қуып жеткен екен.

Қыздар құдайға жалбарынып, жәрдем сұрай бастапты. Сонда құдай қара жерді қақ айырып жіберген екен, қыздар сол жердің жарығына түсіп кетіпті, сөйтіп қожалар күндерін қайтып алалмапты. Сол қыздардың қайда екенін ешкім білмейді. Содан бері осы жер Чильдухтарон деп аталып кетіпті, бұл «Қырық қыз» деген сөз.

* *

*

Мұнан соң Хариз деген жерге келдік.

Мұнда мұржасыз жағылатын үй жасап алған Дехнави Абдулложан ауданының малшылары тұрады екен. Осы малшылардың қызметшілері өздері жасаған май шығарғышпен май шығарып, козы етін майға қуырып жатыр, ал малшылар далада мал жайып жүр.

Құрбан Нияз мені інісінің кішкене үйіне калдырды да өзі Ниязхонды іздеуге кетті, бір сағаттан соң інісін ертіп келді. Ниязхон бізге айран берді де, мосы асып, тары ұнынан тоқаш пісіріп, быламық көже әзірлеуге кірісті.

Құрбан Нияз үйге кірісімен ұйқтап кетті, үйден шықтым да аяндай басып, даланы кезіп кеттім. Бұл жер құлазыған қу дала екен. Қайда көз салсаң да өркеш-өркеш қызыл құм төбе. Малшылардың тартқан сыбызғыларының үні құлағыма келгенде мен осындай бірнеше төбеден өткен едім. Тағы сондай бірнеше төбеден өткен соң беткейде жайылып жүрген шағын қоралы қой көрдім. Төбе басында ежелгі дүниенің бір қарты жайлап сыбызғы тартып отыр.

Бұл сексен жасар Гүлям деген қарт еді, оның баласы менің ағайым Мұхиддинмен емшектес болатын, екеуі бір ананың сүтін еміп өскен. Бала шағымда мен бұл қартты жиі көруші едім. Қарақшылар оны жеті жасында туысқандарынан ұрлап әкетіп, содап соң балаға Некадам «Бақыт әкелуші» деген ат қойып, Жоғарғы Махалладағы Абду-Рахимбай деген байға сатқан екен. Қарт мені таныды. Ол сыбызғысын жанына қойды да менен әке-шешемнің қайтыс болғанын және қазіргі тұрмыс жағдайымды сұрады.

Мен оның білгісі келгендерін түгел айтып бердім. Сонымен бірге, менің де жаңағы қарттың ұзақ өмірін білгім келді.

Қарт өзі, қыстағындағы адамдар, ұшан-теңіз қайғы-қасіреті және сексен жылғы өміріндегі қас-қаққандай қысқа қуанышы туралы ұзақ әңгімелер айтты. Көп жылдар өткеннен кейін осы туралы мен өзімнің «Құлдар» деген романымда жазған болатынмын. Ал сол күнгі кеште қызыл құм арасында қаннен-қаперсіз жайбарақат жайылып жүрген қойларға көз сала отырып, нағашы ағаларымды да ұмытып, күн батып, кеш болғанын, қара-көк қойлардың, қызыл құм төбелердің күлдібалам көлеңкелерінің ұзыннан ұзақ созылғандарын байқамастан, қарттың ақырын байсалды дауыспен айтқан әңгімелерін бойым ұйып тыңдаумен болдым.

Әлден уақытта менің атымды атап шақырған дауысты естідім.

Көршілес төбенің басына шығып алып, кіші нағашы ағайым Ниязхон қос алақанын екі езуіне қалқалап, шыр айнала бұрылып, мені шақырып тұр екен.

Мен бірден жауап қаттым, сонан соң бәріміз нағашы ағайымның үйіне келдік. Құрбан Нияз ұйқыдан оянысымен мені «Қасқыр жеп қоймады ма екен деп» ойлап, қатты беймазаланған екен.

Кешкі тамақты жегеннен кейін, біз есектерімізге мініп, қайтадан жолға шықтық.

Түнгі сағат үште Жоғарғы Махаллаға келдік.

* *
*

Інім Сироджиддинді қайда орналастыруды шешу керек болды. Егер інімді нағашы атамның үйінде қалдыратын болсам, ол аштан өліп қалуы мүмкін, өйткені нағашы атамның үйінде жейтін тамақ жоқ. Ақырында інімді өзіммен бірге Бұхараға алып баруды ұйғардым. Онда не болса да әйтеуір көз алдымда болады ғой.

Бұхараға кетпей тұрып, Соқтарадағы үйіме барып қайтқым келді. Енді інімнен айрылғым келер емес, сондықтан оны да Соқтараға ала бармақпын.

Нағашы ағайым Кұрбан Нияз базар күні бізді Гиждуанға апарып салды, сол жерден базардан қайтқан соқтаралықтармен бірге өз қыстағымызға жету онша қыйын болмады.

Соқтараға келгенде туыскандарымның қайыршылық халге жеткенін, туған үйімнің қаңғырап қыйрай бастағанын, бау-бақшаның кұлазып қалғанын көрдім.

Тоты ханым қайтыс болыпты. Оның үйі де мүлде қыйрап қалған екен. Аулада сасық арам шөптер қаулап өсіп кетіпті. Шалқасынан ашылған есікке келдім. Тоты ханымның сыйқырлы кұпья дүниесіне осы есік арқылы әлденеше рет кірген едім-ау. Осы есіктің аржағында көңілді тербелткен, қызықты қанша ертегілер болған еді. Сыйқырлы дүниенің де, ертегілердің де, ханымның да шынымен-ақ мүлде жоқ болғаны ма? Жүрегім қалтырап, үйдің ішіне көз салдым. Жүні қырқылған, кір басқан баяғы тері еден үстінде әлі жатыр. Осы жоғалған дүниені алғыс айтып еске түсірмек болып, үйге кірдім. Күтпеген жерден бір жабайы мысық тері үстінен атып тұрып, маған қарсы қарап пыскырып жанымнан өтіп, сыртқа қарай қаша жөнелді. Ертегі үйінің жаңа кожасы осы болу керек. Өткен күндерді еске алып, өкініп біраз тұрдым.

Мұнан шығып, Ыбрайым Хожаның әйелі — Сұлтанпашаның үйіне келдім. Сұлтан-паша ауру екен, оның жанында наукас төрт жасар ұлы жатыр. Бұларға немересі қызмет етіп жүр.

Мен Ыбрайым Хожаны сұрадым.

О! — деді Сұлтан-паша жасырын сыбырлап сөйлеп, — оның әулие зиратында сопы болып отырғанына таяуда қырық күн болады. Ол сол әулие зиратынан барлық күнадан әбден тазарып шықпақ!

Сұлтан-паша Бұхарадағы тұрмысымды сұрады, мұнан соң ол:

— Байқа, Тоты ханымның үйіне бара көрме! — деді.

— Неге, апай?

— Құдай сақтасын! Ол үйге жетібасты жалмауыз орналасқан!

Сұлтан-пашамен қоштастым да, ұста Хожа ағайымның үйіне келдім.

Мұнда келіп, қуатты, еңбек сүйгіш және сөзшең ағайымның орнына хал үстінде жатқан шалды көрдім. Оның тіпті сөйлеуге де әлі жоқ. Құлаққа әрең естілегін үнімен ол менің тұрмыс жағдайымды сұрады.

Ұста Хожа ағайым қыстың бас кезінде науқастанған екен. Жерін арзан бағамен би балаларына сатуға тура келіпті.

Мен, Икрам Хожа балаңыз қайда, деп сұрадым.

Өзім ауырған күннен бастап баламды көргем жоқ. Икрам Хожа менен рұқсат сұрамай, тіпті қоштаспастан есекке мінді де кетіп қалды. Қазір ол Вобкентте шешесінің туыскандарының қолында деседі. Саид Акбарды көрсең әкен ауру деп айт. Келіп халымды білсін. Егер қайтыс болды деп естісе әкесін өз қолынан көмсін.

Ағайымның үйінде өзінің әйелі, екі қызы, жаңадан туған ұлы бар екен, бірақ бұлардың да жүздерінде қан жоқ, сөл жоқ, боп-боз, олар бейне қатты науқастан жаңа тұрғандай.

Бұл үйден де әлсіреп, қайғырып шықтым.

Балалық шағым көз алдымнан өтіп жатты.

Біздің бауымыз бен сәкі жанындағы жеміс ағаштары құрап қалыпты, бұл ағаштарды ешкім суармапты. Мен асқабақ еккен жерге құрай өскен.

Үйдің ішіндегі сылақтары да құлап қалған. Көрпелерді тышқандар тесіп тастаған. Ал киізді қарақүйе жайлаған.

Жерімізді көршілердің бірі пайдаланады екен. Ол гектардың төрттен бір бөлегіне мақта егіпті. Бірақ мақта еккен жер катып қалған. Енді бір бөлегіне еккен бидай өніпті, алайда одан түскен өнім салық өтеуге де жетпей

қалыпты. Қоршім, жерінді маған не би балаларына сат, деді. Мен одан бас тарттым.

— Ағайымның келісімісіз саталмаймын, — дедім.

Бұхараға барғанда өзімен Сироджиддиннің күн көруіне керекті қаржыны жазда қайдан, қалай табудың қамын ойладым.

үй мүліктерін сата бастадым.

Тышқандар тескен көрпелерді, қаракүйе түскен киіздерді, ыдыс-аяқтарды, әкемнің тоқыма станогін, диірмен тасын қашайтын жабдықтарын саттым.

Тамақ жағын жақсарттық, Сироджиддиннің бетіне қан жүгіре бастады. Өзіме, ініме екі-екіден көйлек, дамбал сатып алдым.

Біздің қыстақтағы адамдардың көбі, қарттарды былай қойғанда шешек ауруы тараған жылдан аман қалған орта жастағы адамдар да сол жылы қыста қатты болған. Олардың мұрагерлері қайтыс болғандарға оқылатын жаназалардың шығынын өтеу үшін жерлеріне дейін сатып жіберіпті. Бұл жерлердің бәрін де ірі жер қожалары, билердің балалары алыпты да, әке-шешесі өлген шаруалардың балалары оларға жалданып батрақ болып келіп, сол қыста қайтыс болғандардың ішінде жуан Лютфулло да бар.

Осындай апалаң-топалаң болғанына қарамастан Соқтара Жоғарғы махалладан жақсы көрінеді. Ағын суы да бар. Заравшан да алыс емес. Соқтара да азды-көпті жаңалық та бар. Осы жазда біздің қыстақтағы молданың танысы дарбазалық Шоқ молда желіпті. Оның өзі медресені бітіруге жуық қалған, әдебиетті жақсы көретін адам екен. Қыстағымыздың молдасы науқас болғандықтан көшеге сирек шығады. Оның қонағы Шох молда шәкірттерді жыйып алып мешіттің алдындағы ашық жерде оқытады екен. Ол шәкірттерге, әсіресе, әдебиетті бар ынтасымен үйретеді.

Шох молда балаларды өз айналасына отырғызып алып, оларға Бедилді оқып береді.

Мұны білгеннен кейін мен оның сабағына күн сайын барып, өлең тыңдайтын болдым.

Шох молданың Бедил өлеңдерін көшіріп жазған қолжазба жыйнағы бар екен, ол содан ғазелдерді бір жолдан оқып, оның мағанасын балаларға түсіндіреді.

Бір күні ол мынадай өлең оқыды.

Талшыбықтай бұраң бел — жан тірегі,
Үлбіреп, нұр шашады екі беті,
Күніне жүз қарасам көзім тоймас,
Сен бір жан жүрегімің болған дерті.

Ғазелдарды оқып келіп, молда мынадай өлеңге де жетті.

Елтемін көз жанарың түссе маған,
Жұтқапдай зәр шарабын жүз тостаған.
Жүздеген қансыраған мен сыяқты,
Сонда да қуанады-ау бір ғана жан.

Молда бұл өлеңдерді сол оқыған калпында түсіндірді. Осы арада «Мен сыяқты» (тәжікше «чу мен») деген сөз маған ұнамады. Еңкейіп кітапқа қарап едім, онда «Чу ман» деп жазылыпты. Бұл сөз қате жазылмады ма екен деп ойладым. Мүмкін — «чаман» (жасыл шалғын) деп оқу керек болар. Соңынан басқа бір қолжазбадан дәл сол жерде жасыл шалғын деген сөзді таптым, бірақ ересек адамдардың алдында бұл пікірімді айтуға батылым бармады, сондықтан да үндемедім. Ішімнен:

Жүздеген қансыраған жасыл шалғын,
Сонда да қуанады-ау бір ғана жан. —

деп қайталадым.

Шох молда Бедилді оқып берді, мұнан соң мынадай ғазелге жетті:

Қанжардай қадалады көз қарасың,
Денемнің сырқыратып, сай-саласың.
Ішімді сол көздерің уландырып,
Алмұрттың қан шіріндей бойды аласың.

Осы өлеңді түсіндіре келіп, Шох молда былай деді:

— Біздің қыстақ балаларының бірі, медресенің шәкірті Бахрам молда бұл сөзге келіспеді:

— Біздің аулада алмұрт ағаштары бар. Жыл сайын одан алмұрт жыйнаймыз, бірақ оның жемісінде қан болғанын, тіпті қызыл шірін болғанын көрген емеспін.

Шох молда бұған қарсылық білдіріп:

— Біздің дарбазада жеміс бұтағын кесіп жіберсең қоразды бауыздағанда ағатын қып-қызыл қан сыяқты шірін ағатын алмұрттар бар, — деп жауап берді!

Мен ішімнен, Дарбаза алмұрттарынан ал қызыл шіресі шашырап тұрмайтыны жақсы болған екен, әйтпесе, ондай алмұртты жеген адамдардың ауыздары, сәлделері,

шапандары, қолдары қып-қызыл қанға боялар еді-ау, деп ойладым. Сонымен қатар, Бебиль бұл арада басқа сөз жазған болар — «нок» (алмұрт) деген сөз емес, «ток» — жүзім деген сөз жазған шығар деген де ой түсті.

Бахрам молданың сөзінен кейін, батылдығым арта түсіп, өзімнің болжауымды Шох молдаға айттым:

— Мен «нок» деген сөздің орнына «ток» деп оқыған болар едім. Сонда бұл өлең былай болып шығар еді:

Інімді сол көздерін уландырып,
Жүзімнің қан шіріндей бойды аласын.

Шох молда менімен таласқан жоқ:

— Бұл арада өленді көшіріп жазушы қателескен болар «жүзімнің шіріні» деп оқыған жөн.

Бұдан соң Бахрам молда бұл сөзге де:

— Жүзім ағашында да, жүзімнің өзінде де қан жоқ қой,— деп келіспеді.

Тіпті болмаған соң Шох молда бірнеше мысалдар келтіріп, жақындар көбінесе шарапты жүзім қаны деп жні атайтындығына нандырды.

Өлендерді осындай нашар көшіріп жазудың, мұғалімдердің ұқыпсыз оқуының салдарынан адам күлерліктей қателер әрдайым кездесе беретін. Дегенмен осы сабақтар мені шексіз көп қуанышқа бөледі. Соған дейін өзіміздің қыстақта да, тіпті Мир Араб медресесінде де поэзиямен мұндайлық шұғылданып көрген емес едім.

Осы кезеңде жүзім де пісті. Біз Сироджиддин екеуміз Жоғарғы махалладағы нағашы атам мен әжеме қайтып келдік. Бұлардың бауынан бірнеше күн жүзім жедік.

Мизам (сентябрь) айы — жаңа оқу жылы басталатын уақыт та жақындап қалды. Бұхараға баратын да мезгіл жетті.

Інім екеумізді Құрбан Нияз нағашы ағайым қалаға өзі апарып салмақ болды.

БҰХАРАҒА БАРАТЫН ЖОЛ

Құрбан Нияз нағашы ағайым інім екеумізді бір есекке мінгізіп, өзі басқа есекке мінді. Сөйтіп, біз Бұхараға жол тарттық.

Мінген есектеріміз арық, әрі кәрі еді, сондықтан жол-жөнекей жиі-жиі тоқтап, демалдырып, шалдырып алуға тура келді.

Қас карайып, түн болғанда Гала Осиеге жеттік, бұл арадан Бұхара сегіз шақырым жерде еді.

Қаланың қақпалары кешкі намаздан кейін жабылатын, мұнан соң қалаға кіруге де, қаладан шығып кетуге де болмайтын.

Нағашы ағайым әдеттегідей, Гала Осиеге қонғысы келмей жол үстіндегі шайханалардың біріне қоналық, деді.

Сөйтіп, түнде жүріп отырып, біз Кахкашон қыстағына жеттік. Бұл арадан Бұхараға дейін төрт шақырым ғана еді.

Ағайым бір үйге келіп қақпаны тықылдатып қақты.

Біреу қақпаның кішкене есігін ашты да:

— Сізге кім керек? — деп сұрады.

— Мажидтің үйі осы ма?

— Я, не шаруаңыз бар еді?

— Біз қалаға кетіп бара жатыр едік, кешігіп қалдық. Қонып шығуға болмас па екен?

— Қоныңыз — деп жауап берді жаңағы дауыс.

Қақпа ашылды, біз аулаға кірдік. Үйден шыққан адам есектерімізді қораға байлады да, бізді қонақтар бөлмесіне шақырды.

Кіреберісте сандал тұр екен. Оның айналасында екі қарт мақта тазалап отыр. Олар мақтаны қауашақтан қолымен аршып алуда. Сол үйдегі екі мақта тазартқыштың бірінде жас жігіт жұмыс істеп отыр. Оның жанындағы үйдің қабырғасына сүйей жыйнағанда үлпілдек ақ мақта үюлі жатыр, мақта тазартқыштың алдында мақтаның аршылған шиті төбе боп үйілген. Сандалдың үстінде биік бір текшеге қойылған қара май шам жанып тұр. Бұл шамның нұскасы бейне желқайық сыяқты, оның екі жағына бірдей жеткізе салған пілігі арқылы лаулап екі қызыл тілі лап-лап етеді. Осы шамның жарығы сандал айналасына да, бөлменің мақтаны шитінен тазартып жатқан бөліміндегі ұршықтың айналасына да жетіп жатыр.

Біраз уақыт өткен соң үйге жасы жыйырма бестер шамасындағы бір адам кірді. Құрбан Нияз орнынан қарғып тұрып, келген адамды қарсы алды. Қелген кісі де

Құрбан Ниязға қарай ентелей жүгірді. Олар құшақта-
сын көрісіп, бірінің бетінен бірі сүйіп жатыр.

Мұнан кейін екеуі де жайласып отырды да, өзара сөйлесе бастады.

Ағайым былай деді:

— Біз шақырылмаған қонақпыз. Сіз үйде жоқ екен-
сіз, әйтсе де сізден рұқсатсыз кірдік.

— Оның несін айтасыз? Бұл сіздің де үйіңіз ғой. Өз
үйіне келген кісіден рұқсат сұраудың не қажеті бар?

Үй иесі ағайымның алдына дастарқан жаюға әмір
етті.

— Сіз қақпаны қаққанда мен осында едім. Мені ұс-
тауға келгендер болар деп ойлап, жасырынып қалған
едім. Сіздер аулаға кірген соң тесіктен сығалап қарасам,
сіз екенсіз, келгеніңізге шексіз қуаныштымын.

— Ал, шаруа қалай?

— Егер маған тыныштық берсе, шаруа жаман бол-
мас еді. Еш жерге жұмысқа жалданғам жоқ. Кедей бол-
сам да еріктімін. Көрдіңіз бе, мақта тазалап жатырмын.
Оңай іс емес, мұндай істен барлық тырнағыңнан айрылу
да ғажап емес. Бірақ күш-қуаты бар адамға жұмыстан
қорқу ұят.

— Менің де күн көруге әрекетім осындай. Жаман
жұмыс емес. Бірақ, алатып ақың жұмсаған еңбегіңе
тұрмайды. Егер қожайындар алдамай ақы төлесе жаман
болмас еді.

— Алғашқы кезде қожайындар мені де алдаған бо-
латын. Ал мен ондай алдауға жұдырықпен жауап бер-
дім. Қазір олар менімен дұрыс есеп айырысатын болды.

Шай әкелініп, дастарқан үстіне нан туралды.

— Тек осы билер мазамды алып бітті. Менің үйде
екенімді, киімім бүтін, тамағым тоқ екенін білсе-ақ бол-
ғаны қызметшілерін бірінен соң бірін жіберіп, үй ішім-
нің астан-кестенін шығарып, тінтіп, мені іздей бастайды.
Алысқа, аулаққа қашып барып ұрлық жасап, қарақшы-
лық істеуге тура келер деймін, сонда олар мені мазала-
уын қояр, өзімнің де тамағым тоқ, киімім бүтін болар.

Біз шай іштік те, ұйқтауға жаттық.

Таң сәріден тұрдық та, үй иесімен қоштасып, жарық
түскенше жүріп кеттік.

Құрбан Нияз ағайым біз қонып шыққан үйдің иесі
туралы маған мынаны айтты.



Мен Гиждуан биінде қызмет істегенімде,— деді Кūr-бан Нияз,— Гиждуанның салық жыйнаушылары халықтан жыйнаған ақшасын Әмірге табыс ету үшін Бұхараға жіберді.

Ежелгі дағды бойынша тартулар мен салықтар Әмірге таңертең табыс етілетін. Салық жыйнаушылар таңертең Бұхарада болу үшін өздерінің керуенін Гиждуаннан түнде жөнелткен еді.

Бірақ сол күні түнде Размоз қыстағы маңында керуенге ұрылар шабуыл жасап, күзетшілердің быт-шытын шығарып қуып, тартудың біраз бөлегі мен ақшаны тартып алып кетіпті.

Гиждуанның, Бұхара мен Вобкент күзетшілерінің басшылары жаңағы ұрыларды іздестірумен болады, бірақ, ұрыларды да, мүліктерді де таба алмайды.

Ақыр аяғында, Әмір өзінің адамдары арқылы Тали-Зарангар маңындағы ескі керуен сарайға түнде ұрылар жыйналып, сол жерден шабуыл жасайтындықтарын біледі.

Әмір Гиждуанның төрт чиновнигіне — биге, старостоға, салық жыйнаушы мен приставка жалғыз керуен сарайды түнде қоршап алып, ұрыларды тірідей қолға түсіріп, Бұхараға жөнелтіндер деген бұйрық береді.

Гиждуанның чиновниктері Әмірдің бұйрығын алысымен өздерінің адамдарын қаруландырып, старостаның орнына Абдул Вахит биді Гиждуанда қалдырып, үшеуі қызметшілерін ерте барып, жаңағы керуен сарайды қоршауға алады. Мен би қызметшілерінің ішінде едім.

Біз Факелдер жағып, керуен сарайдың төңірегіне қойдық. Адамдардың бір бөлегі керуен сарайға шабуыл жасады, қалғандары қару алып, өзір тұрды.

Мен қолыма қанжар ұстап, қабырғаның кұлаған жерінде тұрдым. Қапелімде қорадан қашып шықпақ болған бір салт атты адам қарсы алдыма жетіп келді. Мен аттың аяғына қанжармен періп жіберіп, жығып, ат үстіндегі адамға қона түсуді ойлап тұрмын.

Менің ойымдағыны білгендей, жаңағы салт атты жақындап келіп:

— О, батыр! Менің жас жанымды ая. Босат мені Менің кұтылуыма мүмкіндік бер, — деді.

Қарасам қарсы алдымда қыршындай жап-жас, иман жүзді, бір жігіт тұр екен. Аяп кеттім де, оған тиместен қоя бердім.

Мен бұл уақытты саған өте ұзақ қайтып келем, ал біздің кездесуіміз тіпті қас қаққандай уақыттың арасы еді.

Абду Вахит би өзінің қызметінен кеткенде, мен де бидің қызметшісі болуды тоқтатқам. Егер ұмытпасаң сол жылы қар қалың жауып, күн суық, қыс қатты болды ғой. Осындай күндердің бірінде нағашы атаң мені далада мал бағып жүрген Ниязхонға жылы киім, нан апарып бер деп жұмсады.

Мен баяғы қанжарды беліме байлап, қапты алып, атымды ерттеп міндім де, жүріп кеттім.

Ініме апарғандарымды түгел табыс еттім де, одан біраз елтірі алып, ізімше үйге қайттым.

Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы еді. Мен Харизге келгенімде атым қос құлағын тікірейте үркіп, жолдан жалт берді, бірақ үлгере алмады, біреу шаужайыма келіп жабыса түсті, мен қанжарға қол салдым, жаңағы адам менің ол әрекетіме қарамай:

— Түс аттан! — деп бұйырды.

Мен қанжармен періп жібергенімде, атымның тізгіні босағанын байқадым. Қатты тебініп алға ұмтылдым. Атым ышқынып бір аттап үлгермедім. Өздерін танытпау үшін беттерін орамалмен танып алған үш адам мені ұстап алды. Түн онсызда қараңғы еді, әлгі адамдардың бетін көру, тану қайда. Екі қолымды артыма қайырып байлап тастады. Атым жерден тұра алмай төңбекшіп, тыпырлап жатыр, оның жіліншік сіңірін қылышпен шауып жіберіпті.

Шылауымды ұстасымен-ақ қанжарыммен қолын осып жіберген адам мені дереу өлтіру керек, деді. Оның достары бұл ұсынысқа келіспей.

— Жок, бұл өз бетімізбен үкім шығару болады! Басшыға апаралық, — деп көнбеді.

Әлгі адамдар қабымды арқалатып, мені даламен айдап отырып, бір үйге алып келді. Үй іші мүлде қараңғы екен, онда бірнеше адам отыр. Барлығының да беттері орамалмен таңылған, тек көздері ғана көрінеді. Мені қолға түсіргендердің бірі алға шығып, қалай тұтқынға

алғандарын айтты. Менің қанжарымнан жараланған жаңағы адам, дереу өлтіру керек, деп дікілдеп тұр.

Үйде отырғандардың бірі бұған келіспеді.

— Өлтіруге әруақытта үлгіреміз. Ең әуелі кімді өлтіретінімізді білелік те! — деп менен сұрақ ала бастады. Мен жауап бермедім. Өз қанымды босқа төкпей, осылардың біреуін өлтіріп, жастығымды ала кетуге мүмкіндік болар деп ойладым. Бірақ екі қолым бірдей байлаулы.

Қаракшылардың бастығы менің сөйлегім келмей тұрғанын ұқты да, майлы таяқты жағуға бұйрық берді. Сөйтіп, жаңағы жанған таяқты менің бетіме тақады.

Дәл осы кезде бастық айқайлап:

— Мынау менің досым ғой! Бұл мені өлімнен алып қалған болатын! — деді.

Ол жаныма келіп, қолымды шешті де, қатты құшақтап бетімнен сүйді. Мұнан бір жыл бұрын айдаладағы керуен сарайдан өзім құтқарып жіберген адам осы екені сол жерде анықталды.

Түнде қапелімде сондағы жолыққаннан кейін оны ешбір көрген емеспін, тіпті танымайтынмын да. Ал ол маған күндіз әлденеше рет кездесіп көріпті. Ол сол арада менің хал-жайымды сұрады. Мен бастан-аяқ айтып бердім. Содан бастап дос болып кеттік.

Бүгін түнде біз соның үйінде қондық. Мажид Қахкашон деген жігіт сол еді.

Қ А Й Ы Р Ы М Д Ы Қ А Л А Н Ы Ң А У А С Ы

Таңертең ертемен Бұхараға келдік.

Су тасығыштар көшелерге су сеуіп жүр екен, жер ылғал, мұрныңа жоңышқа мен қауынның сіңген иістері келеді, бірақ қыстақтың сезілер-сезілмес осы иісі қаланың тапжылмайтын, кою, дағдылы сасық иісіне сіңісіп кеткен, мұнда көшелердің тар саңлаулары әлі де ала көлеңке, сап-салқын, биік үйлердің төбелеріне күннің қызғылт сәулесі жаңадан түсе бастаған.

Біз ағайымның кұжрасына келдік. Ол Керіктен қайтып келіпті, өткен жылғы өзінің кұжрасында тұрады екен.

Сироджиддинді қалаға алып келгеніме Мұхиддин бастапқы кезде таң қалды. Ол бұған мүлде наразы бо-

лып қалды. Бұдан соң мен оған ағайындарымыздың тұрмыс-халының өте ауыр екенін, Қиромиддиннің қайтыс болғанын айтқанымда, ағайым інімді алып келгенімді дұрыс деп тапты.

Құрбан Нияз сол күні қайтып кетті. Біз оған қоныңыз деп өтініш айтып едік, көнбеді, Құжрамызды көріп, төрт адам жатарлықтай орын жоқ екенін ұқты білем.

Менің мұғалімім Абду-Салом молда мен оның табақтастары қайтқан екен. Мен оларға тағы да ас пісіруші болдым.

Сабақ әлі басталмапты.

Әзірге алдағы оқу жылына мұғалімдермен қарым-қатнас жасалып жатыр екен.

Оқу ақысы анық белгіленгеніне қарамастан, шәкірттер оқу жылының басынан-ақ ақшаларын әзірлеп қойыпты.

Бұхара мұғалімдерін үш топқа бөлуге болар еді.

Біріншісі — қабылетті, білімді адамдар, бұлар медреседе өтетін оқу сатыларынан түгел өтпегенмен, жаңадан келген шәкірттерді оқыта бастағандар. Мұндайлар Абду-Салом сыяқты мұғалімдердің көмекшісі ретінде сабақ беретін.

Екіншісі — кіші мұғалімдер, олардың тапқандары шығындарына да жетпейтін, ондайлар мұғалім болып тапқандарымен әлі күн көре алмайтын. Олар дұрыс дәрежеге жету мақсатын көздеп, барынша қажырлы еңбек ететін.

Үшіншісі — бірнеше жыл мұғалім болып келе жатқан, өзінше едәуір-ақ дәрежеге, даңққа ие болған, сондықтан да шәкірттері көп, көрнекті мударистер, аға мұғалімдер еді. Бұл мұғалімдердің қайсысы болса да менен оқы, тек менің лекциямды тыңда деп шәкірттерді зорламайтын. Шәкірттер өз қалаулары бойынша мұғалімдерді таңдап алатын, қай медресеге барса да ерікті, егер бірі ұнамаса екіншісіне баруға, көңілдеріне жаққандарын тапқанша ауыса беруге ерікті еді. Сондықтан да мұғалімдердің медресемен байланысы тұрақты мұғалімдердің еңбек ақысына жұмсалатын уақытқа қарай болатын. Осы уақыттан түскен табыс тұрақты мұғалімге берілетін де, сол медреседе тұратын шәкірттермен мұғалімді осы табыс қана байланыстыратын. Мұғалімдер мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас ерікті түрде жүргізілетін.

Зекеттен басқа мұғалімдердің мүмкіндігінше шәкірттердің көп болуына, шәкірттердің әрдайым сый, құрмет көрсетіп тұруына мұғалімдер құштар еді.

Мұндай көрнекті мұддаристердің табысы өте көп болды. Олардың кейбіреулері мұғалімдікті місе тұтпай, заңдарды түсіндірушілер-мұфтилік қызмет атқарды, сөйтіп, бұған да көп ақы алатын.

Бидайдың бұты жетпіс бес тыйын болған кезде шәкірт «Шархи молдаға» түскенде мұғалімге жетпіс бес тыйынан екі сомға дейін ақы төлеуші еді, «Акаидка» түскенде төрт сомға дейін төлейтін. Сөйтіп шәкірттің білімі артқан сайын, оның мұғалімге төлейтіні де қымбаттай түсетін. «Жалол молдаға» түскеннен бастап, шәкірт оқу ақысына жыйырма сомға дейін төлейтін болған. Ал оқуды бітірер алдында «хатми Күтубка» түскенде шәкірт жүз сомнан екі жүз сомға дейін он бес сомнан отыз сомға дейін ақы төлеуші еді, мұның өзі қырық пұт бидайға тең келетін. Мұғалімдердің тарту ретінде алатын осындай ақысының мөлшері шәкірттердің қаржысына байланысты. Сонымен бірге, оқытушылардың шәкірттерге назар аударуы да олардың берген ақыларына қарай болатын.

Оқудың басталуы барлық шәкірттердің жыйналуын күтіп, әдетте декабрьге қалдырылатын.

Мұғалімге берілетін қаржының біраз бөлегі жүзім, халуа, қант тағы басқа тәтті тағамдар, тоқаш нан мен шапан сатып алуға жұмсалып та кетіп жүрді. Шәкірттер осылардың бәрін жез подносқа салып, сабақ басталар алдында өздері оқыйтын құжраға әкеліп, мұғалімге табыс ететін. Ал ақшаны қағазға орап, қолдан-қолға өткізіп, ақырында мұғалімге беретін.

Шәкірттер кейде осы ақшаның біраз бөлегін кейінге қалдырып бірлесіп той жасаушы еді.

Егер шәкірттер тобында кітап оқып беретін мұғалім бұхаралық болса «Акаидка», «Жами молдаға» түсер алдында, медресені бітіру қуанышына үлкен той жасаушы еді. Бұл тойды жасау үшін сол топтағы шәкірттер бірлесіп, ақша жыйнайтын.

Мұндай той жасалар алдында ежелгі дағды бойынша жаңағы оқушы Әмірге арнаулы тарту апарып беріп, той жасау үшін рұқсат алатын. Тойға Бұхараның жоғарғы биі, мұфти, жоғарғы чиновниктердің кейбіреулері, медресе міндетті қызмет атқаратын барлық молдалар және

сол мұғалімнен сабақ алатын барлық шәкірттер түгел шақырылуға тиіс.

Шәкірттердің берген ақылдарынан мұғалімдердің табыстары біржарым мың сомға жететін, бұған екі жарым мың пұт бидай сатып алуға болар еді. Осындай табысқа құмартқан, әкімшілік және заң қызметінен қолдары босамайтын, сабақ беруге ешбір қаблеті жоқ Бұхараның жоғарғы биі мен дуанбасы да шәкірттерден ақы мен тартулар алу үшін лекциялар оқып немесе сабақтар беруді кәсіп етіп алған. Оқудың ақырғы жылында жоғарғы бидің лекциясын тыңдамақ болған шәкірттер оның қабылдау бөлмесіне сыймай кететін. Шәкірттердің би лекциясын тыңдауға мұншалықты ынталануы айтпаса да түсінікті. Өйткені мемлекеттік қызмет орындарын жоғарғы би бөлетін, түрлі чиновниктерді де өзі тағайындайтын. Мұндай жағдайда би басқа мұғалімдерден сабақ алған шәкірттерді былай қоя тұрып, алдымен өзінен сабақ алғандарды жұмысқа орналастыратынында сөз жоқ.

Мен сабақ басталғанға дейін күндіз бос болдым.

Осындай күндердің бірінде құжрамыздың жалтырауық қағазбен жапсырылған терезесін ашып, көшеден өтіп жатқан адамдарға карадым. Терезеден адам шыдағысыз сасық иіс келіп тұрды.

Мұның өзі мүлде жат иіс, қайдан шыққанын біле алмай таң қалдым.

Терезені қайтадан жаптым да төменге түсіп, қалаға шықтым. Жүріп келіп шайханаға кірдім де, төбесіне шығып, қабырғаның көлеңкесіне отырдым.

Бұл араның ауасы таза екен, бірақ жанағы сасық ғажап иіс мұнда да жетіпті. Мақта базарының тар алаңынан шыққан айқай мен шудың ұштасқан тынымсыз беймаза ызынынан құлақ тұнады. Қала төңірегіндегі шаруалар базарға жүздеген қап, бума-бума мақта жеткізген екен. Олар әкелген мақталарын үлкен таразылардың айналасына таудай етіп үйіп, өлшетіп, алыпсатарларға сату үшін кезек күтіп тұр. Таразышы әрбір шаруамен әуреленуден жалқауланып, ондаған қапты бір-ақ өлшеді.

Мен жоғарыдан карап отырып, әр шаруаның канша мақта әкелгенін таразышы қалай айтып береді екен деп таңқалдым.

Таразышы әрбір шаруаның әкелген мақтасының салмағын қатты айқайлап қайталап тұр. Ол шаруаның бі-

реуіне — үш, үш! Екіншісіне — бес, бес! — деді. Бірақ, шаруалардың көпшілігі оның айтқанына келісер емес.

— «Бес, бес» емес, алты! — деп ақырды шаруалардың бірі таразышыға.

Ал таразышы оның айтқанына құлақ қойған жоқ. Өзінің шаруасын істей берді.

Жаңағы шаруа қайсарланып, өз сөзінің акихаттығын дәлелдемек болып, қабын қайта өлшеуді талап етті, сөйтіп таразының басын ұстап жібермеді.

Таразышы шаруаның мақтасын жерге лақтырып тастап, таразының басын қолынан жұллып алды. Шаруа мақтасын жерден көтермек болып, таразыны қолынан шығарып жіберген кезде, таразышы екінші бір шаруаның мақтасын таразыға салды.

Мұнан кейін таразышы тай-таласып, айыпты болған жаңағы шаруаның мақтасын көпке дейін өлшемей қойды. Ақырында бишара шаруа көзінен жасын ағызып, таразышының аяғына бас ұрып, жалынып кешірім сұрауына тура келді.

Мақтаны сатып алушы алыпсатармен есеп жасасқан кезде талас, жанжал тағы да өршіді. Алыпсатардың есебіне шаруа келісер емес, ал алыпсатар өзінің айтқанынан қайтпай, қатып қалды. Сатылатын мақта салмағының дұрысын айтуды растауға таразышы шақырылды. Ол ашып ештеңе айтпастан астарлы бір пішінмен басын изеді де, таразысына қайтып кетті, оның бұл бас изесі шаруаның айтқанын растады, алыпсатардың сөзін жақтады деп те ұғуға болар еді. Егер шаруа айтқанынан қайтпай таласа берсе-ақ болғаны, алыпсатар қайсар шаруаның қабын шетке лақтырып тастай беріп, кезек күтіп тұрған келесі шаруамен саудаласа бастайды. Мен осы уақытгаларды көріп, ойланып отырып, мына таразышы мен алыпсатардың күштілігі — бұлардың аздығында, бірін-бірі қостайтындығында, ал шаруалардың әлсіздігі — өздерінің алауыздылығында деп білдім. Шаруалар бірін-бірі итермелеп шығарып тастап, әркім өз қабын бұрынырақ өткізуге тырысады, олардың біреуі алыпсатармен таласып жатса, басқалары алыпсатарға жетуге асығып, жаңағы таласушы шаруаны итеріп шығарады, ал келесі шаруа тағы да алданып қалса, оны да ешкім жақтамайды, сондықтан алданған шаруа өзінің жалғыздығына көзі жеткен соң, алыпсатардың дегенімен келісуге мәжбүр болады. Сатып алушылар сатушылардан аз болғандық-

таң, сатып алушы табылмастай көрініп тұр, сондықтан оның ақ дегені алғыс, қаре дегені қарғыс.

Сол кезде мен үй төбесінен базардың тар санлауына көз салып отырып, көпе-көрнеу алдау мен арбауды, мына сыяқты базар озбырлығын қандай күшпен, қалай жоюға болатынын шеше алмадым. Бірақ сол отырысымда озбырлықты, өтірікті өз көзіммен көрдім, шаруалардың жапа шегуін жете түсіндім, бойымды әлдеқандай ашу кернеді, не керек, сол ызаны жоярлықтай күшті қайдан табуды білмедім.

Мен ол кезде он төрт жаста болатынмын.

* *
*

Қасыма Пирак келгенде, мақта базарына қарап, үлкен ойда отыр едім.

Қыстақтан қайтқалы оны әлі көргем жоқ. Ол Өгіз екеуі де бір жаққа барып, тек бүгін келіпті.

Біз әрқайсымыз жазды қалай өткізгенімізді бір-бірімізге бастан-аяқ баян еттік. Мұнан кейін Пирак менен:

— Сен мұнда неге келдің? — деп сұрады: Мақта базары гүлдеген нағыз ара ұясы ғой. Басқа баратын жер таппадың ба?

Мен оған адамның жаны төзгісіз сасық иістен әдейі қашып келіп отырғанымды айттым.

— Ол иіс мал сататын жерден келіп тұр. Бұрын ол отын базарында болатын. Қасапшыларға бұрынғы орны алыс көрінген болу керек. Осы мұңкіген иістен медреселердегі де рахаттансын деп қамқорлық жасап, дуанбасы қасапшылардың малды қала ортасында союларына рұқсат беріпті ғой.

— Иісі анқыған ондай орынды Бухараның мәдениетті қақ орталығынан гөрі, адамдардан аулақ, шет жерден салу керек қой!

— Охо! өзің қыстақтан келе салып дүние жүзіндегі ең мейірбан адамдардың, тіпті қала басшыларының ісін кіналағың келді ме? Сен айтып тұрған қасап біздің медресеміздің маңында быйыл ғана пайда болды. Ал Күкельдаш маңындағы медресе Бухарадағы ең ірі, ең даңқты, ерте заманнан келе жатқан медресе. Оның жанындағы қасап көптеген жылдардан бері көркейіп, гүл-гүл жайнап-

ақ келеді. Оған ешкім наразылық білдіріп көрген емес. Қасап үйінің қабырғасы Хиобон медресесі үйінің қабырғасына түйісіп тұрады, бірақ Хиобон медресесі шәкірттерінің бір де-бірі шағым айтып көрген жоқ. Барлық жерлерде — жаңа базарда да, Хожа базарында да, Гоцион базарында да күллі кішкене базарларда да мал дегенін адамдардың көз алдарында сойылады да, қасапшылар сол мал сойған жердегі өздерінің дүкендерінде ет сатады. Ал регистанның мал соятын жері, Әмір сарайының қарсы алдында, оның хош иісі жоғары мәртебелі Әмірдің де мұрнына барады, бірақ наразылық білдіріп көрген емес. Ондай иіспен сіңісіп кеткен! Қасап үйінің сасығына да, мақта базарының иісіне де, осылардың бәрінен бұрын сен дағдылануға тиіссін. Мәдениетті, мейірбан Бұхараның әуесіндегілердің барлығына да дағдылану қажет. Мұндағы иістердің бәріне де төзіп үйрен, болмаса тұншығасың!

Пирак бұл сөздерді айтқанда әлдеқандай қайғы, қасіретті адамдай беймазаланып кетті. Кенет ол менің құлағыма сыбырлап:

— Малды сенің көз алдында сойған ұнамай ма? Онда осы араға таяу жерде адамдарды да соятын орын бар, онда қайтесін! — деді.

— Мен сасқалақтап:

— Қандай! — деп сұрадым.

— Кезі келгенде мен саған ол жерді де көрсетермін! — деді Пирак.

Ол орнынан тұрды да, бір жаққа баруға асығып жүріп кетті.

Мақта базарындағы айқай-шу күшейе түсті. Біреудің қатты айқайлаған даусы шықты. Мен енді базар шуына құлақ қоймадым. Пирақтың асыға айтқан қорқынышты сөзі туралы ойлаумен болдым.

* * *

*

Менің мұғалімім Абду-Салом ет алып тұратын бір қасапшымен таныстырды.

— Сен әлі баласың, саған етті кем өлшеп, тіпті қаусаған сүйек беріп жіберуі де мүмкін. Мына адамға сені әдейі әкеп тұрмын, бұл кісі саған жақсы ет берем деді, алдамайды да.

Бір күні ежелгі дағдым бойынша ет дүкеніне барсам, дүкен ашық түр екен, бірақ ішінде қасапшы жоқ. Мен көршілерден сұрап едім:

— Біраз тұратұр,— деді олар,— ол мал соятын жерге кеткен болар.

— Ол жер қайда?

— Осы маңда. Көшенің басындағы бұрылыста.

Бұрылыс көше де жақын еді. Мен палау пісіруге кешігіп қалам ба деп қауіптеніп, мал сойып жатқан жерге баруды, қасапшыны тез ертіп келуді ұйғардым.

Сөйтіп, мал сойылып жатқан жерге келгенімде, сасық иістен демімді алалмай қалдым.

Өзімді-өзім зорлап ішке кірдім.

Мұның өзі жартылай қаранғы, үлкен сарай екен, төрт бұрышта төрт бағана тұр, сарайдың жабырғаларына үлкен ілгіштер қағылған, оларға жаңада ғана сойылған қойлардың тұтас мүшелері ілінген. Кірпіштен қаланған ұзын арық сарай ортасынан кесіп өтіпті. Оның жағаларында қасапшылар мал сойып жатыр, сойылған малдардың қан-жыны сол арықпен ағады екен. Арықтың іші көпіршіген қанға лық толған. Қаннен-қаперсіз аяқ астына келіп домалап жатқан қойларды бауыздауға жер босату үшін, сойылған малдың ішіндегі қыйлары да жаңағы арыққа келіп құйылып жатыр.

Осы арықтың дәл төбесінде иіс тартатын терезе бар екен. Сол мардымсыз жарық беріп тұрған терезеге иісі мұрнымды жарған, қан-жын жайлаған, сасық алақөлеңкелі сарай ішінен абайлап жоғары қарап едім, дәл төбемнен өзіміздің құжрамыздың ерте заманғы терезесіне көзім түсті. Сонда ғана бізге сасық ауаның қайдан келетінін білдім.

Енді қасапшылардың ішінен ет дүкенінің қожасын тауып алдым. Ол қойларын сойып жатыр екен. Оған, мені кешіктіре көрмеңіз, деп едім, қасапшы қанданған қолын етегіне сүртті де, маған ілесе шықты.

Жол-жөнекей қасапшыдан:

— Жаңағы сарайдағы арық қан-жынға лық толып кетіпті ғой. Оның ішіндегіні енді қайда жібереді?— деп сұрадым.

— Сарай артындағы медресенің маңында жаңағы арықпен аққандар қуылатын үлкен құдық бар. Қар мен жауын суы да соған ағызылды. Қасапшылар қанды, сол сыяқты барлық қалдықтарды да сол құдыққа төгеді. Ал

оны бұралқы иттер жеп қорек етеді. Одан артық не керек? — деп таңданды қасапшы.

Қабырғаларында үшкір ілгіштер ілулі тұрған осы қараңғы сарай есімнен кетпей-ақ қойды. Адам қасабы туралы Пирақтың сөзі қапелімде құлағыма тағы да естілгендей болды, мен қасапшылар сарайына кіріп шыққаннан кейін, Пирактан естіген сөздерім денемді тағы да тітірентті.

— Пирак — дедім мен оны көргенімде, — сен әлгі бір жерді көрсетем дегенің қайда?

— Несі бар! — деп келісті Пирак, — егер жолың болса кұр орнын ғана көріп қоймассың. Ол жерден өлімді де көрерсің.

РЕГИСТАН

Біз Пирак екеуміз ерте тұрып, таң қараңғысынан Регистанға бардық.

Егер кешігіп баратын болсақ бізге Регистанда болатын қызықты көретін бос орын қалмайды, деп ескертті Пирак.

Сол кезде Регистан төңірегінен көптеген кұрылыстар салынған еді, сондықтан ондағы алаңның көлемі ширек гектардан аспайтын.

Әмір сарайы орналасқан Арктің қақпасы жаңағы алаңның ортасында болатын. Алаңнан қақпаға қарай Тахтапуль көпірі салынған. Поянда мешіті жанындағы көпірге жуық төбенің ең биік жерінде Әмірдің ескі ашалы зеңбіректері тұр.

Көпір астында жерден қазылған Қанахон зынданы бар екен.

Біз алаңға келгенімізде Дару-ш-шиф медресесі мен Поянда мешітінің төбелері халыққа лық толып қалған екен. Үй қабырғаларының жанында да тізбектеліп адамдар отыр. Бізге отырып көретін қолайлы орын қалмапты. Өзіміз сыяқты орын іздеп жүрген адамдардың сонынан еріп, шығыс қабырғаны түгел аралап шықтық, зеңбіректер тұрған жерге дейін келдік, бірақ еш жерден орын таба алмадық. Пирак зеңбіректің үстіне шығалық деп ақыл айтты, біз зеңбірекке аяқтарымызды салбыратып, атша мініп, отырып алдық. Кейбіреулер ақырын ғана ескертіп:

— Ау, сендер не істемексіңдер? Қайда шығып бара-

сындар? Бұл жоғары мәртебелі Әмірдің зеңбірегі ғой... ал сендер...— деді.

Алайда, біздің жанымыздан сарайға кіріп-шығып жатқан, әрі-бері өтіп жатқан күзетшілер де, Әмірдің адамдары да, бізге ештеңе деген жоқ. Өйткені бұл зеңбіректердің атуға жарамай қалғанына көп уақыт болғанын олар жақсы білетін. Ал бізге осы арадан көпір үстіндегі қақпа, сол қақпадан көпірге дейін тартылған ауыр шынжыр жақсы көрініп тұрды.

— Егер бүгін Әмір қақпасы ашылатын болса, онда анау тұрған ауыр шынжыр шешіледі. Онда көруге тұрарлық зор уақытқа болатыны сөзсіз. Егер Әмір қақпасы ашылмайтын болса, шынжыр түске дейін сол калпында қалады. Онда Әмір қақпасының бүгінгі ашылуын көруге келгендер өздерінен өздері-ақ тарап кетеді,— деді Пирак.

Пирак сөзін айтып болысымен, екі күзетші Арктан жүгіріп шықты да екеулеп шынжырды көтеріп, бір шетке апарып қойды.

Осы кезде үлкен көше жақтан жеміс пен түрлі тағамдар сататын дүкендердің аржағынан Әмір сарайының қызметшілері, салт аттылар шыға келді. Салт аттылардың үстеріндегі жібектен, алтыннан, атыластан тіккен шапандар жарқ-жарқ етеді. Белдерінде алтын мен күміс орнатқан, теңге қадаған белдіктері де жарқырап көрінеді. Белдіктеріне байлаған алтын немесе күміс қынды қанжарлары салақ-салақ етеді. Аяқтарына кигендері американың сары ботинкасы, ал бастарына қозы құйрық дөңгелек ақ сәлделер ораған.

Үстеріне белбеусіз кең шапан, бастарына тақия, аяқтарына бір түсті ботинкелер киген жыйнақы атшы малайлары әрбір салт аттының үзенгілері алдында ентелеп жүгіріп келеді. Олардың кейбіреулері өз қожасының жолын аршу үшін одан озып кетпек болған екінші салт аттының атын қақпайлап, жол бермей бөгеп барады. Екінші біреулері аттың шаужайынан ұстап, алға сүйре-мелейді, егер ат көткеншектен алға қарай аяғын баспай қойса, олар құлақ тұнатын сөздермен балағаттайды, бұл балағатты естіген жұртшылық әуелі үрейлері ұшып, боп-боз боп кетсе, біраздан кейін қарқылдасып ду күліседі.

Көпірге бірінші болып келуді мақсат еткен жаңағы салт аттылар да өзі басып озбақ болған, алдында келіп жатқан аттыдан басқа ешкімді көрер емес.

Салт аттылар көпірге жетті де жапа-тармағай аттарынан түсті.

Бұлар аттарынан түсісімен баяғы топырлаған қалпында көпірге қарай жармаса бергенде Арктің есігінің алдында қалшыйып тұрған алтын зерлі шапаны бар, беліне алтын белдік байлаған адам қолындағы алтын балдағын көтеріп, қаһарлы үнмен:

— Тәртіп сақтаңдар! Өйтпесендер мен сендерге көрсетермін! — деп ақырып қалды.

Бұл үнді естіген сарай қызметшілері жым болды, олар маңғазданып көпірден өте бастады, алдымен алтын шапан кигендер, онан соң жібек шапандылар, ең артында атылас шапан кигендер жүрді. Бұлар осы тәртіпшен Аркке барып кірді.

Алтын балдақты адам «ұдайшы»—құрметті уәзір екен.

Атшы малайлар босаған аттарға қарғып мініп, көкпар шапқандай алды-артындағы аттарды қамшымен сабалап, Дар-Үш-Шиф медресесінің қабырғасына қарай жабыла ұмтылды. Арктен хожалары шыққанда аттарын бірінші болып жеткізіп беруді мақсат еткен малайлар, аттарының бастарын алаңға бұрып, көпірге жақындай түсуге жанталасып келеді.

Сарай қызметшілері Аркке кіргеннен кейін Әскери музыка ойналды, Әмірдің атты әскері казармадан Регистанға шықты. Бұл әскер бөлімдері «Кавказ» деп аталады екен, олардың киімдерінің жалпы нұсқасы дағыстандықтардың үлгісін еске түсіреді, бірақ, киім түстеріне қарай Кубань, Тер, Түрік отрядтарына бөлінген. Жалпы киімдері әскерлерден де гөрі циркте ойнайтындардың костюмдеріне ұқсас. Бұл әскерлер үнемі казармада тұрады. Әмір қайда барып тұрса да, оның сарайының қатарынан «Кавказдықтарға» арнап қазарма жасалатын. Олардың қазармадан шығуларына қатаң тыйым салынған. Өздері он сегіздер шамасындағы кілең жастар. Қартая бастағандары аттылардың артында жаяулар сапында желеді. Жаяу әскердегілер өмір бойына, қартайғанша, тіпті өле-өлгенше қызмет ететін, олардың әскерде қызмет ету мерзімі мүлде белгіленбеген.

Атты әскерлер музыка сазымен Арк жаққа қарай тәжім етті де, алаңнан кетіп қалды. Олардың орнына жаяу әскерлер келді. Бұлар екіге бөлінген: бірі «Шамбегі», екіншісі «Сешамбегі» деп аталады екен. Бірінші бөлегі әскери өнерді жексембіден сейсембіге дейін, ал екінші-

сі — сәрсембіден жұмаға дейін үйренеді. Қалған уақыттарында күзетте болады, сыйлық ретінде басшыларға қызмет етеді, өздерінің түрлі істеріне кетеді. Бірінші бөлімдегілер орыс берданкаларымен қаруландырылған, олар әскери оқу аяқталысымен-ақ қаруларын қазармаға өткізуі тиіс. Екінші бөлімдегілер сүмбелі мылтықтармен қаруланған. Бұлардың қазармалары да жоқ, сондықтан бет-бетімен бытырап сарай мен қалалардағы бос үйлерде тұратын, қаруларын өздерінің бойында сақтайды, бірақ түрлі жұмыстарды атқаруға, белгіленген сағатта әскери оқуға келуге міндетті.

Жаяу әскердегілер қызметтен, оқудан бос кездерінде бұхаралық ежелгі киімдерімен жүреді де, ал қызметте формамен, жазда ақ, қыста кара шолак бешбет, қой терісінен тігілген шалбар, кара етік, бастарына дөңгелек кара папак киіп келетін. Бұл киімдерді кәдімгі киімдердің сыртынан шапанды шалбарланып, оның сыртынан шекпен киюші еді. Сондықтан да жаяу солдаттың түрі жуан, ал барлық жаяу әскер қорбандаған икемсіз келетін.

«Сешамбегі» солдаттары әскери оқудан бос кезінде басшыларына тегін қызмет ететін. Егер бос уақыттары бұдан да артылып қалатын болса, әркімдерге бір күн, жарым күнге жалданып қызмет ететін, базарларда етік жамайтын, әйтеуір кез келген жұмыстарды атқара беретін, өйткені әрбір солдатқа ай сайын үш сом ғана ақы төленетін. Оларға бұдан басқа тамақ та, киім де тиісті емес еді. Тіпті солдатқа берілетін формалы киімнің бағасы да сол жал ақыдан ұсталатын. Тек «Шамбегі» қазармада карауыл қызметін атқарған күндерде ғана он адамға бір шара быламық көже берілетін еді.

Кавказ атты әскеріне ғана тамақ та, киім де, қазына есебінен қазарма да берілетін.

Біз Регистанға келген күн «Шамбегінің» әскери оқу күні екен. Олардың қастарында сыбызғы, сырнайлар тартатын музыкашылар да болды. Бұлар Арктің алдына тоқтады да белгілі күйін тартты, мұнан кейін олар алаңға сапка тұрды, мұнысы да түзу болып шыққан жоқ, жауынгерлік түрлері де көрінбейді.

* *
*

Түрмеден төрт тұтқынды алып келді. Олардың қолдары арттарына қайрылып байланған. Тұтқындарды үс-

теріне Бұхараның ежелгі шапанын киген, қолдарына таяқ ұстаған полиция күзетшілері айдап шықты.

Мен зәрем кетіп, коркып:

— Мыналарды шынымен-ақ өлтіре ме? — деп сыбырладым.

— Жоқ, — деп жауап қайтарды Пирак, — оларды таяқпен жазалайды. Өлім жазасына кесілгендердің қолдарын алдарына байлайды.

Тұтқындар солдаттардың араларынан өтіп барып, көпір үстіне барды да, Арк жаққа қарап тұрды.

Қолында балтасы бар полиция бастығы — «түн тәңірісі» жаңағы тұтқындардың жанына келді. Қолдарында таяқтары бар күзетшілер көпірдің төменгі жағында қалып қойды. Мұнан кейін «Әмір кәрін орындаушы» — жендеттер келді де түн тәңірісінің қарсы алдына тоқтады. Жендеттердің бірі бір бума қызыл тал шыбықты әкеліп, тұтқындардың алдына тастады да, өзі жендеттердің қатарына барып тұрды.

Арктің сәнді киініп отырған бас уәзірі бұл кезде орнынан тұрды да қақпаның табалдырығынан өтпей тұра қалды. Сөйтті де ол қойнынан бүктелген бір қағазды алып, оған үніле қарады, сотталғандардың бірін нұсқап, жақын отырған адамдардан:

— Мына тұтқын Ахмат па? Жоқ бөтен бе? — деп сұралы.

Жақын отырғандар шулап:

— Я, бұл Ахмат. Оған өлім келсін! — деп жауап берді.

Бізге таяу жерде отырғандардың бірі күлімсіреп, өзінің қасындағы адамға ақырын ғана:

— Бұлар мына Ахматты түсінде де көрген адамдар емес, — деді.

Осы сөзді құлағым шалып қалған соң сыбырлап:

— Уәзір олардан несіне сұрайды? — дедім.

Жаңағы адам маған біраз жақындай түсіп, көзіме қадала қарады да тағы да сыбырлап:

— Сен әлі жассың. Көп нәрселерді түсінбейсің. Бұл Әмірдің қызметі, — деді.

Ол жан-жағына қарады да оның сөзін тыңдап отырған жоқ екенін байқаған соң, тағы да сөйледі:

— Пәре алып, айыпты адамдарды босатып жіберіп, оның орнына кінәсіз біреулерді дарға асатын жағдайда болады. Сондықтан Әмір жаңағыдай сұрақ қоюды ойлап

тапты. Бірақ, бұл сұраққа бас уәзірдің жанында тұрғандар жауап береді. Ал тажал алдында тұрғандар кімдер, олар халық арасынан кімдерді білмек еді?

— Мына жазалылардың кінасы не екен?

— Кім білсін, шаруалар болар. Бишаралар түскен салықтарын төлемеді ме, чиновниктермен бірдемеге ерегісіп қалды ма, не Әмірге қыз іздеушілерге өз қыздарын бермеді ме. Жоқ, олай болмас, тегі, ондай кіна үшін өлтірген болар еді ғой, жоғары мәртебелі өз әмірінің мейірімділігінен бас тартқандарды өлтіретінінде құман жоқ. Мүмкін басқалардың құнасы үшін жауап берушілер шығар, мұндай да уақылға бола береді.

— Мыналар ұрылар емес пе екен? — деп сұрады Пи-рак.

— Ұрылар бола қоймас! — деп сықақ еткендей болды жаңағы адам, — Ұрылар зынданда бір ай отырғаннан кейін, айыптарын сатып аларлықтай ақша төлейді немесе пәре береді де, «кешіктіруге» болмайтын өз істеріне қайта оралады.

Уәзір жаңағы жазалының кім екенін анықтаған болды да жендеттерге бұйрық берді.

Жендеттер тұтқынның үстіндегі шапанын сыпырып алды. Екі жендет айыптының екі қолын ұстады, үшіншісі тұтқынның көйлегін басына дейін түріп тастап еді, оның арқасы жалаңаш қалды. Содан кейін екі жендет манағы әкелген бір бума қызыл талдың солқылдақ шыбықтарын қолдарына ұстап, тұтқынның екі жағынан тұра қалды.

Бұл кезде музыкашылар бұхараның түрлі сырнайларымен құлақ тұндыра шу көтерді, жендеттер сол ұлан асыр салдыр-гүлдірімен қосыла жазалы адамның арқасына шыбықпен дүре соға бастады.

Олар ұста дүкеніндегі қып-қызыл алауланған шойынның екі жағынан тұра қап гүрсілдете соққан балғашылардай саспастан кезекпе-кезек ұрып тұр.

Жазаланушының бір нәрсе деп айқайлаған даусы шықты. Бірақ шулаған музыка үнінен оның не дегенін ешкім ести алмады.

Әр ұрған сайын жаңағы адамның терісі таяққа жабысып, борша-борша боп жұлынып түседі, жара орнынан шүмектеп аққан қан жан-жаққа шашырап тұр.

Жетпіс бес дүре соққаннан кейін уәзір жендеттерге тоқтандар дегендей белгі берді, олар тоқтады. Бұл кезде тұтқынды ұстап тұрғандар да оның қолын босатып еді,

бейшараның боршаланған денесі жерге сылқ ете түсті. Ол өлген адамдай күзетші бастығы мен жендеттердің аяқ астында қыймылсыз жатты.

Бұдан кейін тағы да екі жендет жаңағы жаза тартқан адамды аяғынан сүйреп, Арк ішіне қарай ала жөнелді.

— Оны енді Абханаға апарып отырғызады, — деді бізбен әңгімелесіп отырған адам.

Қалған үшеуіне де Ахмат сыяқты дүре соғып, жаза-лап болғаннан кейін Әмір сарайының астындағы ең қорқынышты Абхана зынданына жөнелтті.

Бұдан кейін әскери оқу басталатын мезгіл жетті, бас қолбасшы кернейшіге бұйрық берді. Кернейші кернейінің аузын жоғары қаратып ақыртқанда Регистанды басына көтерді.

Командирлердің әрқайсысы өздерінің отрядтарына әлде не деп команда беріп жатыр, бірақ біз олардың айтқан сөздерін ұғалмадық. Пирак, команда орыс тілінде берілді, бірақ бұл команданы орыс тілін білетіндердің өздері де ұқпайды, деді.

Осы кезде біздің жанымыздан сегіз адамнан құралған отряд өтіп бара жатты. Оның командирі даусын қаты шығарып, сөзін созыңқырап:

— Намә — исти! — деп шаңқ етті.

Бұл тәжік тілінде — тұрып қалма, тоқталма деген сөз еді. Ал осы сөзден кейін командирдің бойын ыза кернеп, қып-қызыл болып кетті, өзі отрядтың алдына жүгіріп шығып, солдаттарды тоқтатты да, шапалақпен әрқайсысының жағына тартып қалып:

— Есектер! Сендерді үйреткеніме жыл болды. Жыл болды! Айуандар! «Намести» дегенде тоқтау керек, орындарыңнан қозғалушы болмаңдар, есектер! Орындарыңнан қозғалмаңдар, ант атқандар! — деп айқайлай бастады.

Отырғандардың бірі аз ойланып:

— Орысша біздің бұйрықты керісінше түсіну керек болды ғой. Орыстың «Тоқтама» дегені тоқтау деген сөз екен ғой, — деді.

Әскерлер алаңның екінші басына барып жеткенде бас командашының айтқандарын жеткізушінің белгісі бойынша барлық командирлер өздерінің бөлімдеріне қайталап айтқан бұйрықты берді.

— Лапле — чу!

Солдаттар бет-бетімен қыйқы-жыйқы болып, өздерінің қаруларын әрең дегенде иықтарына көтеріп қойды.

Олар бұдан кейінгі берілген команда бойынша төрт қатардан сапка тұрды. Музыка марш ойнады. Солдаттар бұл алаңнан қаланың сыртындағы оқу өткізетін далаға жүріп кетті.

* *

*

Регистаннан солдаттар қалай кетісімен-ақ түрлі тамақ, жеміс, тәтті тағам сатушы жүздеген адамдар анталай жүгіріп, қаптап кетті. Олар Регистанға жақын көшелер мен бұрыштарда қолдарына өздерінің товарларын көтеріп, алаң ашылысымен саудаға қолайлы жерді басқалардан бұрын иемденіп қалу үшін жанталасып, кимелесе, сол бір кезенді асыға күтіп-ақ тұр екен. Саудагерлер дәл осы шаңды алаңда өздерін мол бір табыс күтіп тұрғандай көзге көрінбейтін орынға қалайда елден бұрын жету үшін қалың топты бұзып-жарып, бірін-бірі қаға-маға, баса-жаншып кимелеп, аяусыз айуандықтың қандайына болса да әзір.

Алаңда саудагерлер осылай апыр-топыр болып жатқан кезде, жоғарғы мәртебелі Әмірдің рұксаты бойынша, үйлеріне қайтқан сарай қызметшілері көпірге шыға келді. Бұл қызметшілер көрінер-көрінбестен-ақ қалайда кожасына атты басқалардан бұрын жеткізуге тырысқан манағы атшылар да аттарын үсті-үстіне камшылап, бірін-бірі басып озып, көпірге қарай жапа-тармағай ұмтылды.

Ал сарай қызметшілері де өз аттарына бұрын жетіп мініп, алаңнан бірінші болып шығуға асығып, бірін-бірі кимелеп шұбалған шапандарының етектерін баса-маса жүгірді. Көпір үстіне сыймағандары секіріп түсіп, оның астымен безектеп келеді. Бұл жүгірген сарай қызметшілерінің әрқайсысының әйтеуір бір әскери атағы бар еді. Сондықтан олар осы асығып-үсігіп, бірін-бірі басып озуды ерлік, батылдық әрі жігіттік деп біліп, өздерінің шапшандығы мен қажырлылығын байқайтын, Әмірдің көзіне осындайда бір түсіп қалуды мақсат еткен.

Қызметшілердің бұрын жеткендері өз атына мінісімен-ақ жақын келген аттарды қамшымен басы-көзіне қарамай сабалай берді, ал аттар қамшыдан жасқанып, алдыңғы аяқтарын көтере секірді. Атқа сермеген қамшы-

лар кейде адамдарға да тиіп кетіп жатыр, бірақ, оған назар аударған жан жоқ. Осындай апалаң-топаланы шыққан сарай қызметшілері саудагерлер тобына да араласып кетті. Олардың қолдарындағы подностары мен заттарын қағып түсіріп, аттарының аяқтарына тапта-тып, ойранын шығарады. Саудагерлер өздеріне қырғыйдай тиген мынадай оспадарсыз игі жақсыларды балағаттап, подностары төңкеріліп жерге шашылған тағамдарын апыл-ғұпыл жыйнап, баттасқан шанды қолдарымен сүртеді де, подносқа, ыдысқа қайта салады, сөйтіп жан-жағына жалтақтап қарап, сатып алушыларды шақырады.

Әскерлер мен сарай қызметшілері алаңнан кетісімен-ақ, алуан түрлі ыдыстар мен қазандарын, подностар мен товарларын көтерген саудагерлер алаңға лық толды да кетті.

Бұл жер Әмір сарайының алдындағы алаң болғанына қарамастан файзабат серуеніндегідей ығы-жығы, иінтірескен арпалыс, топалаң базары болды да кетті. Осындай қарбалас бірнеше минут бойына тынған жоқ.

Саудагерлер әлі де сол қалпында: осы кезде хауіз жақтан су тасушылар көрінді, олардың әрқайсысы екі үлкен саба артылған есекті алдарына салып қуып келеді. Қожалары қамшының күшімен жан ұшырта желдірген ызалы есектер жаңағы сарай қызметшілері сыяқты өздеріне жол ашуды көздеп, тістерін ақсыйтып, қарсы келген адамдарды тістелеп, қалың топты бұзып-жарып алға кетіп барады.

Есектер биік ерге қондырылған зор сабадағы сумен саудагерлер қатарына келіп килікті де, олардың заттарын ақтарып төккендері былай тұрсын, тіпті алды-артына қарамай адамдардың өздерін де құлатып барады.

Регистаннан кетіп бара жатып, ашығып қалған бухаралық біреудің пісірген қой етін сатушы саудагердің жанына келіп отырғанын көзім шалып қалды. Әлгі адам қойдың сыйрағын қолына ала бергенде, ойда жоқ жерден кездескен бақытсыздық емес пе, саба тиелген есек бұлардың үстінен басып өтті де кетті, ал мыс шара, қойдың басы мен сыйрағы жерге домалап қала берді. Саудагер су тасушыны қашырып алмайын деп бір қолымен оның етегінен шап беріп ұстады да екінші қолымен шаң-топыраққа араласып былғанған бас, сыйрақты жерден жыйнап алып өз шапанының етегіне салып жатыр.

Ол су тасушыны ата-бабасынан бері қозғап, балағаттап алды да, оның артығыша өз товарын жер-көкке сыйғызбай мақтап, оны қайтадан сатуға кірісті.

— Бүгін ешкімді өлтірген жоқ. Жүр, мен саған өлгендер тасталатын орды көрсетейін. Егер адамдарды қалай өлтіретінін көргің келсе кезі келгенде сонда барарсың, — деді Пирак.

Біз жеміс сатушылар лық толған, Регистанға жақын жердегі шағын алаңнан өттік. Мұнда жеміс деген жерде үюлі жатыр, дүкендер де, паластар да, бірінің үстіне бірін жыйнаған себеттер де лық толған.

Осылай өтіп сол алаңның батыс бұрышындағы су құйылатын терең құдыққа келдік. Бұл құдық сасық су мен шалшық ылайға толған кезде, оны құдықтан шығарады екен де, алысқа әкетпей, сол құдықтың айналасына төге салады екен. Іріп-шіріген қал-қара шалшық иісі Мир Араб жанындағы мал соятын жердің иісінен де жаман, адамның өңменінен өтіп, тіпті дем алуға да мүмкін емес.

— Адамдарды осы құдықтың шетіне әкеп өлтіреді. Ондағы мақсаттары өлтірілетін адамның қанын мына құдыққа ағызып жіберу еді, — деді Пирак.

Мұнан кейін жаңағы құдықтың жанында тұрып, Пирак маған Регистан үстіндегі Арктің әйнекті есігін көрсетті.

— Анау, Әмірдің қабылдау бөлмесінің есігі. Ол сол есік арқылы әскери оқу мен адамдардың өлтірілуін көріп отырады.

Осы құдыққа жақын жерде жіп сатушылар отыр. Олар товарларын жайып тастап, алушыларға ұсынуда. Екінші жақтағы дүкенде де осындай жіп сатып жатыр.

Пирак тағы да былай деді:

— Бір бейқам ақын, жіп базары мен адамдарды өлтіретін жер көршілес болуды сүйеді дегендей ұғым беріп:

Жіп саудасын көргенде жаным шығар,
Басымды осы базарда кесер болар.—

деп жырлапты.

К Е М П І Р

Дүйсембі күндерінің бірінде, мақта базарының үстіндегі баяғы шайхана төбесіне тағы да шығып отырдым. Бұл күні базарда ешкім жоқ, тып-тыныш екен. Бұған

себеп, мұнда базар сейсембі күндері болатын, сондықтан базардың үлкені ертең болуы керек.

Базар алдында мақтаны көтере сатып алушылар да, сатушылар да жоқ. Тек өз иесін күткендей, анда-санда үйілген мақталар жатыр. Үш адам мен отырған жерге таяу келіп, астарына шағындау кілем төссіп, шай ішуге отырды. Оның бірі — Гүльобио қыстағында туған жетпіс жастағы — Зәкірбой қажы — аса көрнекті мақта саудагері болатын. Ол өткен жылы мойнындағы құналарын жою үшін Мекеге барып қайтқан. Содан бері оны жұрт қажы деп атайды. Қажының жанында отырғанның бірі Зәкірбой туған қыстаққа көршілес қыстақтың баласы Хашым деген. Ол мұрты тебіндеп жаңа ғана шығып келе жатқан жас жігіт. Оның базарда істейтін кәсібі түрліше, товарларды сатып, болмаса таразышылардың қызметін де істей салып, әйтеуір кез келген жұмысты атқарып күн көреді. Осы қауымда отырған үшінші адам — Мұрад деген. Ол белі бүкірейген, түсі боп-боз, жасы жетпістегі шал еді. Бетінің қатпарланған әжімдері отқа күйдірілген алма тәрізді. Күші бар жас кезінде мақта тасушы болған, бірақ енді қуаттан айрылып, қартайған соң мақта базарын күзетеді.

Зәкірбой қажының Мир Арабтағы гиждуандықтардың кейбіреулерімен достасып жүретін Кәмелжон деген ұлы бар еді. Ол оқуға мейлінше құмар еді және Хамит Хожа молданың құжрасына жиі-жиі келіп тұратын. Зәкірбой қарттың істері туралы менің жақсы білетін себебім де осыдан еді. Гиждуандықтар, бұл қарт барып тұрған арам адам еді, бірақ Мекеге барған соң барлық құналарынан тазарды, діншіл, нағыз адал адам болып қайтты, десетін. Мекеге бару шынында да адамды құнадан тазартады дегенге мен де сенетінмін.

Зәкірбой хажы өзімен әңгімелесушілерге әулие жеріне қалай барғанын, Мединеде пайғамбар зиратына құран оқып, сыйынғанын, Мекеде Қабудың құнадан пак ететін жеріне қалай кіргенін айтып отыр. Ол сөзің құналы адамдар Қабудың сол пәледен тазартатын үйіне кіріп шықса-ақ болғаны, анадан жаңа туған нәрестедей барлық құнадан тазарады деген араб шайыхтарының сөздерімен мақұлдап қояды.

Дәл осы кезде базар алаңынан үстінде алба-жұлба пәренжісі бар, қолындағы таяғына сүйеніп, зорға жүрген бір кемпір келді. Оның алдында үстіне мақта сал-

ған үш пұттық кап тиелген, шаршағаннан аяғын зорға басып, теңселіп келе жатқан бір есегі бар.

Базар алдында қыбырлаған жан жоқ екенін көрген кемпір таңданып аңырып тұрып қалды.

Зәкірбой Хашымға қарап:

— Бар да, ана кемпірдің мақтасын өлшеп, менің мақтама төге ғой. Есінде болсын, кемпірдің мақтасын өлшегенде өзімізге шайға да, нанға да, етке де қалдыру жағын ұмытпа, — деді.

— Егер, «ар-ұятыңмен өлше» десеңіз, — деді Хашым, — онда барып өлшеген болар едім, бірақ...

Хашым мұнайып, басқа ешнәрсе дей алмай, жерге қарады.

— Ар-ұятсыз өлшегің келмей ме? «Ар-ұят!» Қара мұның сопы шайх бола қалғанын. Сен күні кеше ғана ұрлық жасамап па едің?

— Дұрыс. Ертең де ұрлаймын. Мақтаның түсі аппақ, ал мақта базарының іші кап-қара. Бұл базарда ақ болып қала алмайсың. Ал мына кемпірді мен тонай алмаймын.

— Неге? — деп таңданды Зәкірбой.

— Егер бұл кемпірдің жанашыр адамдары болса, онда өлімсек кемпір осы базарға сүйретіліп, өзі келмеген болар еді. Менің әлі де ар-ұятым бар. Көр алдындағы кемпірдің ақыреті мен зыйратына арнаған ақшасын тартып алмаймын. Қорқам, алалмаймын.

Зәкірбой үстінен сыртқы шапанын жұлып тастап, мырс етіп сықактай сөйледі:

— Дұрыс айтасын, кемпірдің қарғысынан омақа асуың мүмкін, сондықтан ар-ұятыңды таза сақтағайсың. Кемпірдің мақтасын мен өзім-ақ өлшеймін. Оның қарғысынан өле қоярмын деп қорықпаймын да, ал егер, өлесінің қарғысынан шынымен-ақ ажалым жетіп қалса, сонда да осы кемпірдің есебінен семіз қой етіне бір тойып қалуға уақыт табам.

Зәкірбой баспалдақтан түсіп, базар алаңына аяңдай басып барды да, кемпірге жақындап, ешнәрсені керексінбеген адамдай:

— Апай, мақтаңыз күнге ашылған ба не қолмен тазартылған ба? — деп сұрады.

— Тазартылған. Әлі мизам айы болған жоқ, күн сәулесінен қалай ашылсын?

— Қайдан білейін, өткен жылғы макта емесе пе екен деп ойлап едім. Есектен түсіруге рұқсат етіңіз.

— Алла риза болсын, түсіре ғой, менде мұны түсіретін ешқандай қуат жоқ.

Зәкірбой қапты есектен түсіріп, оның аузын шешіп, мактаны көрді де:

— Мактаныз жаман емес екен! Тым кебу, жеңіл көрінеді. Алыпсатарлар бұл мактаныздың қанын жерге тигізбес еді. Бірақ олар жоқ, бүгін базар күні емес қой. Егер базар күні келсеніз ерінбестен, өзім-ақ бұл товарыңызды біреулерге сатып берген болар едім.

Зәкірбой қаптың аузын байлады да сөзін де қысқартып, кемпірге қадала қарап қалды.

— Осы заманның адамдары да рақымсыз болып кетті! — деп шағым айта бастады, әлгі кемпір. — Шалым сізден кәрі еді, көктемде көршінің қос өгізін сұрап алып, осы мактаны, онан соң, шыбықтарды екті, бірақ құдайым оның өзін алып кетті. Шалымды жерлеймін деп өзіміздің қыстақтағы бір байға қарызданып қалдым, салық жыйнаушы да күн сайын салығыңды төле деп зіркілдеп маза берер емес. Ал өзім ыстық быламық татпағанымда бір айдың жүзі болды, көршіден қарыз алған қатқан нанды ғана қорек етіп, күн өткізіп келем. Осы мақтамды сатып, қарызымнан құтылам ба деген үмітім бар. Екі жұма бойына мақтамды осында алып келетін бір жан таба алмадым.

Кемпірдің тарихы Зәкірбойды жалықтырған болу керек. Ол қарттың сөзін бөліп:

— Сіз мактаңызды бүгін сатуды көздеп тұрсыз ғой? — деді.

— Әрине, тек сатып алушы табылса екен!

— Өзіңіз де көріп тұрсыз, сатып алушы жоқ! Базар күні келуіңіз керек еді.

— Жағдайдың қалай болғанын сізге қазір ғана айттым ғой. Кәрілік құрсын, тым ұзақ сөйлеп кеткен болармын. Өзім қалай арқалап келмекпін. Көршім де саудагер еді. Ол есегін Дүйсембі күні ғана береді, ал базар күндері өзіне керек. Міне осы себеппен бүгін келуге тура келді.

— Бүгін сатып алушылар жоқ. Енді не істейсіз?

— Арзандау болса да оатуға көмектесіңіз. Қайтып өкете алмаймын ғой. Тағы келуге есекті қайдан табамын?

Кемпірдің жайы белгілі болды, енді батыл қыймылдайтын кезең туды. Жуушының тырнағына ілінген өліктей кемпір де Зәкірбойдың шеңгеліне түсті.

— Жарайды бір мейрім көрсетейін. Адамдар Мешіт, медресе салдырады, ал мен құдай үшін сіздің хасретіңізді жеңілдетейін.

— Сөйтіңіз, жақсылығыңыз тәнірден қайтсын. Немерелерің мен шөберелеріңнің игілігін көр, өркенің өссін.

Зәкірбой кемпірдің халіне жаны ашып, қайғырған адамдай күрсініп қойды да:

— Мақтаңыздың құнын түсірмеймін. Өлшелік, қанша шығар екен, сөйтіп сізге тиісті хақыңызды өз жанымнан ақ төлейін. Мейлі ертеңге дейін менің ақшам сіздің мақтаңыздың үстінде жата тұрсын. Ертең өйтіп-бүйтіп, сатып ақшамды қайтарып алармын. Әрине, мен мұны сізге тек құдай үшін ғана істейін деп тұрмын.

Оның мынадай мейрімділігіне іші-бауыры елжіреген кемпір мың рет алғыс айтып, әруақтарға сыйынып жатыр. Бұл кезде Зәкірбой мақтаны таразыға төкті.

Зәкірбой кемпірмен жоғарыда айтылғандай саудаласып жатқанда, Мұрат қарт Хашымге мынадай әңгіме айтты:

— Біздің қыстағымызда есек айдап күн көруші Баварча Нәсім деген болды. Оның есектері де тамаша еді. Ол Бұхарадан Вобкентке және Бұхарадан Мазар Бахауиддинге есектерімен товар тасыйтын. Өткен жылы соның ескен жүгерісінің ішіне қаракшылар бір жолаушыны өлтіріп кетіпті. Шарифат заңы бойынша егер қылмысты адам табылмаса, онда қылмыс істелген жердің несі жауапты болады. Осы себепті түн тәңірісі Князь жаңағы есек айдаушының тұтқынға алып, Бұхараның түрмесіне жапты. Оның інісі бір жыл ішінде ағасын босату үшін есектерін де, жүгері егілген жерін де сатты. Бірақ ағасын босатпады. Бүгін Әмір Нәсімді өлтіруге бұйрық беріпті деп естідім. Түн тәңірісі князь Нәсімнің інісіне: «Егер бүгін түнде екі мың теңге әкелмесең, ағаң өлтіріледі» депті. Ал інісінің екі мың тұрмақ, екі теңгесі деп жоқ.

Мұрат ашынған ызалы үнмен:

— Егер мен Әмір болсам, Нәсімді емес, ең әуелі осы Зәкірбойды өлтірген болар едім. Бұл жендет қанжарсыз-ақ шаруалардың қанын күн сайын судай ағызып жүр ғой. Қазір ол ана сорлы кемпірді де тілмелеп жатыр.

Осы кезде кемпірдің түңіле шыққан даусы естілді.

— Бұл мақтаны бір талдап, өз қолыммен, мына қолыммен өлшегем. Үлкен емес, кішкене таразымен өлшеген едім ғой. Тіпті әрбір таразының мақта салған басын ауырлау етіп отырған едім.

— Сөйтіп, сеніңше қанша болып еді?

— Аз-аздап өлшерем. Бес қадақтан. Өлшеген мақтамды бөлек-бөлек қойдым. Онан соң қателесіп кетпейін деп жаңағы бөлек-бөлек қойғандарымды қайта санағам. Жүз жыйырма бес қадақ болған. Ал сіз сексен қадақ дейсіз!

Зәкірбой кемпірді әлдене деп балағаттап, оның мақтасын қайтадан қапқа сала бастады:

— «Жақсылыққа — жамандық!» деген өте дұрыс айтылған сөз. Мен сені не бетіммен алдамақпын, төрт мың теңге шығарып өткен жылы ғана Мекеге барып қайттым емес пе! Мә, мақтаңды ал да, бұл арадан жоғал! Өзің өлген соң мұнынды көршің сатып, әйтеуір көмер сені, сайтан!

Кемпір жаймен сөйлеп, қарсылық білдірді:

— Жоқ, енді қайтып әкете алмаймын. Не істесең де өзің біл. Тағдырымды бір құдайға тапсырдым, — деді.

— Тағдырымды бір құдайға тапсырдым! Тегі, сенің шаруаңның соңынан жүгіргеннен басқа, құдайдың істер ісі жоқ болар, ой албасты!

Кемпір ұзақ уақыт жылап-сықтап, құдай мен аруақты түгел атағаннан кейін барып, мақтасын берді де, Зәкірбайдан аздаған ақша алды. Бейшара ол ақшасын санаған да жоқ, орамалының шетіне түйіп, бос қабын есегінің үстіне тастады да, есегін қолындағы таяғымен қақпайлап айдап базардан кете барды.

Бұл кемпір өз бетімен есекке міне алмайтын болар деп ойлап, көмектесу үшін жанына жүгіріп бардым. Кемпір есекке мінуден бас тартты.

— Мен кәрімін. Есекке мініп жүре де алмаймын. Жақсы сөз айтып, көңіл бөлгеніңе рақмет. Тілегің қабыл болсын, — деді.

Кемпір базардан ұзай берді. Оның көзінен аққан ыстық жас қатпар-қатпар әжім басқан бетінен сорғалап барады.

Мақта базарынан қайтып келе жатып Пиракқа соқтым да, оған кемпір жайын, ертең Нәсімнің өлтірілетінін

өстігенімді айттым. Сөйтіп оны ертең Регистанға баруға шақырдым. Ол келісті.

Мен үйге келдім.

Әлдеқандай бір ауыр қайғы жанымды жеп бара жатқандай жүрегім беймазаланып, тынышым кетті. Түнде де ұйқтай алмадым, көзімді жұмсам болғаны ауру есегін алдына салып айдап, көзінен жасы сорғалап, жылап бара жатқан кемпір көз алдымнан кетпей-ақ қойды, елестей берді.

ӘМІРДІҢ УЛДАРЫ

Бұл жолы біз Регистанға өте ерте келдік. Алаң әлі бос екен, болған уақыттың бәрін жақсы көріп тұратын жерден орын алдық.

Мұндағы істердің бәрі де өткен жолдағыдай басталды. Бірақ көпірден қақпаға дейін тартылған шынжыр бұл жолы алынған жоқ. Регистан шынжырының алынуын тықыршып, сондай шыдамсыздықпен күткен сарай қызметшілері наразы боп жәй-жәйіне кетті.

— Қара, қанша төресымақтар Арққа жіре алмай қалды. Бүгін олардың ісін кім атқарар екен? — деп сұрадым Пирактан.

— Олар Арқта ештеңе де істемейді?

— Ендеше, олар Арққа кіруге неге соншама құмартады? Мүмкін онда оларға сыйлық беретін шығар?

— Ешқандай сыйлық бермейді.

— Онда бұлардың Әмірге қажеті не?

— Есінде ме, өткен жолы осында кездескен бөтен бір адам: «бұл Әмір қызметі» деді ғой. Мен былай деп өстім. Аркке кіргеннен кейін құрметті уәзір сарай қызметшілерін дәрежелеріне қарай қабылдау бөлмесінен бастап, мешітке дейін сапқа тұрғызады екен. Әмір қабылдау бөлмесіне кіреді де, жоғарғы есіктің жанына отырып, есік алдындағы күзетшіге ым қағады. Есік күзетшісі сарай қызметшілері тұрған төменгі есікке жүгіріп барып, «Сәлем беріңдер!» деп айқайлайды. Бұдан соң құрметті уәзір сарай қызметшілерін топ-тобымен қабылдау бөлмесіне енгізеді де, олардың есімдерін сіңірген еңбектерін, басбасына атап-атап айтып шығады. Ол бұлардың бәрі де ұлы мәртебелі Әмірге сәлем бергелі, сол үшін құдайға жалбарынғалы келді. Сарай қызметшілері бейне намаз оқығандай кілем үстінде аяқтарын бүгіп, бастарын иіп, Әмір құрметіне тәжім етеді. Әмір құлдарының осын-

дай бас иіп сәлем беруіне жауап қайтаруды мәртебесіне лайық деп санамайды, сондықтан, ол үндемейді де, ал онын орнына «Ассалаумағалайкүм» дегенде — «Уағалайкүм ассалам!» деп жауап қайтаратын арнаулы адам тұр. Удайшының көмекшісі осындағы барлық топтың атынан жоғарғы мәртебелі Әмірдің бақытты болуы, ден саулығы үшін және жана жеңістерге жете беруі үшін құдайға жалбарынып дауыстап, дұға оқыйды. Удайшы дұғасын оқып болғаннан кейін айқайлап: «ал өнді кетіндер!» деп команда береді. Осыдан кейін ғана қызметшінің бәрі орындарынан тұрып кете бастайды. Барлық топ Әмірдің алдынан осылай етіп өтіп болғаннан кейін, удайшы оларды Әмір тағы тұрған үлкен сарайға ертіп келеді. Мұнда келген соң удай оларды сол шен дәрежелері бойынша үстіне ешнәрсе төселмеген қарапайым қыш сәкіге қаз-қатар отырғызады. Мұнан кейін малайлар сапал ыдыстарымен палау алып келеді. Ал сарай қызметшілері палауды өуелі малайлардың, соңынан бірінің қолынан бірі қағып алып, таласып қалады. Палау салынған ыдысты әрқайсысы өзіне тартады, сөйтіп жүріп ыдысты төңкеріп, палауды жерге төгіп алады.

— Онысы несі, олардың палау көрмегені ме?

— Жоқ! Үйлерінде олар ондай палауға көздерінің қырын да салмаған болар еді. Олардың пікірінше Әмір палауы қасиетті, бұл Әмірге де өте ұнайды. Алыс-жұлыс аяқталғаннан кейін палауға ешкім де қарамайды, қалғандарын асқанаға әкетіп, далаға шығарып тастайды. Сарай қызметшілері жоғарыдағы тәртіппен палау жегеннен кейін қабылдау бөлмесінің есігінен мешітке дейінгі аралықтағы өз орындарына қайтып желіп, ашық ауада үйлеріне қайту үшін Әмірдің рұқсатын күтумен болады. Кейде олар дәл сол жерде жаңбырлы, қарлы күндерде Әмір бұйрығын кешке дейін тосады. Міне, Әмір қызметі дегенің осы.

— Ештеңе де түсінбеймін мұнан келер пайда не?

— Мен өзім де түсінбеймін. Тегі, ана күнгі адамның саған «сен әлі жассың» дегені дұрыс болар. Әлі-ақ ержетерміз, ұғармыз.

Сарай қызметшілері бет-бетімен тарап кеткеніне қарамастан, Регистанның күнделікті жұмысы өз қалпымен жүре береді.

Әскерлер сапқа тұрғаннан кейін, барлық жұрт күтпеген жерден Арк қақпасынан шығарып айдап келе жатқан

үш адамды көрді. Жыйналған халық абыржып, күбір-күбір сөйлесе бастады. Бүгін айтарлықтай уақығға болады деп күткен ешкім жоқ. Адамдар сотталған үшеуіне әлдеқандай қауыпты, аянышты түрмен жалтақ-жалтақ карап, бір-бірімен сыбырлап сөйлесіп, іштерінен аяныш білдіріп отыр. Кейбіреулер мұндай мейірімсіз қатал уақығға құмартып, асыға күтуде. Ал, сәнқой серуеншілер тобы ешбір қысылып-қымтырылмай-ақ тұтқындар туралы өзара немқурайды, көңілсіз пішінмен сөйлесіп отыр. Айналадағы уақығалардың бәріне де осылайша, қалай болса солай карау «нағыз бұхаралықтың» хаснеті деп саналатын. Арктен шығарылған үш тұтқын Регистанға ақырғы рег карап тұрғандығы жұрттың бәріне мәлім болды, өйткені: олардың қолдары алдарына байланған, мұның өзі тұтқындардың өмір сүруіне бірнеше ғана минут қалды деген сөз.

Бірінші уәзір өлтіру тәртібін қатан сақтап, сотталғандардың есімдерін оқып шықты да, онан соң өз төңірегеріне отырғандардан мына тұрған тұтқындар өлтірілуге тиісті адамдардың нақ өздері ме деп сұрады. Сол жерге жакын отырған өз адамдарынан оның сөзін растағанын ыкыласпен тыңдады. Мұнан кейін ол күзетшілер бастығына өлтіру туралы бұйрығын берді.

Түн тәңірісі бұйрықты алды да, аса зор қошаметпен сүйді, сөйтіп оны басынан жоғары көтеріп, көзіне сүйкеді, қайталап тағы да тәуетіп, тағы да сүйді, одан соң әлдеқандай пандықпен қойнына тықты.

Осылардан кейін ол ым қағып, жендеттерге әмір берді.

Сол күні үстеріне қысқа шапан киіп, етегін белдеріне қайырып қойған, аяқтарына кәдімгі етік, бастарына дөңгелек бөрік киген танқы мұрын жендеттер бір-біріне ешбір ұксамаса да, олардың көз қарастары, жендеттік кәсіптері бірінен-бірі айнамады. Құтырған иттің көзіндей алақ-жұлақ еткен жанарларынан кәдімгі көздің ағы мен қарасы емес, қайнап тұрған қан шашырады.

Жендеттердің бірі қолына қысқалау жуан шоқпар ұстаған, екіншісінің белдігінде қынға салынған пышақ бар.

Тұтқындар мен жендеттерді күзетшілер қоршап алды. Олардың арт жағынан екі жақтан бірдей бірінші уәзірдің қолдарына шоқпар алған қызметшілері мен Әмірдің күзетшілері сапқа тұрып, айнала қамап алды.

Балта ұстаған түн тәңірісі сотталған адамдар мен жендеттердің алдына түсіп, айыптылар өлтірілетін жерге қарай жүрді.

Түн тәңірісі көпірден түсісімен-ақ оған аса сәнді ертоқымды, үстіне кестелі жабу жапқан бір атты әкеліп көлденең тарта қойды.

Баратын жер небәрі үш жүз қадамдай жер болғанына қарамастан түн тәңірісі атқа мінуден бас тартқан жоқ. Оның сонынан жендеттер, одан кейін сотталғандар еріп келеді.

Біз Пирак екеуміз тұтқындардың жүзін көрмек болып, қысылып-қымтырылып алға қарай ұмтылдык. Сотталғандардың жүздеріне көзіміз түсісімен-ақ екеуміздің де зәреміз ұшып, тұла бойымыз мұздап кетті. Өлімге әкетіп бара жатқан үш адамның алда келе жатқан біреуі Тұраб молда екен. Екіншісін де біз жақсы білетін едік — ол Базар молда болып шықты. Үшінші адамды танымадық, егер Мұраттың кешегі айтқан сөзі рас болса, бұл Нәсім болу керек.

Тұраб пен Базар өздері өлтірілетін жерге батырларша, ерлікпен, кеуделерін жоғары көтеріп, аяқтарын нық басып келеді. Бірақ олардың жүздері бұрынғы түрлерінен мүлде өзгеше сұп-сұр, бейне мас адам сыяқты, шарапты шамадан тыс көп ішіп, ес-түсін білмейтіндей, айналасындағы болып жатқан уақығаны жете аңғармайтындай, сөйтсе де, өздерінің мастықтарын жұрттан жасырған адамдай аяқтарын берік, дәл басып келе жатыр. Бұларды көрген халықтың бәрі де аса ауыр түс көріп жатып, шошып оянған, абыржып өңім бе, түсім бе деп қорқып, болмаса аң-таң боп тұрған адамдар сыяқты үрейленіп кетті.

Ал үшінші тұтқын зәресі кеткендігі сонша, келе жатқанда кеудесінде жаны жоқ адам сыяқты. Оның сұрғылт жүзі өлген адамның өңіндей сарғыш тартқан. Буыны кұрып өз бетімен жүруге жарамай қалған болу керек, былқ-сылқ еткен кұр сүлдесін жендеттер сүйрегендей итермелеп келеді.

Өлім жазасына жесілген үш адам Регистанның жіп базарындағы ордың жанына жеткізілді. Түн тәңірісінің, бас уәзірдің адамдары мен Әмірдің күзетшілері орды, өлтірілетіндер мен жендеттерді айнала қоршап тұра қалды.

Түн тәңірісі ат үстінен түспестен осы айнала қоршалған топтың ортасын бір айналып шықты, сонан соң қой-

нынан Әмірдің бұйрығын алып, асқан ұқыптылықпен тағы да тәуеліп, көзіне сүйкеді, сонан соң сүйді де, қайтадан қойнына апарып тықты. Мұнан кейін ол Әмірдің осы алаңдағы уақығаларды көріп отыратын Арктегі әйнекті есігіне қарай бұрылды да, сол есікке қарай атының жалына маңдайы тигенше еңкейіп бас иді.

Түн тәнірісі қолын жоғары көтерді де, тұтқындар мен жыйналған халықты жоғары мәртебелі Әмірдің кұрметіне дұға оқуға шақырды. Бас жендет алақанын жайып аспанға көтерді, оны қостаған жендеттер мен күзетшілер де алақанын жайды. Бас жендет дауыстап дұға оқый бастады:

— Жоғары мәртебелі Әмірге алланың рахымды мейірімділігі жаусын, қылышы өткір, сапары қайырлы болсын. Дұспаны іріп-шірісін, оның ұрпағына арамдық ойлағандардың әрқайсысы мүрдем кетсін. Аумин!

Бәрі де беттерін сыйпап, жендеттің сөзін қайталады:

— Аумин! — десті.

Күзетші бастығы бұйрық бергендей қолын сілтеп қалды.

Базар молданы орға әкелді. Жендеттердің бірі шағын шоқпарын иініне арта салып маңғазданып, Базар молданың қасына келді де, шоқпарын құлаштай сермеп, Базардың тізесінен періп жіберді. Тұтқын беті қара топыраққа көміле, етпетінен құлады. Жендет Базардың сакалынан мықтап ұстап, басын бар күшімен қара балшыққа басты. Екінші жендет өткір кішкене пышағын қынынан суырып алды.

Ол тұтқынды өлтірді де, үлкен бір іс бітіргендей, пышағын өзі өлтірген адамның шапанына сүртіп, қайтадан қынына салды.

Қалған екі адам да осылай өлтірілді. Үшінші адамнан қан өте аз ақты.

Жоғары мәртебелі Әмірдің хұрметіне тағы да дұға оқылды.

Күзет бастығы күзетшілерімен жендеттерін алып қайтадан Аркке қайтты. Халық өлтірілгендердің айналасында топталып тұр. Ал өлтірілгендердің денелері әлі де дірілдеп, тамырлары тартып жатыр.

Регистанның оңтүстік жағынан қолдарына үш зембіл алып келе жатқан басы-көздерін күл басқан, өңі қашқан қайыршылар көрінді. Булардың үстерінде дамбал да, көйлек те жоқ, алжапқыш сыяқты бір жапырақ құрымды

белуарларынан жіппен байлап алған. Иіндерінен ғана келетін жыртық шапандарын үзік-үзік жіппен шандып тастаған.

Олар жақындай бергенде-ақ халық дүркіреп қаша жөнелді, ал қайыршылар зембілдерін сүйретіп:

— Жоғары мәртебелі Әмірдің ұлдары! Жоғары мәртебелі Әмірдің ұлдары! — деп өзара сөйлесіп тұрған халыққа адырая қарап, жүгіріп келді.

Қайыршылар ордың жанына келді де қаза тапқандардың дірілдеп соңғы рет тартқан тамырларына шыдамсыз-дана қарап тоқтап қалды.

Өлтірілгендердің денелері суысымен-ақ жоғары мәртебелі Әмірдің ұлдары өлікті зембілдеріне салып алып кетті.

Мен Пирактан, ұсқынсыз қайыршыларды жұрт неге жоғары мәртебелі Әмірдің ұлдары, деп атағандарын сұрадым.

— Жоғары мәртебелі Әмір Абдул-Ахад акын. Ол өзінің өлеңдерінің бірінде мынадай өлтірілген дұшпандарының денелерін коксық төгетін шұңқырларға тастағаны үшін жаңағы қайыршыларға алғыс айтып, олардан бұдан былай да көмек көрсетулерін сұрапты.

Кездесер қас жауыңмен келсе кезің,
Кес басын, тындыр көңлің, жоғалт көзің.
Денесін зембілге сап, көтердағы,
Шұңқырға ытқытқайсың ұлым менің.

Әлі де өңі бозарып тұрған Пирак үйге қайтуға бұрылды да:

— Бұхаралықтар байқағыш және нақыл сөздерді тез тапқыш халық. Бірақ зұлымдықтың түп тамырын көре отырып, сол арам тамырды жұлып алуды ойламайтындары өкінерлік іс. Бойсұнуға әдеттеніп кеткендік пе, әлде жалқаулық па, бұл қалай екенін түсіне алмай-ақ қойдым... жүр, кетелік, қайтар мезгіл де жетті, — деді.

Біз жаңағы қорқынышты жерден кете бардық.

СОЛДАТ ОҚУЫ

Жіп базарындағы жан түршігерлік қырғынды көргеннен кейін, бойымды басқан ауыр зілді арылтпақ болып, Пирак екеуміз қаланың сыртына баруды ұйғардық.

— Қаласаң солдаттарды ойнатып, оқытып жатқан жерге баралық? Онда күлкілі талай нәрселерді көруге болады. Ол жердің ауасы да қаладан гөрі таза.

Біз тар көшемен Имам қақпасына қарай бет алдық. Мирзо-Гафур тығырығынан өттік те, оңға бұрылдык, Төрт бакалшының кішкене базары жанынан жүріп барып, қала дуалына жеттік.

Оң жағымызда қаланың кұлаған дуалы қарауытып көрінеді, сол жақта сасық көл қарайып жатыр. Бұл жер қала маңындағы ең ойпат жер болатын, сондықтан да барлық су, ұзақ жылдар мүмкін ғасырлар бойы аққан қоксықтар осы араға жыйнала беретін. Өлген иттер мен мысықтарды, есектердің өлігін, тіпті нендей қоксық болса да осы араға әкеліп тастайтын. Осылардың бәрі іріпшіріп, қойыртпақ сары балшыққа айналған.

Сасық иістен дем алалмай, әрең өттік те, қаланың солтүстік шетіндегі Самарқанд қақпасына жеттік. Бұл жерден солтүстікке қарай Вобкент пен Гиждуанға баратын оқтай түзу, әрі кең қара жол басталатын. Осы арадан шығысқа қарай-файзабадқа, Дилкушоға, Гурбунға, одан әрі Самарқандқа кететін екінші бір жол да бар еді.

Әскерлердің оқу өткізетін алаңы осы екі жолдың ортасында екен. Алаңға жуық жерде іркінді сулары бар бірнеше ор көрдік, сол орлардан аңқыған сасық иістері де қаладағы көлдің иісінен ешбір кем емес. Олардың батыс жағында қала сыртындағы адамның еркін алған — дилкушо бағы тұр. Мұңкіген сасық иістің қақ ортасында тұрған осы бақ адамның қалайша еркін алғанына түсіне алмай-ақ қойдым.

Біз әскерлердің оқу алаңына келген кезде, өлім жазасына кесілгендерді өлтірудің аз-ақ алдында Арк алаңынан кеткен солдаттар бестен, оннан бөлініп дем алып отыр екен. Әскер басшылары мен отряд командирлері сәкінің үстінде жайбарақат шай ішіп, тамақ жеп, шылым тартып, бос сөзбен алданып отыр екен. Сап түзеп жүру оқуы әлі басталмапты.

Солдаттарды демалып отырғанда көрейік деп қастарына жақындадық.

Мен олардың жасына таң қалдым. Отырғандардың кейбіреулері он жасар бала, оның қатарындағысы жетпіс жасар шал. Қарттардың ішінде тіпті қару көтеруге шамасы келмейтін ауру, әлсіздері де бар. Оларға оқуға тек

найзамен ғана желуге рұқсат еткен. Қарттар жүргенде найзаларын таяқ етіп сүйеніп жүреді екен.

Шамалы бір сағат өткен соң көрней тартылды. Солдаттар орындарынан қарғып тұрып, қаруларын алып, командирлеріне қарай жүгірісті. Аурулар мен қарттар найзаларына сүйеніп, солдаттардың соңынан ілбіп басып барады.

Командирлер солдаттарын сапқа тұрғызды да, ортасына музыканттарды қойды.

Шұғадан тігілген әдемі кител киген, иықтарына алтын погон таққан, басында әдемі, қымбат папағы бар, ұзын бойлы, жуан денелі адам сәкіден тұрды. Ол жалтыраған американ етігінің қонышының сыртынан қызыл лампас-ты шұға шалбарының балағын төмен қарай төгілдіріп қойыпты. Бұл жоғары мәртебелі Бұхара Әмірі әскерінің бас қолбасшысы екен.

Бас қолбасшы сапқа тұрған солдаттарға қарай жүрді. Оның сыртынан иықтарында погондары бар, үстеріне әдемі кител киген офицерлер келе жатыр. Ал, олардың соңында қолдарына мылтық орнына таяқ ұстаған бір взвод солдат келеді. Үстіне сымбатты шолақ бешпет киген, он бес жасар, жылпос, әрі өжет солдат қолбасшы отырған орындықты жұлып алды да, жәйімен келе жатқан бас қолбасшыны басып озып, сапта тұрған солдаттардың шетіне апарып қойды.

Бас қолбасшы солдаттардың жанына келді де жаңағы қойылған орындыққа барып отыра кетті. Офицерлер оның екі жанына, ал таяқ ұстаған солдаттар офицерлердің арт жағына барып тізіліп тұра қалды.

Осы кезде жол жақта басында ақ сәлдесі, үстінде кең шапаны бар, қырық жас шамасындағы бір адам көрінді. Оның беті әбден қартайған адамның бетіндей, әжім басқан, басын төмен қарай салбыратып, жерге қарап келеді. Көзі сығырайып, ұзын шапанының етегі жерге сүйретіліп, аяғына оралып әрең келе жатқан қаңғыбас өлімтік кұлап қала жаздап келеді.

Шапанының ішінен белін байлаған ақ белбеу көрінді, оған қалам сауытпен сопақ етіп бүктелген бір тарақ қарағазды қыстырып қойыпты.

Бас қолбасшы келген адамға бір қарады да, қатал пішінмен.

— Писары! Неге кешіктің? — деп сұрады.

Писарь бастықтардың беттеріне де қарамастан, құрғаған еріндерін бір жалап алып:

— Үйімнің жанындағы апыйын тартатын орын бүгін жабық болды. Сүйретіліп басқа жерге баруға тура келді. Сол жерде сіздің денсаулығыңыз үшін өмір суын іштім де, жоғары мәртебелі Әмірге арнап дұға оқыдым. Қайтып келе жатып асыққаным сонша, тіпті өмір суын берген қуаныштың бәрі қайда кеткенін де білмей қалдым. Оқудан кейін, апыйын тартатын жерге қайта баруға тура келіп тұр, тағы да бір сыбаға қабылдауым керек. Бірақ бұған сіздің мейрімді көмегіңіз керек, — деп ақырын ғана жауап қайтарды.

Бас қолбасшы ризалық білдіргендей басын изеп:

— Жарайды, тек тез баста! — деді.

Писарь бүктелген қағазын жазып оқый бастады.

— Нұрбай. Сап түзеу оқуына бір апта бойына келген жоқ.

Жарқыраған жасыл шұға кител киген жас офицер:

— Поручик шақыр Нұрбайды, — деп бұйрық берді.

— Құл болады, тақсыр!

Мыжырайған, өңі қуарған елу жасар Нұрбай солдат найзасына сүйеніп саптан әрең шықты.

Бас қолбасшы бойын ыза кернеп, көзін адырайтып, айыптыға ашулана қарады.

— Антатқыр, жалқау! Сандалып қайда жүрдің?

— Хұрметті тақсыр! Сіздердің бар дерттеріңіз маған келсін. Мен ауру болдым. Қазір де ауырып тұрмын. Поручик маған адам жіберіпті. Сүйретіліп зорға келдім. Көріп тұрсыз ғой, менің түрімді. Егер қорықпасам келуге қуат табалмаған да болар едім.

Солдаттың бірі екіншісіне:

— Рас, Нұрбай ауру. Ол менімен көрші тұрады. Офицер пара сұрады, ал Нұрбай болса ауру, оның бере қоярлық ештенесі де қалған жоқ. Міне, көрдің бе, офицердің ақыры не істегенін, — деді.

— Бұл жер саған Россия емес! Онда доктордан анықтама алсаң болғаны, серуен құрып жүре бересін. Бұл қасиетті Бұхара, мұнда өктемдік ұлы мәртебелі Әмір мен құрметті шарифаттың қолында. Мұнда анықтама да жаныңды сақтап қала алмайды. Өтірік те жәрдем бере алмайды.

Жасыл кителді офицер бас қолбасшының сөзіне араласып:

— Таксыр, өтірік жайында өте дұрыс айттыңыз! Бұл қарақшының айтқаны шылғый өтірік! Соңғы күндерде мұның жалданып жұмыс істегені көршілері арқылы бізге әлдеқашан-ақ мәлім болған.

Нұрбай налып, офицерге тесіле қарады да:

— Кұдайдан қорқыңыз! Сіз тіпті менің қай жерде тұратынымды да білмейсіз ғой! — деді.

Бұл сөзді естіген офицер сасқалақтап, жан-жағына қарай берді.

Бас қолбасшы Нұрбайға ақырып:

— Менің алдымда тұрғанда маған қара. Сен қайда тұрасың?

— Төбе астындағы баракта үй сылаушылармен бірге тұрам. Онда тұратын менен басқа солдаттар бар. Егер маған сенбесеңіз солардан-ақ сұраныңыз.

Бас қолбасшы жаңағы офицерден:

— Мынау сізді қайда тұратынымды білмейді деді ғой! Жауап беріңіз, ол қайда тұрады? — деп сұрады.

— Төбе астындағы баракта үй салушылармен бірге тұрады. Онда тұратын басқа солдаттар да бар.

— Көрдің бе, офицер дәл айтты. Сөйтіп, сен мені де алдағың келді ме!

Бас қолбасшы бойын ыза жернеп, тіпті орнынан да ұшып тұрды.

— Сен оқудан қашқан айыбыңды мойныңа алуды былай қойып, тіпті офицерге де жала жабуға әрекеттендің ғой! Сенімен бірге тағы кім тұрушы еді?

Мана сапта, Нұрбайдың ауруы жайында сөйлеп тұрған солдат пен тағы бір солдат екеуі алға шықты.

— Сендер Нұрбаймен бірге тұрасындар ма?

— Дәл айттыңыз

— Ол ауру ма?

— Дәл айттыңыз.

— М-м! Сендер бір-біріңнің айыптарыңды жасыруға өзара сөз байласып, офицерлерге өтірік айтқыларың келген екен? Үшеуіне де дүре соғылсын!

Бас қолбасшы таяқты солдаттарға белгі берді. Олар жалма-жан жүгіріп келді. Екеуі Нұрбайға жақындап, үстіндегі киімін тез сыпырып алды. Нұрбайдың үстіндегі әскери шолақ бешпетінің ішінде жыртық шапаны, оның ішінде кір басқан, шокпыт көйлегі бар екен. Оны тыржалаңаш шешіндірді. Әлдеқандай бір аурудың дағы қалған арық, сұрғылт денесі арса-арса болып тұр. Нұрбайды үл-

кен барабанның үстіне етбетінен жатқызды. Барабанның екі жағына солдаттар тұра қалды. Керней мен барабанның, сыбызғының әр қыйлы дауыстарымен алаң азан-казан болды да қалды. Музыка үнінің ырғағымен солдаттар Нұрбайдың ырсылған арқасына дүре соға бастады. Кейде музыка үні арасынан Нұрбайдың:

— Ой, сорлы басым! Кешіріңдер! Аяңдар, мені! — деген даусы естілді.

Бас қолбасшының ашуы қайта басталды.

Ол қызметші офицеріне:

— Шылым әкел! — деп ақырды.

Манағы жылпос солдат қорқор мен бір шайнек шайды кесесімен бас қолбасшының қолына ұстата берді. Музыка, ойбайлаған дауыс, тарсылдаған дүре әлі тоқтаған жоқ. Дүре есепсіз соғылып жатыр. Нұрбайдың арқасынан қан жосып кетті. Оның жанын аман сақтап қалған да сол сорғалаған қан болды. Солдаттар таяқтарын сермеп жоғары көтергенде оған жабысқан қан жан-жаққа шашырады.

Шашыраған қан тізесіне келіп тамғанын көпген бас қолбасшыны тағы да ыза кернеді, бірақ оның бұл жолы көрі Нұрбайды сабап жатқан солдаттарға түсіп:

— Тоқтатыңдар! Ақымақтар, тоқтатыңдар деймін мұндай есуастықты! — деп ақырды.

Нұрбайдан кейін оның екі көршісі жазаланды.

Мұнан кейін наркоман—писарьдың тізімі бойынша тағы да бірнеше адам жаза алды.

Солардың ішінде, әсіресе, біреуі есімде берік қалды. Ол Нор Мұрад деген еді. Жұмысқа үш күн келмегені үшін айыпталды.

— Рас өткен аптада мен жұмысқа келгем жоқ. Өйткені ол күні менің кезегім емес еді. Жұмысқа келмеді деп жазалаған Нор Мұрад мен емес басқа адам. Менін айыбым онымен тек аттас болғаным ғана, — деді Нор Мұрад.

Бас қолбасшы писарьдан:

— Келмегені — қайсысы, мынау ма әлде басқа ма? деп сұрады.

Писарь күтпеген жерден берілген сұрауды естігенде әуелі не деп жауап берерін білмей, қатты жөтелді де шалпанының жағасын бір көтеріп қойып, ежелгі әдеті бойынша жерге қарал:

— Бұлардың жүзін танымаймын. Сіздің бақшашыңыз

маған «Жондоралық» Нор Мұрад үш күн жұмысқа келген жоқ» деді. Мен солай деп жаздым, — деді.

— Ол қайда? — деп ақырды бас қолбасшы.

Бір офицер алға шығып:

— Заң бойынша мен ол Нор Мұрадты екі аптаға үйіне барып келуге рұқсат еттім, — деді.

Бас қолбасшы катал сөйлеп, Нор Мұрадқа:

— Егер сенің аттасың үйіне жіберілген болса, онда жұмысқа келмеген Нор Мұрад сен боласың! — деді.

Солай деді де жазалаушы солдаттарға қолын сілтеді. Олар дағдылы әдетімен Нор Мұрадты жалма-жан шешіндіріп, барабанға сүйрей жөнелді.

Нор Мұрад айкайлап:

— Мен емеспін! Ол басқа адам! Оның әкесінің аты Шер Мұхаммед, менің әкемнің аты Нұраддин! — деп зарлап барады.

Амал қанша, Әмір Бұхарасында тізімге адамның аты, қай жерде тұрғаны ғана жазылатын, ал әкесінің аты ешбір жерде жазылмайтын.

Жанағы бишараның сөзіне ешкім құлақ салған да жоқ. Барабан даңғырлап, керней гүрілдеп, сыбызғы шалынды. Дүре үсті-үстіне соғылып, жазықсыз жанды жазалай берді.

Біз бұл арадан да кеттік. Келе жатып Пирак:

— Біз көңілді уақытқа іздеп келген едік, мынадай дараға кесдестік. Мұндағы тіршілік те Регистандағы зұлымдықтан ешбір жеңіл емес екен, — деді.

ӘМІРДІҢ ТУЫСҚАНЫ

Қайтарымызда сасық көлге соқпау үшін Самарқанд қақпасымен жүрмей, имам қақпасы арқылы жүрдік.

Біз солдаттар оқуы алаңынан төтелей жүріп, Ашурахан бағының жанынан өтіп, үлкен жолға шықтық. Сол жолмен тартып отырып, Галаджуя каналына келдік.

Оң жағымызда құнарлы жерде күзде қайта көктеген өсімдіктер құлпырып тұр да, сол жағымызда көлдің сасық суы жайылған орлар жатыр. Сасық сулы қалың қамыс өсіпті, шалшық қара суда кұж-кұж қайнаған бақалар бақ-бақ етіп, сайран салып жүр. Көп ұзамай көл жағалауынан балшықтан соғылған, айналасы құлап қалған дуалмен қоршалған аула жердік. Бұл ауланың салынған жері айналадағы басқа жерге қарағанда шұңқыр бол-

ғандықтан көлден аққан сасық шалшық су тура аулаға барып күйылып жатыр. Ауланың әржеріне шалшық су тоқтаған, оның айналасы сазға айналыпты, осы шалшық сулардың арасынан кішкене жалғыз аяқ жол көрінді.

Аула мен сасық сулы орлардың арасын үгітіліп жарылған дуалдар мен қабырғалары жартылай құлаған бір-неше ағаш үйлер бөліп тұр. Үй қабырғаларының кейбір жерлеріне тіреулер қойылыпты, кейбіреулері қыйсайып құлағалы тұр, ал кейбіреулері түгел не бір қабырғасы құлап қалыпты. Құлаған дуалдардың саңлауынан ауланың ішіндегілер анық көрінеді.

Осындай қабырғалардың бірінде биік бағанаға байлаған түрлі-түсті аттар тұр. Аттардың арасында олардың жем шөбіне қарап жүрген екі қарт адам жүр. Олар соншалық жүдеу, үстеріне кигендері жыртық шапан, әлсіреп, аяқтарын әрең басады. Бір тәуірі бұл жерде шалшық су жоқ екен, бірақ көң дегеніңіз таудай үйіліп жатыр. Ат байлайтын бағаналардың бірінде ат тәрізді қаз-қатар тізіліп байланған адамдар тұр. Бұл адамдардың қолдарын арттарына қайырып екінші бір бағанаға таңып тастапты да, мойындарына шынжырлы құрсау салып, оны жоғарыда тұрған дөңгелек сақыйнаға іліп қойыпты. Бұл адамдардың екеуі үстерінде тозығы жеткен, тіпті уақтап қабыған қызыл шапаны бар, жастары да елуге келген түркмендер екен. Олардың бастарында қой терісінен істелген, бейне қара қазандай бөріктері бар, ал қалған алты адам Бұхараның жалаңаяқ шаруалары. Бұлар түркмендерге қарағанда әлдеқайда жас адамдар, бірақ мынадай ауыр азаптың салдарынан әбден шаршаған әлсіреп біткен кейіп жүздерінен айқын сезіледі.

Осы адамдар тұрған ауланың аржағындағы төрінен ұзыннан-ұзақ сәкі көрінді. Бұл сәкі ауладан әлдеқайда биік, оған шығу үшін үш баспалдақ жоғары көтерілу керек. Сәкінің оңтүстік жағы үймен жалғасқан, ал үйдің есігі тікелей сол сәкіге қарай ашылады.

Сәкінің үстіне үлкен кілем жайылған.

Осы сәкінің ортасында, кілем үстінде, астына үш қабат жібек көрпе төсеп, бетін қақпаға беріп, бір адам отыр.

Оның алдына, кілем үстіне, кестелі үлкен дастарқан жайылған. Дастарқанды әртүрлі ыдыстарға салынған дамақтарымен қоса піскен ет, май шелпек, үлкен-үлкен тоқаш нанның неше алуаны жатыр.

Отырған адамның түсі де таң қаларлық. Бойы ап-аласа, түсі кара торы, кең танаулы мұрнын бейне әдейі жаншып тастағандай жалпыйған қасы, кірпігі жоқ кішкене кара көзі болар болмас жылтырайды. Басы да кішкентай, беті қушыйған соп-сопақ, тап-тар маңдайына түскен әжімі шоттыйған ісік тәрізді.

Оның аузы да ғажап. Иегімен жағы мүлде жоқ, тұтасып кеткендей. Иек сүйегінің орнына бірнеше қылы бар қыртыстанған бір елі кара тері салбырап тұр.

Сәкі үстінде отырған адамның басында жаздық ақ тақия, ал бұтына кигені жүннен тоқылған кең шалбар. Ол аяғын астына басып малдас кұрып отыр, үстінде көйлегі де жоқ, жүн басқан айуандай жалаңаш денесіне шыттан тігілген жұқа шапан жамылған. Ал жуан қарнына да сыймай, тізесінің алдында салбырап жатыр.

Бұл адамның жас мөлшерін дәл айту қыйын.

Ол бір қолына май шелпекті, екінші қолымен кесек етті алады да, шелпекке орап қомағайлана аузына тыққылады. Аузына түскенін шала-шарпы шайнап жұта салып, аш қасқырдай ет пен шелпекке тағы да қол салды. Оның тамақ жеуіне, шашына ақ түспегеніне қарағанда қуатты жас жігіт екен деп ойлайсын. Ал бетіндегі әжіміне, қасы жоқ, жанары кеткен көзіне қарағанда жетпіс жасар шал деуге де болады.

Сәкінің шетіндегі сатының жанында, әлгі адамға қарама-қарсы, беліне ақ орамал байлаған, он алты жасар бір бала отыр. Оның басында шағын ғана ақ сәлдесі бар. Сәлдесінің басын орағаннан қалған ұшын иығына түсіріп қойыпты. Баланың жанында шайнек пен поднос, ал поднос үстінде кесе тұр.

Бала ет жеп отырған адамның «шай бер» деген белгісін не оның тамағына ет тығылып қалуын аңдып, дереу кесеге ыстық шай кұйып, мыс подноспен шатшаң бере салуды күткендей қадалып қалыпты.

Ал әлгі адам ат қорасындағы бағанада таңылған сегіз тұтқынның көз алдында жайбарақат, ешбір алаңсыз, ашқарақтанып, талмастан, тынымсыз тамақ жеп отыр.

— Бұл кім? — деп сұрадым Пирактан.

— Мұның аты Хайдаркұл Шошқа. Өзі жоғары мәртебелі біздің Әмірмен бір рудан. Әмір оған шексіз сенеді. Құрмет көрсету жағынан Әмір сарайында Шошқаға тең келетін, сірә, ешкім болмас. Тіпті Мұзаффар Әмір зама-

нының өзінде-ақ қокандап соғыста атқарған қызметі үшін Шошқа Әмірден жарлық алған болатын. Ол сол жарлық бойынша өзі істеген барлық қылмыстары үшін жауапкерліктен мүлде босаған, Шошқа нендей ауыр қылмыс істесе де, Әмір де, уәзір де, жоғарғы би де оған ештеңе айта алмайды. Қаршида, Бұхара маңында, Бұхараның көптеген округтерінде мұның меншікті қыстақтары бар, солардан ол салықты шарифат белгілеген Заң бойынша жыйнамайды, өзінің ойлағанынша алады.

Пирак қолдары арттарына қайрылып, бағанада таңулы тұрған адамдар туралы да айтты.

— Хайдарқұл Шошқа адамдарды өзіне қызмет істеткенде, — деді Пирак, — оларға ешқандай ақы төлемейді деп есіттім. Ал егер кімде-кім одан ақы сұрай қалса, Шошқа оны үйінен қуып шығады екен. Егер қуғанына да кетпесе оған су да, тамақ та бермей, бірнеше күн бойы атқораға байлап қояды. Әрине, ондай азап көргеннен кейін Шошқаға қызмет еткен адамдар тіпті ақы сұраудан да бас тартады.

Мен Шошқаны бүгін алғаш рет көріп тұрмын, бірақ ол туралы бұрын түрлі сұрқыя әңгімелер естіген едім. Ол туралы осында да, қалада да, тіпті қыстағымда жүргенде де естігендерім көп болатын.

Хайдарқұлдың ата-тегі маңғыт руынан екен, Әмірдің руы да сол маңғыт. Оның әкесі Қаршида тұрады екен, мыңғырған бай болыпты. Байдың малы жаз болса Қасқа-Дария бойын жағалай Қарши мен Шахризьяб аралындағы көлдер мен өзендер жағалауындағы суы мол, шөбі шүйлiн жерлерді жайлайтын болған. Оның бүкіл семьясы мал шаруашылығымен шұғылданатындардың ежелгі дағдысы бойынша көп малдың соңына еріп, киіз үйлермен өзен жағалауларына көшіп-қонып жүрген.

Хайдарқұл осы өзен-көл жағалауларының бірінде туып өскен. Бала жасынан сондағы көрген, білгендерінің бәрі де өзіне өмір бойына әдет-дағды болып қалыптасады.

Шошқа бала шағынан-ақ зорлық-зомбылыққа бой ұрады. Жүрген жерлеріндегі дихандардың табан ақы, маңдай терімен өсірген егіндерін, жеміс бауларын, бау-бақшаларын жер қайысқан малының аяғына таптатып шанын шығарып кететін болады. Хайдарқұлдың рулас адамдарының өздері-ақ оның осындай шектен асқан мейрімсіз мінезіне қарай оны Шошқа деп атап кеткен.

Шошқа өсіп, ержеткеннен кейін, Бұхараға келеді, оны Әмір өз сарайына қызметке алады және соғыс жорықтарына қатысады. Осы қызметте жүріп, ол ерекше көзге түседі, оның қызметі Мұзаффар Әмірге өте-мөте ұнайды да, Шошқаға сыйлық ретінде өз қолынан жарлық береді, ол жарлық бойынша Шошқаны соттауға, жауапқа тартуға, оның ісіне қол сұғуға, оған қарсы шығуға ешкімнің қақы жоқ болады.

Бұхарада Шошқа үйренген ежелгі дағдысынан өзгерген жоқ. Ол осы Имам қақпасының аржағындағы көл жағалауына орналасып, сол жерден өзіне үлкен үй салдырды.

Бірақ бұл көл жағалауындағы жерлер өте ылғалды. Күйдірілмеген қыштан қаланған үй қабырғалары ылғалданып, кұлап қыйрай береді. Оған ренжитін Шошқа жоқ. Ол құрылысшыларға бір теңге де төлеместен, кұлаған үйін әрқашан да түзеп, қайта салып, қалпына келтірумен болады.

Біз Шошқаның үйінен де өтіп, Имам қақпасына баратын үлкен жолдың үстіндегі Ат базарына келдік.

Таңсәриден сандалумен жүріп нәр татқан жоқ едік, әрі шаршап, әрі ашықтық. Сондықтан Ат базарындағы шайханаға кіріп тамақтанғымыз келді. Мен екі күлшенан сатып алдым, Пирак шай алатын болды, сөйтіп, самауырға таяу жерге келіп отырдық.

Шай үстінде де біздің әңгімеміз Шошқа туралы болды.

Мен Пирактан:

— Оның осындай сазды, ылғалды жерге орналасу себебі, мүмкін бала шағынан көл жағалауында өскендігінен болар. Сондықтан да оған осы жер ұнаған болуы керек, — деп сұрадым.

Шайханашы менің сөзімді естіп, біздің жанымызға келді де былай деді:

— Мүмкін сіздің айтқаныңыз да дұрыс болар. Мүмкін ол жасынан сондай жерге дағдыланған шығар. Ал менің ойымша оның көл жағалауына орналасуының мәні тек дағдыда ғана емес. Біздің қаламызда көл деген толып жатыр. Әркімнің ауласында да көлге татырлық су қоймалары бар. Қаланың өзінде де көл бар емес пе. Менің ойымша істің түйіні ол болмау керек. Басқаша бір себеп бар.

— Сіздің ойыңызша қандай себеп болуы мүмкін?

— Оған ат саудасы керек. Ол ат саудасынан көп ақша табады. Ол сотталуға жатпайтын үлкен адам, бетіне қарсы келер жан жоқ. Алыпсатарлар болса оған жылқыны арзанға алып беріп, оның жылқысын қымбатқа сатады. Олардың жылқы саудасына ешкім қол сұға алмайды. Ол — олма, Шошқа ұрлаған жылқымен де сауда жасайды. Ұрланған жылқыны сату оңай емес, әрі қығын, әрі қауыпты. Егер ұрланған жылқы Шошқаның қорасында тұратын болса, онда сол арада сауданды бітіре беруге де болады және қауыпсыз. Тіпті ұрланған аттың иесі сол арада өз атын таныса да үнін шығара алмайды, жірпігін де қағуға шамасы келмейді. Өйткені бәрібір ешнәрсе істей алмайтындығына көзі әбден жетеді. Егер біреу міреудің аузынан жазатайым «бұл менің атым, менен ұрланған еді!» деген сөз шықса-ақ болғаны, іс бітті. Ондай адам сол арада жалма-жан қолы артына қайрылып, бағанаға таңылады да, мойнына құрсау түсіп, онысы жоғарыда тұрған дөңгелек сахыйнаға ілінеді. Бұдан соң атыңды дәлелдеп көре ғой. Сенің сөзіңді тыңдайтын адам табылмайды. Ат иесі бір жұтым су ішпестен, бір жапырақ нан жеместен осындай халде бір апта тұрғаннан кейін: «Көшірім сұраймын, әлгіндей атты мен өмірімде бірінші рет көріп тұрмын» дейтін болады. Егер бұл сөзді айтып көшірім сұрамаса, солай тұра береді, ақыр аяғында Әмірдің түрмесіне түсіп, айтқанынан қайтқанға дейін түрме кенесіне жем болады. Шошқа осындай сауда жасауға қатаң тәртіп орнатқан. Ұрланған аттың жарты ақшасы өзінің қалтасына түседі де, жартысын ұры мен алыпсатарға береді. Ал ұрылар мен алыпсатарлар аттың жарты ақысынан айрылғанына ешқандай өкінбейді. Оларды ешкім мазаламайды, сауық-сайранын құрып жүре береді. Бұдан былай да жылқы ұрлай береді. Егер Шошқаның үйі басқа қақпалардың бірінің алдында болса, оның жылқысымен сауда жасау ешкімнің де ойына кіріп шықпаған болар еді. Шошқа көл жағалауын сағалап жүрген жоқ, Ат базарын сағалауда — енді оның қандай жағалауға көшіп барғанын түсінген боларсын бауырым.

— Қазір оның қорасында таңулы тұрғандар кімдер? Жұмысын істетіп алған соң еңбек ақыларын сұрамасын деп жазалап қойған жұмысшылар болғаны ғой, тегі.

— Я, жұмысшылар. Бірақ олар ақы сұрағандары үшін таңулы тұрғандар емес, Шошқадан кім ақы сұрау-

шы еді? Жұрт одан ақы сұрауды әлдеқашан ұмытқан. Ол бишаралардың бағанаға танылу себебі мүлде басқаша: Шошқаның үйінің қабырғалары құлап қалды, міне, енді сол үйдің қабырғаларын салушыларды шақыртып алып жазалап жатқаны ғой. Шошқа сол жұмысшылардан үйінің құлаған қабырғаларының құнын талап еткен. Оларды қайта қалатқан уақытта Шошқа жұмысшыларға көк тыйын да төлеген жоқ болатын. Ал енді ол құлаған соң, жұмысшылардан «ақша әкел» деп отыр. Жұмысшы бишаралар анау-мынау деп көрген өкен, бағанаға таңып тастапты. Сори қайнағандардың бағанаға таңылғандарына бір жеті болды!

— Онысы несі, үйдің қабырғасын құлатқан олар емес қой. Қайта адал еңбек етіп, тұрғызып берген жоқ па олар?

— Әрине, қабырғаны олар шын пейілдерімен қайта тұрғызған. Ал жердің ылғал болғанына жұмысшылар жауапты емес қой. Сонда байлаулы тұрған екі түркмен шеберліктерімен даңқы шыққан адамдар болатын. Ал қалған алтауы солардың басшылығымен жұмыс істеген. Бұлар өткен жылы Шошқаның қолына түсті. Шошқа оларды шақыртып алып, көл мен аула арасынан бір дуал, аула мен іркілген су ағатын ор аралығынан жұқалау тағы бір дуал соқтырды.

Қыста ордан дуалдың астына су ағып, ол ылғалдана беріпті. Дуалға су сіңіп, үгітіле бастаған кезде жаңағы құрылысшылар артелі жақын маңда басқа құрылыста жаз бойы жұмыс істеп жүреді екен. Олар өздері істеген құрылыста арқа еті арша, борбай еті борша боп жүріп әрқайсысы жүз, екі жүз теңгеден еңбекақы табады. Бұл жұмысшылар көп ақша тапты деген хабарды Шошқаның құлағы шалады. Ол осы хабарды естісімен-ақ оның екінші дуалы құлайды. Сол-ақ екен, Шошқа құрылысшы жұмысшыларды шақыртып алып, әрқайсысынан шығынының орнын толтыруды талап етеді. Жұмысшылар мұндай орынсыз талапқа келіспейді. Ендеше шыдаңдар, деп Шошқа оларды бағанаға таңған да тастаған. Жұмысшыларға су да, нәр де таткызбайды, оның есесіне күніне әрқайсысына екі реттен дүре соғады. Қыста күн көру үшін жаз бойы тапқан ақшаларын, бұл бишаралар Шошқаға беретін болар сірә. Олай етпейінше Шошқа жұмысшыларды бәрібір босатпайды. Неше аштан қатырып өлесі халге жеткізеді. Оның несі кетеді! Қолында жарлығы бар,

ол үшін пара алу, пәлеге қалу емес, тастай батып, судай сіңе береді.

* *
*

Біз ат базарының жанынан жүріп, Имам қақпасы арқылы қалаға кірдік, Регистанды басып өтіп, жүн тарағыштар кварталына жеттік.

Үлкен моншаның қарсысында өзара бірденелерге дауласып жатқан адамдарға алыстан көзіміз түсті. Сондағы жанжал тіпті төбелеске баратын түрі бар.

Шапшаң басып, сол жерге келдік.

Уақығға былай екен: Жоғары мәртебелі Әмірдің бірнеше ұлдары көшені қамажаулап қоршап алыпты. Сөйтіп, әрқайсысы көшеден өтіп бара жатқан адамдардың шапанының етегінен ұстап, екінші қолын өзінің денесіндегі қышымалы қотырына үйкеп, оны ұстаған адамдарының беттеріне тақап, зәрелерін кетіре:

— Кәне, тез бер! Өліктің кебіні үшін үш теңге шығар! Бермесен мына қолымды өңменіңе сұғамын! — деп ақырады.

Өткінші адамдардың ақшасы барлары жалма-жан мына сұмырай қайыршыларға беріп құтылып жатыр. Ал ақшасы аз өткіншілер қайыршылармен саудаласып тұр. Ақшасы жоқтардың халдері мүлде мүшкіл екен.

Біз шеттеңкіреп тұрып, шағын алаңдағы уақығаларды байқадық. Моншаның алдындағы зембілдің үстінде үсті-басы қанталаған үш адамның жансыз денесі жатыр. Бұлар жоғарғы мәртебелі Әмірдің ден саулығы үшін бүгін таңертең құрбандық болған Тұрабтың, Базар мен Нәсімнің денелері екен.

Біз бұл арадан тезірек кетуге асықтық және көзге түспестен бір тығырық көшеге бұрылдық. Зайниддин Хожя Баный және Сидикион көшелерінен өтіп, Мир Араб медресесіне жеттік.

Жол-жөнекей Пирак жоғары мәртебелі Әмірдің ұлдары Түкүндіз моншасы пешінің күлі төгілетін жерде тұрады деп түсіндірді. Олар өлтірілген адамдардың денелерін өз жерлеріне алып барады екен де, жерленбеген өліктің денесін көрсетіп, өткіншілерден ақша талап етеді екен.

Өлтірілген адамдардың бай туыстары болса Әмірдің ұлдары үсті-басын қан басқан денелерді көп ақшаға сатады. Егер өлтірілгендер жалғыз басты не кедей болса

оның денесін зөмбілге салып, Моншаның алдына екі-үш күн ұстап, сол көшеден өткен адамдардан жерлеуге үнемі ақша алады.

Өліктің денесі иістеніп, көше ортасында ұстауға болмай қалғанда ғана, оны қаланың шетіне апарып, көлдер мен олардың біріне лақтырып тастай салады екен.

* *
*

Бұл күнгі көрген уақығаларым мені қатты күйзелтті, тіпті қараңғы құжрада жалғыз отыра алмадым. Медреседен шықтым да, алаңнан өтіп, Мақта базарындағы шайхананың жанына келіп отырдым.

Екінші бір жақтан адамның жөтелгені және күзетшінің сезіктеніп шыққан даусы естілді.

— Бұл кім?

— Бұл мен, медресенің шәкіртімін, — қарттың күдігін бастым да, — мұнда келіңіз, Мұрат баба. Отырайық, әңгімелесейік, — дедім.

Мұрад қарт қарауыл таяғын жерге тық-тық еткізіп мен отырған жерге келді. Ол менің қасыма ешкі терісін төсеп, оның үстіне қасіретті адамдай ауыр салмақпен отырды.

— Уһ! — деп ауыр күрсінді, Мұрад, — қуат кетті, қартайдық. Суық тасқа отырсам болғаны белім қозғалтпай қалады. Сырқырап, қатты ауырғанда тіпті дем ала алмай қаламын. Мына теріні сүйреп жүргенім де содан.

Қарттың денсаулығы жайында сөйлесе отырып, әңгіме арасында ептеп:

— Сіз бүгін Нәсіммен соңғы рет қоштасуға Регистанға неге бармадыңыз? Ол сіздің көршіңіз еді ғой, — деп сұрадым.

— Өзің онда бардың ба?

— Бардым.

— Оларды қалай өлтіргенін жөрдің бе?

— Көрдім.

— Сен оны таныдың ба? Өзін білушімедің? — деп абыржып сұрай бастады Мұрад.

— Жоқ, мен оны танымаушы едім. Бірақ кеше сіздің Хашиммен әңгімелескеніңізді естігем. Сіз оған, тегі Нәсімді өлтіретін шығар, дедіңіз ғой. Мен танымайтын бір адамды өлтіргенде, сол Нәсім болар деп ойладым.

Қарт біраз тынышталғандай болып отырды да, жәйімен:

— Нәсімді өлтірген жоқ. Дегенмен Нәсімнің орнына әйтеуір бір кедейді өлтірді, — деді.

Күркілдеген ұзақ жөтел Мұрадтың сөзін бөлді. Қарт жөтеліп болды да сөзін жалғап:

— Кеше мен Хашимге: Нәсімді өлімнен аман сақтап қалу үшін күзетшілер бастығы оның інісінен екі мың теңге талап етті деп айттым ғой. Інісі сол жердегі бір байға жерін, үйін, сыйыры мен өгізін сатыпты. Мұның бәрі кем дегенде он мың теңге тұратын еді, ал бай небәрі екі мың теңге берген. Нәсімнің інісі еріксіз келісіп, сол ақшаны күзетшілер бастығына апарып беріпті. Ақшаны қолына алғаннан кейін күзетшілер бастығы былай депті: «Нәсімді өлтіру туралы бұйрыққа қол қойылып, бас уәзірге табыс етілді. Енді Нәсімді босату оңай емес. Мен сенің ағайынның орнына қаңғыбас, қайыршы кедейлердің әйтеуір кез келген біреуін өлтіруге бұйрық беремін. Өзің бүгін кешке ел жата түрменің жанына кел. Түрме бастығы қараңғыда ағанды шығарып береді, ертіп ал да жайыңа жүре бер. Байқа, алты айға дейін ешқайда шықпасың, бірде-біреудің көзіне түсуші болмасың. Бұл оқыйғаның бәрі ұмытылғаннан кейін, жайбарақат жүре беруіне болады оны ешкім іздемейді де», Міне, осындай амалмен Нәсімді өлімнен аман қалдырды. Ол өлген жоқ, басқа біреудің қаны төгілді. Рас, оның орнына өлтірілген кедейдің ешқандай кінасы жоқ. Егер, сол жазықсыз бишара кедейдің орнына Зәкірбой хажының басын кессе өте игілікті іс болар еді! Е, айтып-айтпай не керек, Бұхарада әділетті істі көре алмай тұрмын-ау?

ӘДІЛ ҮКІМ САЛТАНАТЫ

1891 жылдың бас кезінде Қужельдаш медресесінде аса көрнекті өсімқор Кори Захидтің өлігі табылды.

Кори Захид қалада үйі бола тұрса да әрдайым осы медреседегі кұжрасында тұратын.

Ол нағыз мейрімсіз өсімқор және кұжраларды сатып алып, қайта сатудан көп пайда табатын саудагерлердің бірі десетін. Кори Захид түрлі кулық-сұмдық әдістерімен шәкірттерді қарызға белшесінен батыратын да, сонан соң өзіне қарыз шәкірттердің кұжраларын тартып алатын.

Абайсызда алданып, оның қақпанына түскен қарапайым адамдар да аз емес-ті.

Оның мінез-кұлқы, сұмдық арам істері туралы да көптеген сыбыстар айтылып жүрді. Захидтың жұжрасында жанжал шықпаған тұн болып жүрген емес.

Оны өзі күйзелткен кедейлердің бірі өлтірген. Мүмкін, өзінің азғындаған жақын адамдарының бірі өлтірген болар. Қори Захид өлгеннен кейін оның артында мұрагер болатын ешкім қалған жоқ, сондықтан оның барлық мүлкі жоғарғы би арқылы қазынаға өтті. Қори Захидке қарыз адамдарды анықтау үшін оның барлық қағаздары, жазған жазулары Қори Захидтің құжрасынан жоғары би қарамағына өткізілді.

Жоғары би Қори Захидті жерлеу үшін жыйырма теңге—үш сом-ақ берді, ал жерлеуге керекті басқа ақшаны Күкельдаш медресесінің шәкірттері өзара бірлесіп жыйнады.

Қори Захидті өлтірген адамды іздестірген де ешкім болған жоқ. Шынында өсімкор Қори Захид тірісінде тыным көрмей дүние жыйнап, өзі өлген соң оны жоғары биге қалдыру үшін ғана өмір сүрген сыяқты болып шықты. Ол бұл міндетін орындады. Сонымен, Қори Захидтің күні де бітті.

Базар молда бірнеше жыл бойына осы Қори Захидтің асбазшысы болып істеді. Ол Тұраб молда екеуі бір қыстақтан болатын. Ал Тұраб молда жайына келсек, ол Мир Араб медресесінен қашқан соң Хиобон медресесінен бір құжра сатып алып, сонда сопы болып тұрды. Оның анда-санда Самарқанға барып қайтатыны ғана болмаса, тіпті көшеге де шықпайтын.

Қори Захид өлгеннен кейін Занданай округінде туған Базар молда Тұрабтың құжрасына барып орналасты.

Қори Захидқа қарыз адамдарды іздестірумен шұғылданған жоғары би оның қағаздарын ұқыптылықпен тексерді. Сол қарыз алған адамдар тізімінің арасынан жоғары би шағын дәптерді көздестірді. Қори Захид сол кішкене дәптерге жеке басының істерін жаза жүрген екен. Дәптердегі жазу ішінде бір уақытқаға жоғары би ерекше назар аударды, сол жазу оны абыржытып, ауыр ойға да қалдырды. Бидің бойын қорқыныш биледі. Ол дәптердегі жазудан өзінің туған үлкен ұлының жасырын түрде Қори Захидпен кездесіп жүргенін білді. Қори Захид құпия жүріс-тұрыстарының бәрін ашық жазыпты, бұл жү-

рістерде жоғары бидің баласы айрықша көрнекті орын алған екен.

Бұл жазуларды оқып шыққан кезде жоғары бидің бойын қорқыныш билеп, мынадай ой түсті: «Егер бұл уақытты біреу білсе, бұл тек ұлымды ғана емес, тіпті мені де масқаралайды. Ал мен болсам өлгеннен кейін Бұхараның жоғары биі сол ұлым болады деп осы күнге дейін сеніп келдім!»

Бұл дәптердің сырын бөтен біреулер оқымай, өз қолына келіп түскеніне би өте қуанды да. Егер бұл дәптерді кұжрадан алып шыққан кезде жоғарғы бидің өз адамдары оқыса, бұл оншалықты қорқынышты емес, ондай адамдардың аузына қақпақ салу оп-оңай. Би баласының бұрынғы көңіл көтеру серуендерін білетін адамдар болса, ең қауыптысы осы. Ондай адамдар бұл уақыттарды қай жерде болса да, кезі келген күні айта салады, онда іс бітті, масқара болып күлі көкке ұшты дей бер. Мұның алдын алу үшін Қори Захидтің кұжрасында өз ұлы болған кезде қандай адамдар болғанын білу қажет болды. Сөйтіп, ұлымен кездескен адамдардың көзін жою керек, мынандай құпияны сол адамдардың өздерімен бірге ол дүниеге жөнелту қажет.

Кездесер қас жауыңмен келсе кезің,
Кес басын, тындыр көңлің, жоғалт көзің.

Құпия зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін жоғары би ұлы Қори Захидтің кұжрасына барып жүрген күндерде өсімқордың асбазшысы болып занданайлық Базар молда қызмет істегенін, оны Қори Захидтің кұжрасында тұрғанын біледі.

Мұнан кейін Базар молда қазірде Хиобон медресесіндегі Тұраб молданың кұжрасында тұратыны анықталды. Ұлының құпия сырын Базар молда Тұрабқа айтып та үлгірген шығар деп қауыптенген, алды-артын күні бұрын байқағыш би Базар молданың да, Тұрабтың да көзін жойып, қуа болатын адамдардан біржолата кұтылуды ұйғарды.

Базар мен Тұраб тұтқынға алынды.

Оларға тонау мақсатымен Қори Захидті өлтірді деген айып тағылды. Артында мұрагері қалмағандықтан Базар мен Тұраб ұрлаған Қори Захидтің барлық мүліктері Әмірдің қазнасына түсуі керек еді деп жала жапты. Осындай қолайлы сылтау табылғандықтан олар Әмір

қазнасын ұрлағандары үшін айыпты болып шықты. Мұндай қылмысқа өлім жазасы берілетіні айқын.

Үш күннен кейін Әмір қылмыстыларды өлім жазасына кесу туралы бұйрыққа қол қойды.

Сол күні бұл бұйрық орындалды.

Жоғары бидің «әділ үкімі» осылай салтанат кұрды.

Біз Пирак екеуміз мұны өз көзімізбен көрдік.

Бұл екі адамды өлтіру жоғары бидің тағы бір әрекетіне керек болды. Қори Захидтің кейбір бағалы мүліктері Әмір қазнасына түспей жоғалуы өлтірілген молдалардың айыбына дәлелдеме болып табылды.

МИР АРАБТАҒЫ САУЫҚ КЕШ

1891—1892 оқу жылы басталды.

Оқудың алғашқы күндері мұғалімнің көмекшісі Абду-Салом молда өз тобының қорі Шарифжан Махдум мен оның медреседегі кейбір жолдастарын қонаққа шақырды.

Осы кезде асбазшы мен болдым.

Абду-Салом молданың кұжрасы біздің медресенің ішіндегі ең жақсысы еді, ол әрі кең, өзі бір мұнаралы болатын. Ошақ пен жуынатын жері есік жанынан істелген. Осы себепті қонақтар, кұжра қожасы және оларға шай кайнатып ас әзірлеп жүрген мен де — бәріміз бірге отырдық, сөйтіп үйдегілердің сөзін тындап, әңгімелеріне қатысуға менің де мүмкіндігім болды.

Шарифжан Махдум достарымен бірге үйге кіріп келген бетте-ақ мені таныды. Ол Абду-Саломнан:

— Мынау, әлгі бәрін білгіш Мырза Абду-Вахитымды жеңген бала емес пе? — деп сұрады.

— Дәл өзі! — деп жауап қайтарды Абду-Салом.

— Келгені жақсы болған екен. Оқу керек!

Қонаққа жыйналғандар сол кеште ақындар, кітаптар, әдебиет туралы әңгімелесті. Өйткені қонақтардың көпшілігі өздері өлең жазумен шұғылданатын немесе өлеңді кұмартып оқыйтын, жалпы айтқанда поэзияны білетін адамдар еді. Олардың ішінде өлеңді басқаларынан аз білетіндері де бар еді, бірақ олар да тапқыр, сөзшең болатын. Қысқасы жыйналғандардың қай-қайсысы болса да өз сөздеріне қарай орынды айта білетіндер.

Бұлар өзара әңгімелесе отырып, өткен-кеткеннен күлкілі әңгімелер айтты, өлең оқыды, өздері жазған өлеңде-

рінің ұйкастары жөнінде пікір алысты, сол арада қолма-қол көңілді әзілге құрылған қос буынды өлеңдер шығарды, бұрынғы ақындардың газелдерін еске түсірді, классиктерге еліктеуге тырысып, мен-менсінген күшеншек ақынсымақтарды сықак етті. Бұл еліктеуші ақындардың өлеңдері түр жағынан ерте замандағы ақындардың үнін айнытпай-ақ сала алатын, бірақ ол ақындардың айтайын деген ойы айқын, тақырыбын да терең ойлап табатын. Ерте замандағы ақындардың өлең түрлері алған тақырыбын терең айтып беру тілегінен туды. Ал, еліктеушілер өлеңнің түрі туралы ғана ойлады, тақырыпты талдап алу, оны терең зерттеу олардың мыйына да кіріп шыққан жоқ.

Осы кеште кітап түптеуші Назрулла Лутфи молда да болды. Ол жас кезінде кітап түптеуші болып, кейін оқуға түскенін, сөйтіп жүріп, әдебиетпен шұғылданғанын соңынан білдім. Бұл адамның жасы әлі отызға да жетпеген. Оның быйыл оқу бітіретін жылы. Ол әдебиет жайындағы айтылғандарды өте жақсы білумен қатар, өзінің сыртқы бейнесі де адам назарын аударарлықтай ақ өнді, қара көз, дене құрылысы толықша келген сымбатты, үлпілдек ақсары сақалды, әдемі адам болатын. Қас, қабағы келіскен ұзын кірпікті, қолдары мен аяқтары түптура салалы келген және мықты еді. Осы адам маған ішінде бөтен сөзге ешқандай орын жоқ, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін газелдегі адам сыяқты көрінді.

Лютфи жазуды да аса көркем жазатын, оның жазған хатын көрген сауатсыз адамдардың өздері де суретшінің көркем шығармасына қарап таңданып сүйсінетін. Ол кітап көшіріп жазумен күн көруші еді.

Лютфидің өлеңдері маған мейлінше қарапайым өлеңдердей, ал мазмұны тайыз көрінді. Бірақ, оның өзі әнтек күлімсіреп сөйлеген кезде, аузынан шыққан әрбір тапқыр, нақыл сөздерін, қайтарған жауаптарын, ақылды ескертулерін, мәселені талдауларын еріксіз ақыр аяғына дейін тыңдаған үстіне тыңдағың келетін. Оның сықағы, өзі әңгімелесіп отырған адамдардың сөздеріне күтпеген жерден мағна беруге қаблеттілігі, сол күнгі кештегі әңгімелердің бәрін де көңілді етіп, жандандырып отырды.

Бұл кеште шаштараз Рахмат молда да болды. Ол бұл өнерді балалық шағында кәсіп етіп, мұнан соң медресеге түсіп шәкірт болған алғашқы жылдарда да осы ұстар мен қайшының арқасында өзінің тамағын асырапты.

Сөйтіп, бірнеше жыл оқығаннан кейін өзінің бұрынғы кәсібін қаламға айырбастап, ірі саудагерлердің қағаздарын жазумен ақша тауып, солардың жұмыстарын жүргізетін болып алыпты. Жасы тура отызда, Лютфи және Шарифжан Махдуммен көп жыл бірге оқып желе жатқан адам. Оқуды орташа үлгіреді, әдебиетпен онша шұғылданбайтын да еді. Мінезі жұмсақ, өшкімге арамдық ойламайтын, адал ниетті, қарапайым адам, мен-менсінген молдалар мен екіжүзді құдайшыл, сыйқыршыларды өте жек көретін, өзінің жалпы пікірі туралы:

— Менің рухани басшым біреу-ақ, ол — палау, — дейтін.

Рақмет молда жазда ақша табу үшін серуен кұру үшін, қайда барса да бір қызықты тарихқа кездесетін не өзі бір қызық уақытқаға душар болатын да жүретін, қайтып келген соң сол көргендері мен бастан кешіргендерін ертегілерге ұқсас болмаған уақытқаны болғандай көңілді, қызықты етіп айта білетін.

Шарифжан Махдум оған былай деді:

— Сіз бастың шашын алудан, тарих шашын алуға көштіңіз.

Мұнда Оқил молда деген де болды. Осы жыйналған қауымның ішіндегі мінезі ең байсалды, төзімдінің бірі сол ғана еді. Ол өзіне тіреп айтылғандардың бәрін ауыр алмайды, әрдайым көңілді, сықақ сөздерге бұлк етпей төзе береді, тым беймаза адамнан құтылу үшін ғана өткір сөзбен қағып тастап отырады.

Осында жыйналғандардың бірі Құлябалық Бұрхан молда. Оның жасы отызда деуге болады. Ұзын бойлы, толық денелі келген адам. Бұрхан қалың кара көкшіл сақалын өсіріп жіберіпті. Онысы жалпақ, толық келген қараторы бетін тұтас жауып тұр. Айналасы әрі ұзын, әрі қалың, бірақ, үлпілдек кірпікті қаһарлы көздері кісіге карағанда жалт-жұлт етеді. Ол әңгімені нақыштап отыр. Ал адаммен сөйлескенде тау халықтарында болатын каталдық мінездерін, бұхаралықтардың өткір сөз тапқырлығымен шебер ұштастыра білетіні сезіледі.

Бұрхан орташа өлеңдер жазады екен де, өлеңдеріне «Муштоки» деп қол қояды екен. «Муштоки» — «Құмартушы» деген сөз. Оның бұл екінші есімін Назрулла Лутфи бір кезде буындап оқып, бұрмалауынан басқа мағна беретін болып шығады. Лутфидің оқуынша оның өз өлеңінің соңына қоятын аты «Мүши токи» яғни

«тау тышқаны» деген мағна береді. Мұнан кейін Бұрхан өзі таңдап алған есімінен бас тартып, басқа ат ойлап табады — «Бисмил» деп қол қоюға келіседі. Ал «Бисмил» — «бауыздалған» деген сөз.

— Өлеңіме бұдан былай осы есіммен қол қоюға көнген себебім депті ол сонда, — мына Лутфидің тілінен бузылғанымды ұмыттырмайды.

Медресе оқуынан екі жыл қол үзіп кетіп, Бұрхан өзінің таулы жерінде болып, мұнда таяуда ғана қайтып келген еді. Медресе әдеті бойынша сабақ жөнінен артта қалғандар өзімен бірге оқығандардан кейін қалғанға саналмайтыны жайында мен бұрында айтқан болатынымын. Сондай-ақ екі жыл оқымай бос өткізген Бұрхан да ешбір сабақ қалдырмағандай бұрын өзімен сабақтас болған шәкірттермен бірге оқый берді.

Медреседе болмаған екі жылын Бұрхан молда ұзын романның әңгіме ырғағындай былай деп баян етті:

— Өткен жаз күндерінің бірінде мен бұрын оқып жеткен сабақтарымды қайталау, қалып қойған жерлерімді пысықтап оқу және болашақ сабаққа әзірлену үшін адамдардан аулақ, оңаша бір жерде сопы болып тұрғым келді. Бұл мақсатыма жетумен бірге тегін тамақ беретін жерді табуды да ойладым. Маған Хожа Убон мазарына баруыма кеңес берді. Мен сіздерге сол орынды баян етейін, бұл әңгімемді «хажылардың кебістері» деп аталық.

«ХАЖЫЛАРДЫҢ КЕБІСТЕРІ»

«Өздеріңізге мәлім, Хожа Убон мазары осы арадан солтүстік-шығысқа қарай қырық шақырым жерде. Оның өзі құмды шөл даланың қақ ортасына салынған.

Хожа Убон мазарына дейінгі жолдың жартысы көк майсалы жер. Мазарға баратын одан арғы өкол — құм басқан, шөбі жоқ, шөл дала. Осындай жолмен сапар шегу де оңай емес. Алайда мен мазарға жеттім. Мазардың айналасында ел де, су да, қыстақ та жоқ екен. Құлазыған құла далада тастан қаланған жалғыз мавзолей ғана тұр, онда Хожа Убонның зиратынан басқа тар құжралар, «қалпелердің намаз оқытын орындары» бар екен. Сыйынуға келген адамдар шариғат шарты бойынша мұнда қырық күн намаз оқулары керек. Мазар жанынан қазылған терең құдық бар, оның суы ішуге жарамсыз

ашы. Бұл тек ауруларды емдеуге ғана жарайды. Дені сау адамдар оның суын татты дегенше ауырады. Мазарға ішімдік су алыстағы тұрған елдерден сабамен әкелінеді.

Намаз оқыйтын бөлме, оның жанындағы кең қалқа мен хажылар тамақ ішетін бөлмелер мазардың сыртқы жағына мыжырайта жапсырыла салынған. Осы көңілсіз бөлмелер ұлы әулиенің қабылдайтын бөлмесі деп аталады екен.

Мазардың солтүстігінде биік дуалмен қоршалған үлкен аула тұр. Бұл мазар хазретінің тұратын үйі.

Мазардың жетпіс жастағы жұп-жуан, екі беті нарттай қып-қызыл ақ сақалды хазреті мұсылмандар хасиеттеген осы орынның әрі молдасы, әрі әулие өсиеттерін таратушысы еді. Ол мазардың барлық істерін қып-қысқа, быртыйған жуан шеңгеліне берік ұстаған. Оның қарамағында әлденеше қызметшілері де бар.

Айнала ұзыннан созылған борпылдақ біркелкі тау тәрізді құм төбелер. Бұл төбелердің бір жағы Шоржойға, екінші жағы Хорезмге, ал солтүстігі құлазыған Қызыл құмға ұштасып жатыр.

Қалың құмда ештеңе өспейді, айналада жайылып жүрген мал да жоқ, бірақ қабылдау бөлмесінде ішіп-жем тағамдар жеткілікті. Бұлардың бәрін де тәңірге сыйына келгендер, емделмек болған науқастар және мазар хазретінің шәкірттері әкелген.

Хазреттің қоймалары дінге сенушілерден алынған ұн, бидай, күріш, арпаға, нешетүрлі азық-түліктерге лық толы деседі. Хазреттің қоймасында қарын-қарын майы, кең далада сансыз көп малы бар. Мұнымен қатар, хазрет маңайдағы қыстақтардың жерлерін де өз қолына қаратып алыпты, онда хазреттің ондаған шәкірттері жұмыс істейді екен.

Қабылдау бөлмесіндегі түрлі тағамдарды көргенімде екі көзім оттай жайнап, тозақтың қалың ортасындағы ұжмаққа кіргендей болдым.

Мазарға келген дәруіштердің, сыйынушылардың қайыршылардың бірде-бірі бұл ұжмақта үш күннен артық тұруға тиіс емес екенін соңынан білдім. Мазарға келгендер осындай ағыл-тегіл мол тағамға телміре қарап, амалсыздан шөл далаға кете барады екен. Қарапайым адал ниеттерімен Узон әулиеге өздерінің қажырлы еңбектерінің жемісін әкелген шаруалар да мұнда көп бол-

майды, келер-келместен-ақ қайтуға асығады, өйткені, олар үйлерінде қалған айдалатын жерлері, күтетін малдары асықтырады. Оларға жұмыс істеу керек. Шаруалар әкелгендерін көліктерінен түсіре салып, асығыс намаз оқысымен-ақ құмыраларына құдықтан шипа болатын су құйып алып, сол күні ізінше қайтадан жолға шығады екен.

Мен осы мазарда сопы боп қырық күн отыруға бел байлап, намаз оқыйтын үйге орналастым. Күніне үш рет қабылдау бөлмесіне келем, сонда жыйналған хажылармен бірге түрлі тағамдарды ішіп-жеп, тойып аламын да, өз орныма қайта кетемін.

Үш күннен кейін таңсәріде далаға шықсам, кірерде, шешіп қалдырып кеткен кебісімнің тұмсығы шығаберіске қарагып қойылғанын байқадым. Бастапқы кезде бұған мән бергем жоқ. Мұны қызметшілердің маған ерекше сый көрсеткені болар деп ойладым да қойдым. Бірақ, осы уақытқа үсті-үстіне қайталай берді, сонан соң қызметшіні көргенімде:

— Туысқан сен де мен сыяқты адамсың. Менің кебісімнің қамын ойлап таңсәріден мазалануың маған мүлде ыңғайсыз. Бұдан былай бұл әдетінді қой, — дедім.

— Сіздің кебісіңізге тиіскен мен емес.

— Сонда оны бұрып қойып жүрген кім?

— Әулие Хожя Убон ғой.

— Кім, кім, дейсің?

— Осы араға жерленген әулие Хожя Убон. Сіздің кебісіңізді бұрып қойып жүрген сол.

Бұл сөздерді қызметші менің кебісімді әулие өз қолымен бұрып жатқанын әлденеше рет көрген адамдай беті шімірікпестен маған жайбаракат қарап тұрып айтты.

Оның қайтарған жауабы мені таң қалдырды. Сондықтан осы құпияның сырын қалай да ашуға ұйғардым. Қызметшіден шын пейіліммен:

— Сонда әулиенің маған сый көрсеткені ме? — деп сұрадым:

— Жоқ, керісінше. Сізге наразылық білдіргені. Егер осында келген кейбір адамдардың қайтатын мезгілі жетті деген пікірін білдіргісі келсе, Убон әулие ондай адамның кебісінің тұмсығын жолға қаратып қояды.

— Ал, егер, сыйыну үшін келген адам дұдамалданып қайтпай қойса, онда не болады?

— Дұдамалданған адам алапес ауруына ұшырайды.

Кұпияның сырын енді ұжтым. Сөйтіп, «Мен ақымақ емеспін, алапеспен қорқыта алмайсың! Бұл арадан мені кетіру үшін мазар хазреті бастаған барлық қызметшілер біраз еңбек етуге тура келер» деген қортындыға келдім.

Сол күні түнде жұрттың бәрі қатты ұйқыға кіріскен кезде далаға шықтым да, барлық қонақтардың — хажылардың наукастардың, қайыршылардың, шаруалардың кебістерінің тұмсықтарын қаз-қатарынан есікке қаратып қойдым. Мен кішкене бөлмелердің қалқалары астынан да, адамдарды қабылдайтын үйдің есігінің алдынан да, әйтеуір бұрыш-бұрышта ұйқтап жатқан адамдардың бір де-бірінің жебісін қалдырмай түгел тауып, тұмсықтарын бұрып қойдым. Содан кейін жайбарақат өз орныма келіп ұйқыға кірістім.

Таңертең орнымнан тұрғанымда барлық адамдардың қайтпақ боп жыйналып жатқанын көрдім. Бәрінің де жүздерінде наразылық, қатты қайғы бар екені сезілді: «Ұлы әулие олардың бұл арада болуын жақтырмады, енді не болар екен, кімге сенбек?»

Осы ісімді түн сайын қайталай бердім.

Ақыр аяғында Хожа Убон хазреттен, қызметшілерден және менен басқа ешкімді жақтырмайды екен деген хабар бүкіл округке тарады. Осыдан кейін құрбандықтар, нешетүрлі сый мен тартулар әкелетін адамдар зыйраттың табалдырығын енді қайтып аттамайтын болды.

Күндердің бірінде намаз оқыйтын жеріме хазреттің өзі келді. Оның беті бұрынғыдан да қызарып кетіпті, екі көзі жолбарыстың көзіндей жарқ-жүрк етеді. Енді өз еркіммен кетпесем, бұл мені күшпен сүйреп шығарар деген ой сап ете түсті.

Сый көрсеткен адамдай отырған орнымнан түрегелдім. Хазрет мені орныма қайтадан отырғызды. Сөйтіп, өзі ұстазының алдына келген шәкірттей сызылып, қарсы алдыма отырды да, құпия сырын айтатын адамдай сыбырлай бастады. Сол кезде әулие үйіне мүлде жат — шараптың иісін сездім. Әлсіреген күшін нығайту үшін хазрет қолдан оқасалған шариғат рұқсат еткен шараптан көмек алмақ болған екен ғой деген ойға келдім. Бірақ, оның жүзіне қарап, хазрет шарапты күшін нығайту үшін емес, бойына әлдеқандай батылдық қуат жыйнау үшін ішкендігін аңғардым. Ол сыбырлап:

— Байқауымша сіз әулие Убоннан қорқатын емессіз ғой деймін! — деді.

— Жоқ, қорыққам жоқ! — деп оған даусымды қатты шығарып батыл жауап қайтардым. Аяқ астынан бойыма белгісіз бір күш біткендей, оның үстіне өзімнің дәл сол кезде артықшылығым бар екенін ұға қойдым. Егер олар мені осы арадан күштеп кетіретін болса, онда кебіс туралы бұлардың ешнәрсеге тұрғысыз қулықтарының сырын барлық жұртқа жарияламақпын.

— Олай десеніз осы жер сізге әулиенің зыйраты емес, өз үйіңіз болсын. Сізден тек бір өтінішім «әулиенің кебістерді бұру жөніндегі правосына бұдан былай қол сұқпаңыз, мұнда келгендердің кебістерін сіздің қалағаныңызша емес, әулие өз қалағанынша бұратын болсын...»

Хазрет толық баяндалмай қалған сөздің қайда айтылғанын атап бере алмай біраз мүдіріп қалды да тағы.

— Екіншіден онда: «Құпияны берік құпия етіп сақтай білген ерлер жақсы» делінген, — деді.

Хазрет менімен жанжалдасудың орнына, өзара түсінісуді ұйғарғандығын мен де ұжтым.

Ол өзінің цитатын айтып болды да, қойнынан қағазға оралған бір түйіншекті шығарып, менің алдыма қойып жатып:

— Мынау сіздің осында келгеніңіз үшін үлесіңіз. Ал, бұл орынды ұмытқаныңыз үшін шапан мен сәлде беріледі. Бұлар сізге арналып тігілмек.

Хазрет осыны айтты да асыға басып шығып кетті:

Ол кеткеннен соң алдымда жатқан қағазға ораулы ақшаны санадым, Бұхараның жүз теңгесі — патша Россиясының он бес сомы екен.

Сол күннен бастап тамақ ішу үшін, қабылдау бөлмесіне барудың маған хажеті болмады. Түрлі тағамдар, әуелі мен намаз оқыйтын жерге әкелінетін болды. Егер, жалпы қонаққа жай нан берілетін болса, маған екі рет еленген ұннан пісірілген нан келтіріледі. Киімдерімді жуып беретін қызметші қыз да келе бастады. Сөйтіп, не керек, мен қонақ болудан гөрі, хазреттің үй ішіндегі бір адамына айналдым. Қызметшілер де маған бас иіп, ишарат көрсетіп тұратын болды. Мазарға келген сыйынушылар мені әулие Хожа Убонның жақыны болар деп ойлап, көрген сайын алдымда бас иіп сәлем бере бастады. Сөйтіп, үй ішіндегі бөріге айналдым. Сол мазарда тұрған

кезімде тағы бір күрделі уақығаға кездестім. Оны да айту керек болар.

Бұрхан молда алдында тұрған кеседегі шайын ішті де, бірдемелер жайында сөйлеп, Хожа Убонның мазарын тағы да әңгіме ете бастады. Оның екінші әңгімесін — «Шөлдаладағы қыз» деп аталық.

«ШӨЛ ДАЛАДАҒЫ ҚЫЗ»

«Мазар хазреті жолаушы жүріп кеткенде менің кір киімдерімді әкететін қызметші қызбен бірге үстіне қымбатты жібек паранжа жамылған ұзын бойлы бір қыз ілесіп келіп жүрді. Қыздың үстіне төгілмелі сұр түсті жібек шапан жамылған (Бұхарада мұндай түсті жібекті тоты құс пері түсті деп атайтын) бай адамның әлі тұрмысқа шықпаған қызы дегеннің белгісі болатын, өйткені, дағды да, Бұхараның қыздары матадан тігілген жай қызыл шапан жамылып жүретін. Жанағы келген қыз әдет бойынша кара қылдан тоқылған бүркеніш орнына бетін үлпілдек ақ матамен бүркей салған. Матаның сусыған сыбысынан бұл қыздың үстіндегі көйлегі Бұхараның асыл жіберінен тігілген көйлек екенін ұқтым.

Қызметші менің құжрама желгенде оның қасындағы әдемі киінген хош иісті қыз бетіне жапқан үлпілдек ақ мата арқылы маған қадалып ұзақ қарайтын еді.

Сәнді киінген сол бір қыздың бетін де, шашын да көре алмадым.

Мазар хазреті сапарға кеткен сайын осындай уақығаға қайталай берді.

Бір күні қызметші қыз менің жууға берген киімдерімді әкелді. Онымен бірге келген сәнді қыз үйге кірмей есік алдында қалып қойды. Қызметші қыз маған сөз қатып:

— Менің ханышам сізді көп газел біледі деп есітіпті. Мүмкін ханышама қос ұйқасты өлендер жазып бермес пе екенсіз? — деді.

Бетіне ұстаған бүркеншігімен есік аузында қалып қойған қыз осы сөзді естіген соң сылқ-сылқ күлді де, қызметшісіне:

— Ситора, қуланба, сен мұны қайдан ойлап таптың? Молда ағайдың алдында мені мүлде масқара қылдың ғой, — деді.

Қыздың даусын естігенімде ешбір қыймылсыз қақ-

шыйып катып қалдым. Оның даусы маған бұлбұлдың үніндей, тіпті бұлбұлдың сайраған әнінен де артығырақ болып естілді.

— Сәулем, сөзінді құп қабыл алдым, кешке Ситорды жібере қойсаңыз, ол менің жолдамамды сіздің алдыңызға жеткізер еді.

Менің бұл сөздерімді естіген қыздың үні бұрынғыдан да қаттырақ шықты, ол тағы да сылқ-сылқ күлді де, қызметші қызын кіналай сөйледі.

— Ситора, тезірек шық, жүр, сен мені біржолата маскара еттің ғой, — деді.

Қыздар шығып та кетті.

Мен бұлардың қалай кетіп бара жатқанын көрейін деп іздерінше далаға шықтым.

Жамылған шапанын қолыммен өзі ішінен әдейі қозғалтып желбіретіп бара ма, әлде оның үстіндегі жібекпен ойнаған жел ме, білмеймін, әйтеуір сәнді қыз суда жүзген аққудай толқый басып, менен алыстап барады екен.

Күтпеген жерден қыз жалт бұрылып, артына қарады. Соңында қарап тұрған мені көрді де, әлденеден шошып үріккен киіктей аяғын ойнақшый басып, ұзай берді. Мен ақырын ғана ыңылдап, Хисрава Дехлавидің мынадай қос ұйқасты өлеңін айттым:

Тоты құстың қыймылындай жүрісің бар жүрек шерткен,
Жалт қарасың айнымайды-ау қорқып қашқан ор киіктен.

Қыз сол жүріспен барып аулаға енді де, көрінбей кетті. Мен оған арнап өлең жаздым».

* *

*

Бұрхан молда қызға арнап жазған өлеңдерін оқыды, бірақ өлеңдері менің есімде қалмапты, сол кезде жазып та алмаған едім. Шамалап айтқанда оның мазмұны мынадай болатын: «Егер сен бүгін кешке күн батқаннан кейін, маған өзіңнің сұлу көркіңді көрсетпесең, Хожа Убонның кұдығына барам да, соған түсіп өлем. Онда менің өлімім сенің жас өміріңе құна болып қалады.»

Бұрхан молда тағы да:

— Өз өлеңімнің аяғына авторы белгісіз, бірақ, Бұхарада махаббат шарапаты шалған жандардың бәрі де жақсы білетін, мына бір қос буынды өлеңді жаздым:

Өлген болса сені сүйіп, сол бір қыршын жас жігіт,
Жақсы емес, сен де жассың, сенде де бар сол үміт.

Осы өлендерімді Ситора арқылы қызға да жеткіздім...»

Осы кезде ошақтың астына от жағуға кірістім. Бұрхан молда өзінің әңгімесін тағы да соза түсті. Оның ендігі әңгімесін «Құм үстіндегі ай сәулесі» деп атауға болады.

«ҚҰМ ҮСТІНДЕГІ АЙ СӘУЛЕСІ»

«Күн батар алдында Ситора келді. Мен одан:

— Хат таныймысың? — деп сұрадым.

— Жоқ, — деп жауап берді ол.

Бұл жағдай менің көңлімді жай тапқызғандай болды, өрі қуатты, өйткені қызметші қыз сауатсыз болғандықтан менің жазғанымды оқый алмайды және ешкімге ешкере ете де алмайды.

— Ал, сенің ханышан ше, сауатты ма?

— Сауатты, кейде оның өзі де жазады, көп оқыйды.

— Байка, ешкімге көрсетуші болма, ешкімге айтпа да... — деп ескерттім оған өлеңімді беріп жатып.

— Бұл ескертуді мен сізден бұрын өзімнің ханшамнан естіген болатынмын.

— Сен өзіңнің сол уәденді орындаймысың?

— Ханшам мені өте жақсы көреді, түнде екеуміз қойындасып бірге жатамыз. Мен оны ешқашан да ренжітпеймін.

Ситора менің хатымды алып кетті.

Көп ұзамай-ақ ол қайтып келді. Оның күлімсіреген жүзіне қарап жақсы хабар әкелгенін ұқтым. Оны есік алдында қарсы алып едім, бірақ қыз күлімсіреп құжраға кірді.

Бұдан кейін ол жеңінен бір қағазды шығарып маған берді де, қайтадан кетіп бара жатып ақырын ғана:

— Қас қарайғаннан кейін мазардың он бүйірінен кіретін есіктің алдына келіңіз. Одан кейін сізді өзім алып барам.

Қыз кетіп қалды.

Мен хатты оқыдым:

«Молда ағай! Ситора не айтса соны істеңіз».

Ымырт жабылып, көз байланды. Әуе жымыңдаған жұлдыздарға да толды. Дәл осы кезде мазардың бүйірінен шығарылған есік жанына Ситора да келді. Шынында мен оны осы жерде әлдеқашаннан-ақ шыдамсыздана күтіп тұр едім.

— Шыдамды болыңыз! — деді ол маған. — Мен қазір былай қарай кетем, ал сіз араға жыйырма қадам салып менің сонымнан жүре беріңіз.

Қыздың аяқ басқанын аңдып, әрбір қадамын санап тұрмын, ол уәделі жыйырма қадамын аттағанда мен де орнымнан қозғалдым. Екі көзім арамыздың бір қалыпта болуында. Қыз табанын қырық бірінші рет жерден көтергенде, мен жыйырма бірінші қадамды бастым. Әскери оқу кезінде өзінің қадамын командирінің қадамына өлшеп жүруге тырысқан Әмір солдаттарының жүрісін дәл сол бір сәтте айнытпай салып келем.

Ситора құрылыстарды бір шетте қалдыра беріп, шөл далаға қарай бұрылып, құм төбелер арасына қарай кетіп барады, оның соңына ілесіп мен келем. Кейде төбелер қалқасы қызды жасырып, маған көрсетпей де қояды. Адасып қалар ма екем деген қауып те мазамды алады.

Ақыр аяғында қыз бір ойпатқа келіп тоқтады. Мен де орнымда кілт қатып қалып едім, қыз ымдап мені шақырғандай белгі берді.

Қыздың жанына келдім. Ол маған сыбырлап:

— Мына төбенің астындағы ойпатқа барып жата тұрыңыз. Байқаңыз, ешкім көріп қалмасын. Ханымшам осы араға келеді.

Осыны айтты да, Ситора кетіп қалды.

Әуедегі жұлдыздар күнгірттеніп алыстай берді. Күншығыстан алыстағы өрттің жалынындай қып-кызыл үлкен дөңгелек көрінді, әлгі дөңгелектің жарығы барған сайын ұлғая берді. Осы дөңгелек ұлғая-ұлғая келіп, өзінің қызғылт түсін де өзгертті. Мұнан кейін қызарған дөңгелек бірте-бірте үлкейіп, ақырында жарқырап, алтын табактай боп, он төрт жаңасы толған ай көрінді. Ай көтерілген сайын араға түсіп, құмды төбелерге өзінің жарық нұр сәулесін төкті. Айналадағы шөл дала толқынсыз тып-тыныш жатқан, ұшы-қыйыры жоқ айдынды, ақ сүтті теңіз сыяқты.

Қыз келер ме екен, әлде мені мазақтап алдағысы келді ме екен деген құманды ой түсіп, мазам кете бастады.

Шыдамым таусылды, сарғайып, күтіп жата алатын емеспін. Жер бауырлап жылжып, төбенің басына шығып едім, қыз тұрған мекенінің тас дуалы көрінді. Ай сәулесіне бөленген дуал да сүттей аппақ боп тұр. Жалғыз-ақ дуалдағы кішкене есік қарайып көрінеді. Ін аузында тышқан аңдыған мысықтай, мен де осы кішкентай есікке телміре қарап жатырмын.

Көп қарадым.

Әлден уақытта мен төсіле қараған есік те ашылды-ау. Жүрегім дірілдеп, тұлабойым қалтырап кетті. Амалым қанша! Бағанадан бері көзімді сатып, телміре қараған есіктен шыққан мен күткен адам емес. Ол аласа бойлы, жүрісі пысық — Ситора екен.

Бірақ, Ситора мен жатқан жаққа қарай бет алған жоқ. Ол мені ертіп келген жолға бұрылып, мазарға қарай бет алып, біраз жер жүрді де тоқтады. Осындай жүріспен есіктің екінші жағына да барып, тағы да біраз тұрды. Мұнан соң баяғы кішкене есікке қайтып келді де, жоқ болды.

Көп ұзамай сол кішкене есіктен ақ сәуле көрінді. Сәуле алға жүріп келеді. Мен жатқан жерге қарай бұрылды. Ақ көйлекті бір адамның маған қарай келе жатқаны мәлім болды.

Ол жақындай бәргенде жер бауырлап жылжып отырып, төбеден ойға түстім де баяғы орныма қайта барып жаттым.

Ақ көйлекті адам менің басымның тұсындағы төбенің үстіне шықты. Жатқан орнымнан қарғып тұрдым. Шынында ол менімен қатар тұр. Оның үстіне кигені кеудеге дейін жабылып тұратын қыздар киетін көйлек емес, белбеуіне дейін ұзын тілігі бар, балалы әйелдер киетін көйлек екен. Жеңін шынтағынан жоғары түріп алыпты. Басында шашын жаба бүркенген ақ орамал жайнап, жарқырай түскен тәрізді көрінеді.

Мен мас адамдай аяғымды зорға басып тұрмын. Қыздың қолын ұстадым. Аңқыған иісті судың хош иісімен бірге, шарап иісі де айқын сезілді.

Дәл сол сәтте Саиб Исфаганцтің қосұйқасты мынадай үш ауыз өлеңі есіме түсті:

Ай, күнім! Шықтың ба үйден шарап ішіп,
Мәуедей үзілгелі тұрған пісіп,
Майысып, бәлденетін таста әдетті,

Қалатын уялшақтық мезгіл жетті.
Сызанып білегінді тосырқамай,
Тезірек қойныңды аш, атқан таңдай.

Неге екенін өзім де білмеймін, қыздың мен ұстап тұрған қолы да, оның қолын ұстап тұрған менің қолым да дір-дір етеді. Ләм деп ауыз аша алмай, бедірейіп тұрдым да қалдым. Тілім байланып, сөз атаулыны бір жолата ұмытқан сыяқтымын. Осылайша дел-сал болып тұрғанымда күтпеген жерден қыз мен ұстап тұрған қолын жұлып алды да, батыл сөйлеп:

— Кәне, бір жерге отыралық! — деді.

Жүрегінің алып-ұшып, аузына тығыла жаздағаны және менің жігерсіздігімді кіналағаны қыздың үнінен сезіліп-ақ тұр.

— Отыралық! — деп жауап қайтардым мен де.

Қыз төбенің баурына келіп отырды. Оның қатарына мен де отырдым. Жерге отырғаннан кейін қаншалықты ойлап қыйналсам да қызға айтуға лайықты сөз еске түсер емес. Ақыр аяғында сөзді бірінші болып қыз бастады да.

— Сізді Бисмил деп атайтын себебі не? Ол не деген сөз? — деп сұрады.

— «Бауыздалған» болғаным ғой. Бір кезде махаббаттан бауыздалған болатыным, осы себепті мені жұрт Бисмил деп атап кеткен.

— Махаббат үшін жаралған осындай сүйкімді адамды қандай қатал ғашық-жар жаралы етті екен?

— Мен оның атын атай алмаймын! — деп жауап қайтардым, даусым қалтырап.

— Бұл дүниеде өлікті тірілтетін амал бар ма екен, сірә?

— Бар! — деп мен оның ыстық ерніне жақындай түстім. — Мына еріндер ғана өмір бере алады!

Қыз қорыққан да жоқ, кейін де шегінбеді. Соның әсері болу керек, менің батылдығым да арта түсті. Қызды қапсыра құшақтай алдым. Қыздың қаны қайнап кетті.

Ол қайсарлық көрсетіп кеудемнен итеріп жіберді. Амалым не, кейін шегінуге мәжбүр болдым. Қыз орнынан қарғып тұрды да, менен шегініпкіреп барып, қарсы алдыма отырды, сонан соң басын төмен салбыратып, еңіреп жылап жіберді.

Қыздың екі көзінен мөлт-мөлт аққан жасқа қарай алмадым. Мен бұл қызды қуантып, жөңілін хош етпек

едім, көзінен жас сорғалағанын көргенімде не істерімді білмей, сасқанымнан:

— Мен сенің жайдары мейріміңе қарап алданып қалған екем. Сені қуантудың орнына ренжітіп алдым, енді не істейін? Айтшы, не десең де бәрін істейін? — дедім оған.

Қыз біраз тығыштанғандай болды.

— Егер, менің көзімнің жоғалуын тілеп, көңлің сонда жай тауып, қуанатын болсаң, онда өзімді-өзім қазір өлтіруге әзірмін!

Қыз басын төмен салып, терең ойға шомды.

— Налыма, ренжіме, мен тіпті қазір қарамды өшірейін. Бұл жерге енді қайтып келуші болмайын! — дедім.

Қыз ай сәулесі түскен құм үстіне саусағымен бірдеңелерді шыймайлап сызып отыр.

— Мен сені сүйем! Ал сенің мен үшін ренжігеніңе шыдай алатын емеспін! — дедім тағы да.

Осыны айттым да, зор үмітпен қызға телміре қарап қалдым. Ақыр аяғында қыз тіл қатып:

— Әрине, сіз батылдық істедіңіз. Мен де сіздің қолыңыздан бұлқынып шықтым. Егер мен сіз үшін жылаған болсам, онда сізді айыптаған да болар едім: өйткені сізді батылдық жасауға итермелеген өзім ғой, — деді.

Қыз тағы да біраз үнсіз отырды.

— Жылауыма өзімнің бақытсыздығым себепкер. Мені әрі батыл, әрі ұятсыздыққа итермелеген де сол жағдайдың керісі. Шариғат заңымен молдалар еркек отырған жерде әйелдің тіпті үн шығаруына да тыйым салды, ал мен міне, еркектің алдында бетімді де жаппастан, мүлде таныс емес жат адаммен еркін сөйлесіп отырмын! Сіз мені қанша жаста деп ойлар едіңіз?

Меніңше қыздың жасы жыйырмалар шамасында сыяқты. Ойланып қалдым, бірақ, бір де-бір әйел, не қыз өз жасын дәл айтқанды сүймейтіндігі есіме түсе қойды да, аздап кішірейтіңкіреп:

— Сенің жасың он жетіде, — дедім.

Қыз мырс етіп күлді де:

— Менің жасым жыйырма сегізде. Сіз жасымды кішірейтумен алдап, өтірік қуантқыңыз келе ме? — деді.

Қыз тағы да мұнайды, оның жүзін қайғы басты.

— Міне, осынша жасқа келсем де әлі тұрмысқа шыққан жоқ. Күтудемін.

— Нені?

Қыз менің бұл сұрауыма өзінің өмірбаянын айтумен жауап берді».

* *
*

Бұрхан молда айтып отырған ұзақ әңгімесін тағы да үзіп, басқа бір нәрселерге айналыса бастады, бірақ тындаушылар бастаған әңгімесін толық баяндауын өтінді. Ол алдында тұрған қою қара шайды бір ұрттап алды да, кесесін кілем үстіне қойып тағы да сөйлеп кетті.

«Қ А Й Р Ы М Д Ы Х О Ж А Н Ы Ң Қ Ы З Ы»

«Қыз маған былай деді:

Мен ата-анамның жалғыз перзенті едім. Жасым он алтыға толғанда шешем күйеуге бермек болды. Айттырушыларды күте бастады. Бірақ, айттырушылар кезінде келе қойған жоқ. Осылай жүргенде шешем қайтыс болды, ол кезде жасым он сегізге келген болатын. Әкем осы Хожа мазарының хазреті еді. Ал Хожалар, соның ішінде Хожа Убонның ұрпағы менің әкем де өздерінің қыздарын тек өз ұрпағынан болмаса сол рудан шыққан адамдарға ғана күйеуге береді. Ал біздің руымызда мені аттандырарлықтай бір де-бір жас жігіт болған жоқ.

Шешем қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң әкем басқа бір әйелге үйленді. Менің жасым он тоғызға жетті.

Өгей шешем үй ішіндегі ауыр жұмыстардың бәрін де менің мойныма артып қойды. Онымен қоймай ол қолыма кітап алып отырғанымды көрсе-ақ болғаны, өршелене айқайлап:

— Кітап оқыған қыздар бұзылады, бұзық болады! — дейтін болды.

Ал түн бойына әкемнің құлағына сыбырлап, менің үстімнен шағым айтумен болады:

— Сіздің қызыңыз нешетүрлі ұятсыз газелдер оқыды. Бұған кезінде тыйым салыңыз, кітаптарын тартып алып, өзін тезірек күйеуге беру керек, — деп соғатын болды.

Осы үйден, мына құлазыған шөл даладан, мүмкіншілігінше жылдамырақ кетуді арман еттім. Маған мынадай ой келді:

— Мейлі, менің күйеуім жетпіс жасар шал болсын! Маған ешкім табылмайтындай, шынымен-ак қожалардың тұқымы таусылып қалғаны ма.

Ал біздің руымыздың еркектері хажылардың қыздары мен өздерінің шәкірттеріне әдет-ғұрып бойынша сыйлықка әкелінген сыйыр мен қой сыяқты тартуға берілген қыздарға үйленетін. Сондықтан, маған күйеу қайдан табылсын?

Төрт жылдан кейін өгей шешем де өлді. Әкем мұнан соң үшінші әйел алды. Бұл кезде менің жасым жыйырма үште болатын.

Соңғы өгей шешемнің жақсылығы бұрынғыдан артып кете қойған жоқ.

Бұл шешем өзімнің туған анамның көйлектері мен бұйымдарына қолыңның ұшын тигізуші болма, деп талап қойды.

— Әйелдің мұрасы әйелге тиісті. Ал саған деген көйлектерді сені бай алғанда, өзіңнің күйеуің тіккізеді, — деді ол маған.

Ол мұндай талап қоюмен ғана тынған жоқ, біздің үй ішіміздің мүліктерін ұрлап, өзінің туысқандарына қарай тасый бастады. Әкем әйелінің бұл қылығына шыдай алмай, үйден біржолата қуып шықты. Содан бастап мен үй ішіндегі бірден-бір ханыша болып қала бердім. Жасым жыйырма беске жетті.

Әке-шешесі жоқ Ситораны өзіме қызметші етіп алып, тәрбиелеп өсірдім. Қазір оның жасы он екіде. Менің барлық қайғы-қасіретімді білетін жалғыз ғана сол.

Бір кезде Әулие Хожа Убон ұрпағынан шыққан, өзі Бұхарада тұратын Хожаның бірінің әйелі қайтыс болыпты. Оның жасы елуде екен. Сол Хожа мені айттырмақ болып кісі жіберді. Әкем оған:

— Мен қартайдым. Бөтен жанашырым жоқ. Қызымды өз үйіме келіп, қолымда тұратын жалғыз басты адамға ғана күйеуге беремін, — деп жауап қайтарды.

Әрине, қалада өз алдына үй-жайы, кәсібі бар адам әкемнің бұл шартына келіспеді.

Мұнан кейін мен мәңгілікке жарсыз жалғыз өтетініме көзім жетті. Қайланы тастап, шөл далада өмір сүретін, сараң қайынатаның қолына келіп күшік күйеу болуға Хожа Убон ұрпағынан кім келісе қояр дейсің?

Осы жасқа келгенге дейін мен махаббат сезімін былай қойғанда, тіпті жай ғана еркек жүзіне көз салған

адам емеспін. Дүниеден біржолата түңіліп жүргенімде осы жапан түзге Хожа Убонның ежелгі әдет-ғұрыптарын батыл бұзған бір адам пайда болды. Мен дін, ата жолдары, әдет-ғұрыптарының құлақкесті құлы, құрбаны болып жүргенімде, ежелден етек жайған осы дағдының біреуін болса да батыл бұзған ер жігітті жан-тәніммен сүйдім. Мен сол жігіттің әрбір қадамын үй қабырғалары арқылы, өзімнің есігімнен сығалап андумен болдым. Менің оған деген ынта-ниетім барған сайын арта берді.

Ақыр аяғында сол жігітке ауған көңлім ақындардың махаббат деп атап, сол үшін қайғы-хасіретке түсетін, сол сезімнен бойыңа жыланның зәрлі уындай у тарайтын дәрежеге жеттім, халім бітті».

Жүрегі дірілдеп, бойын әлдеқандай ұшықыр сезім билеген қыз алақаны мен белінен жоғары қарай, кеудесіне дейін сыйпап, көкірегін қатты басып дем алды да, сөзін жалғап:

— Махаббат бөгет салынған су сыяқты. Мезгілі жетіп, кемеліне келгенше тұнып, тып-тыныш тұра береді. Ал, егер көлемі шеңберінен асып, ендігі жерде бір жаққа беталып кетпек болса, алдымен тамшылап қана өтеді. Онан соң тасқын қалпынан асып, қаһарына мінгенде оны ешқандай күшпен бөгеу мүмкін емес. Ол жолында кездескен әрқандай бөгеттің күл-талқанын шығарады! Міне, менің де махаббатым осындай, — деді.

Қыз жауап күткендей, маған қарады.

— Сен айтқан бақытты жігіт кім болды екен? — деп сұрадым мен.

Қыз маржандай тізілген ақ тістерін жарқыратып, маған қарап күлімдеп тұрып:

— Егер бағанадан бері сөздерімнен өзіңіз аңғармай отырған болсаңыз, онда жауап берейін: Ол — сіз. Кебістер жөніндегі қулықтың құпиясын ашып, сіз менің әкемді сықақ еттіңіз, оны өзіңіздің торыңызға түсірдіңіз. Сонымен менің Хожа Убон дағдыларын талқандау сенімімді оятқан да сіз. Бұл дүниеден біржолата түңіліп күдер үзіп қойған кезімде өмір үмітіне қайта оралтқан да сіз. Жас қаным қайнап, арман еткен, сол бір күшті тасқындай тасып, жаңа үміт тудырған сенім үстінде осы адамға қол жалғайын деп бел байлатқан да, сіз, — деді.

Не істерімді, не дерімді білмей қалдым. —

— Мен, — деді қыз, — сізбен ашықтан-ашық, ерлі-

зайыпты болып өмір сүргім келеді. Бірақ, арам ойлы ниетке жол бере алмаймын.

— Бұл айтқаныңа мен де шын жүрегім, жан-тәніммен әзірмін. Бірақ, әкемнің қайсарлығын мойыту қалай болар екен?

— Оған да жол бар, тек қажырлылық керек.

— Қандай жол? — соны көре алмай тұрмын. Тез айт, бұл жолда басымды да құрбан етуге әзірмін.

Қыз күлді де:

— Егер осы жолда сіздің басыңыз құрбан болса, маған келер пайда не? Хожалар қасиетті жолдарды Хожаларға тең санады дегенді естігенім бар. Айттырушы адам табыңыз, ол адам осының бәрін әкеме дәлелдеп, оның көзін жеткізсін, — деді.

Мен қарт бөріні қақпанға түсіре алатындай араға жүретін түлкідей қу адамды қайдан тапсам екен деген ойға қалдым.

Менің ойланып қалғанымды сезген қыз, былай деді:

— Егер біз сәті түсіп қосылып, одан кейін сіздің мына құлазыған далада тұрғыңыз келмейтін болса, қазірше менің әкеме алдыңызға қойылған шартты орындаймын деп уәде бере беріңіз. Бұл шартқа тек өкеуіміздің некеміз қыйылғанға дейін ғана бағынасыз. Аржағында шарифат бойынша сіздің қарамағыңызға біржолата өтем, қайда әкетем десеңіз де ерік өзіңізде. Егер, сіз мені қалаға алып баратын болсаңыз, бір жапырақ нан табу менің де қолымнан келеді, — киім де тіге білем, қыздарды да оқыта алам.

Мен алдымен қыздың әкесінің ау-жайын байқап алып, онан соң айттырушы адам жібергім келді.

Мен осы араға келгенде туған ай өкеуіміздің төбемізден асып барады екен. Күн шығыстан көк жиекті аспанға қарай өрлеп шығып келе жатқан мешіт мұнарасы сыяқты, аппақ, бірақ жарқыраған сәулесі бар, әлдеқандай үлкен дөңгелек көрінді.

Қыз орнынан тұрды да:

— Арманым мен тілегімді өршіттіңіз. Ендігі істің бәрі сіздің қолыңызда. Ақын айтқандай:

Не күтеміз? Бар тағдырым қолында,
Өмір үшін аярым жоқ жолында.
Екі тілек: әзір басым көкірегіңде болар не,
Не болмаса жаным сенің мойныңда.

Қызбен бірге орнымнан тұрып, оны құшақтадым, ол да мені құшақтап, бауырына қарай тартты.

Айқасқан құлаш жазылмастан уақыттың озғанын да білмей тұра беріппіз. Осы кезде жарқырап атқан таң сәулесі біздің үстімізге өз нұрын жая бастады.

— Ойбай-ау, таң атып қалыпты ғой, кетелік, біреу-міреудің көзіне түссек, масқара болармыз.

Қыз мені құшағынан босата салып, жүгіре жөнелді.

Мен өркеш-өркеш құм жоталармен аласа төбелерден, олардың ойпат саға-салаларынан өтіп, айналмалы жалғыз аяқ жолмен жүріп отырып, мазарға жеттім де, өз құжрама кірдім.

Келесі күні хазрет Бұхарадан қайтып келді.

Елден бұрын барып, оған мен сәлем бердім.

Көпе-көрнеу екіжүзділік жасап, хазреттің айтқандарын бар ықыласыммен тыңдадым, оның шаршағандығын байқаған соң барып, өз жайыма кеттім.

Осы күннен бастап хазретке барып жолыққан сайын әрдайым оның қара басының тұрмысы мен семьясы туралы әңгіме қозғайтын болдым.

Әккі болған залым адам емес пе, сұрауларыма қысқа ғана жауап беріп, менің сөзімнің сарынына көшуге тіпті беттемей қойды. Ал, уақыт болса озып барады.

Ситора жиі-жиі келеді, келген сайын ғашығының айтқан сәлемін жеткізеді, бірақ оның әкесі ешқайда шықпай қойды, сондықтан онымен жолығуға да мүмкіндік болмады.

Күндердің бір күнінде қызға Бахауиддин Хожаларының бірінен әйелі өлген алпыс жастағы қарт құда түспек боп келді.

Қыздың әкесі айттырушының тілегін қабыл алмастан оны ізінше кері қайтарды.

Орайы келіп тұрған осы бір жағдайды пайдалана қойдым да, қыздың әкесі хазретке барып, құда түсушінің тілегін қабыл алмағанын білмеген адамдай түр білдіріп, алдағы болатын тойға құтты болсын айттым. Ол құданың тілегін қабылдамағанын, оның себебін, бастан-аяқ баяндап өтті:

— Біздің ұрпағымыз Оспан пайғамбардан тараған. Оспан пайғамбардың үшінші досы екен. Ал Бахауиддин Хожалары бұл атаққа мұнан небәрі бес жүз жыл бұрын, Бұхарада дервиштердің діни қоғамының негізін салған Бахауиддин Накшбан қайтыс болғаннан кейін ғана ие

болған. Ал Бахауиддиннің ата-бабалары кімдер болғанын ешкім білмейді. Оның ұрпағы Бұхарада ісләм діні орнағанға дейінгі отқа табынушылардан шығуы да гажап емес. Сондықтан бахауиддиндіктер бізбен қалай ғана теңдесе алады, біз қалайша оларға қыз береміз?

— Мен сіздің қызыңыздың жасы едәуірге келіп қалыпты деп естідім. Шарифат бойынша қыздың ата-анасы баласы кәмелеттік жасқа келген соң, тезірек күйеуге беруге міндетті, — дедім.

— Біздер медреседе өте аз оқыдық, бірақ шарифатты білеміз. Хажет болған жағдайда шарифат өз ережелеріне де өзгешеліктер кіргізе алады. Шаркитапта: «егер хажет болса, жол беруге де болады» делінген.

Хазрет осы қажетті жағдайларға сыйыстырып, лайықты күйеу табылмағандығын, үй тұрмысы жағдайларын айтты.

— Егер күйеу табылатын болса, оның өз қолымда тұруын қалаймын. Бірақ бәрі де дағдырға байланысты!— Біраз ойланып, қатты күрсінді де: — Қыздың жасын сізге асыра айтқан болар. Менің қызым быйыл он сегізге шығады. Рас, шарифат бойынша қызды тоғыз жасында да күйеуге беруге болады, бір жағынан алғанда бұл дұрыс та: өйткені мұндай жағдай қызды әрбір бөгде адамдардың көз қыйығынан аман сақтайды, — деді.

— Шарифат бойынша өздерінің қасиеттілігі жағынан молдалар да Хожаларға тең. Егер Хожалардан күйеу табылмаса лайықты молда тауып, күйеу бала етуге де болады ғой.

Менің сөзімді хазреттің қалай қабылдайтынын білгім келіп, оның жүзіне зер сала қарадым. Бет әлпетінде шарифаттың дәл осы жерімен мүлде келіспейтіні байқалды. Алайда, мен тағы да:

— Әрине, көрінген молдаға сене беруге де болмайды. Күйеу болатын молда сізге құл тәрізді қызмет етуі керек, сіздің басы-қасыңызда болуға тиіс, сонымен қатар, жақсылығыңызды асырып, жамандығыңызды жасырып, барлық құпияны сақтап, осы әулие үйінің мүддесі үшін, оны көркейту үшін сізге көмектесуге міндетті, — дедім.

Осы сөздерді айту арқылы мен оған өзімнің күйеу бала болғым келетінін және алдыма қойған шарттарымды айттым. Тіс қаққан кәрі тарлан менің көкейімдегілерді ешбір күдіксіз біліп те үлгірді. Аяқ астында құбылып, жүзіндегі наразылықпен, ыза бейнесін дереу жойып,

қуанышты, бейтарап қалыпқа келе қалғандай болды. Менің сөзімді түсінбегендей мүләйімсиді, бірақ, оның жүзіндегі ыза мен наразылық титтей де бәсендемегендігіне зер сала қараған көзге айқын көрініп тұр. Ол көңілденген адамдай жауап қатты:

— О, сондай молда табылса десеңші. Онда үлкен тойдың барлық шығынын өз мойныма-ақ алар едім. Міне, сіз қалаға барып, өз айтқаныңызға лайықты молданы тапсаңыз, оның қыз айттыру үшін, жаушы боп, маған атақты, құрметті адам тауып жіберуіне көмектессеңіз қандай тамаша болар еді.

Осы сөздерінен менің сөзімді қабыл алмағаны былай тұрсын, оның мені, үйімнен тез кет, деп жолға шығарып салып отырғанын ұқтым. Кемеліне келіп, тіпті жасы асып бара жатқан, күйеу іздеген қызымен әйел іздеп жүрген жігіттің дәл осы күнде көршілес болуынан қауыптену сөзсіз-ақ түсінікті еді. Ол құда түсуші атақты, құрметті адам болсын дегенді сылтау етіп, мені дәл сондай адамды таба алмас деп те ойлап отыр.

Осы сөздерден кейін менің жағдайым өте мүшкіл болып қалды: күйеу іздеу үшін тезірек қалаға кетуім керек, бірақ қарттың қызымен жолықпай кете алмадым.

Ақыр аяғында хазрет Жондор округінде тұратын шәкірттерінің бірі шақырған тойға кетті. Ситораны күтіп, құжрамнан ешқайда шықпай қойдым.

Бір кезде Ситора келді де, былай деді:

— Ханыша сізге сәлем айтты. Хазрет бүгін кешке қайтып келеді. Қас қарайысымен дуал жанындағы есіктің түбінде болыңыз.

Ғашығымды көру, әрине, зор қуаныш еді. Бірақ, дәл осы жолы онымен ақырғы рет жолығатыным өзіме аян, сондықтан да бұл кездесуім жаныма қатты батты. Қыздың көңлін жай таптыру үшін енді өтірік айтуым керек, егер әкесінің тілегімді қабыл алмағанын білсе, қыз қайғырып, қасірет шегуі мүмкін, ең ақырғы үмітінен де түніліп, ауырып қалуы да кәдік.

Біздің қаралы бақытымыз болған ымырт тым ерте жабылды. Ауланың биік дуалы жағалауларымен жайлап басып, уәделі жерге де жеттім.

Сол сәтте есік те ашылды. Басына ешнәрсе жамылмай, үстіне түн қараңғысы тәрізді қара атылас көйлек киген қыз шыға келді. Оның өрілмеген қою қара шашы жайылып тізесіне түсіп тұр.

Мен қолымды созып үлгірместен-ақ қыз білегімнен ұстай алып, дуалға қарай тартты. Екеуміз де боп-боз боп, ешбір қыймылсыз, әрі үнсіз бір орында қатып қалдық.

— Әкеммен сөйлескен сөзіңізді естідім, — деп әңгімені қыз бастады. — Сіз өте шебер айттыңыз. Әкем де сіздің пікіріңізді ұққан екен. Оның ұққандығын мен де аңғардым. Әкем ішінен риза да екен. Тек ұялғаннан түсінбегенсіп, мүләйімсіпті. Жай сыпайылық үшін жаушы күтіп отыр. Сіз енді қалаға қашан барасыз? Жаушыны қашан жібересіз? Өзіңіз осы күнге дейін неге кетпедіңіз? Егер сіз қалаға жүріп кеткен болсаңыз, жаушы ендігі осы жерде болар еді. Игілікті істі тез бітіру керек. «Шабан жиі сүрінгіш келеді» деген бар емес пе.

Байқауымша қыз әкесінің сөзіне әбден сеніп қалған екен. Оның сеніміне күдік келтірмеуді ойлап, өзімнің кешігу себептерімді түсіндіре бастадым:

— Өзіңді көріп рыйзалығыңды алмай, қоштаспай кете алмадым.

— Енді мені көрдіңіз ғой. Рыйзалығымды аласыз, қоштасамыз да. Ал, айтыңызшы, қашан жүресіз?

— Әкең қайтысымен рыйзалығын алам да, жолға шығам.

— Әкем қазір келеді. Оның келер жолын Ситора бақылап тұр. Қарасы көрінісімен-ақ бізге хабар береді. Мен бір қуанышты хабар айтайын: Әкем әдейі сізге арнап жаңа шапан, тақыя, сәлде тіккізіп қойды. Ол өзінің болашақ күйеу баласы тойға әсем киініп келетін болсын деді білем.

Бұл киімдер Хожа Убонға келген әулиеге табынушылардың кебісі туралы құпияны аузымнан шығармағандығыма арналған тарту екенін ішім сезіп тұр. Амалым қанша, қуанышты хабар үшін қызға алғыс айтумен ғана тындым.

— Ертең әкеңнен сұранам да, жолға шығам, — деп жауап бердім.

Қыз қолымды босатпай, маған жақындай түсті. Біз құшақтасып, сүйістік. Бірақ қыз көзімнен аққан жасты байқап қалды.

Ол таңқалғандай:

— Біздің жылайтын шағымыз өтіп кетті ғой. Сізге не болды? — деп сұрады.

— Сенімен қоштасып тұрмын ғой. Қаладан осы сені

қалып бара жатқан жерге дейін қырық шақырым жол бар емес пе.

— Маған жылау керек еді. Кететін адамға ештеңе емес, қалатын адамға ауыр, өйткені ол сарғайып күтеді. Бірақ мен жыламай-ақ тұрмын ғой: Мен енді сіздің бір-жолата келуіңізді күтем.

Қыз мені көңілдендірмек болып, әзіл, қалжың айтып тұр. Осы кезде Ситораның жөтелген үні естілді.

Ғашығым мені асыға сүйді де, құшағын еріксіз жа-зып, былай деді:

— Жаушыны тезірек жіберіңіз! Оның ізінше тезірек өзіңіз де келіңіз! Мен сізді асыға күтем!

Қыз есікке қарай жүгіре басып барды да ішке кірді. Тарс етіп есік те жабылды. Сонымен іс те бітті.

Мен ертеңіне қалаға жүріп кеттім».

* *

*

Біз осы ұзақ повесті, бар ықыласымызбен тыңдап отырмыз. Құжраның ашық есігінен жұлдызды түнгі аспан көрінеді. Бұхара әлдеқашан-ақ ұйқыда, тек күзетшілер мен қарауылдағылардың анда-санда хабарласқандай үн-дескен дыбыстары ғана естіледі.

— Сөйтіп, бұл уақыйға осымен бітті ме? — деп сұра-ды Абду-Салом.

— Жоқ, бұл тарихтың әлі жалғасы да және ақыры да бар.

* *

*

Осыны айтты да, Бұрхан молда әңгімесінің жалға-сын баяндады.

«Қалаға келісімен-ақ, құдалыққа жүретін адамды да таптым. Ант атқыр шал менің тілегімді қабыл алмай-тындығы өзіме жақсы аян. Егер, мен жаушылыққа кісі жібермесем, екі жүзділік істеді деп қыз мені кіналаған болар еді. Сондықтан қыз алдында алдамшы, екі жүзді болғым келмеді.

Жаушылыққа жүретін адам да табылды. Ол Шейх-рангүз Хожаларының бірі болатын. Өзі әрі атақты, әрі құрметті адам еді.

Құдалыққа жіберген адамым екінші күні Хожа Убон-

нан қайтып келді. Жүрісіне қарасам, бейне базарға сатуға сыйырын шығарып, онысын тіпті тірі жан сұрамаған адамдай тәлтіректеп аяғын зорға басып келеді екен. Әлсіреген адамдай күші өте солғын. Бұл солғындық оның шаршағандық белгісі емес, сәтсіздік белгісі екен. Хазрет құда түсе барған адамыма намысқа тиерлік жауап беріп, кері қайтарыпты.

— Маған бүкіл өлкені шақырып бір жеті бойына той жасай алатын, менің даңқымды бұрынғыдан да арттыра түсетін күйеу керек. Тіпті, жүз жерден молда болса да жалғыз басты кедейдің керегі жоқ, — депті ол.

Мен бұл сөздерге лайықты жауап қайтаруға да бел байладым. Тағы да есік сыртында сығалап тұрып, әкесінің бұл сөздерін қыздың қалай тыңдайтынын да есіме түсірдім. Сондықтан, мен ең алдымен, қыздың жағдайын білгім келді. Сол ойға тоқталдым. Көп қыйыншылықтан кейін, ақыр аяғында, Хожя Убонның Бұхарада тұратын ұрпақтарынан хазрет қызының жынданып кеткенін, соның салдарынан асылып өлгенін естідім.

Мұндай өлімге мен де даяр едім. Бірақ, тоқталдым. Өйткені жүрегім әлденені күтіп, үміттенетін, әлденеге сенетін сыяқты. Осының салдарынан ауырып та қалдым. Мәжнүн сыяқты жалаңаяқ, жалаңбас туған қаламның көшелерін кезіп кеткім келді. Есім ауысып, жындана бастағанымды сездім. «Бұхара көшелері мәжнүнге тар болар» деп ойладым. Сонан соң тауға қарай жол тарттым. Бір жыл өткеннен кейін көңлім жай таба бастады, ал екінші жыл өткенде бойыма қайтадан күш жыйнап, қалпыма келдім. Міне, енді осында қайтып оралдым. Достарым, мен тағы да сіздердің орталарындамын. Тағы да бірге болып, білім аламыз».

Бұрхан молданың әңгімесі барлығымыздың да жүрегімізді тебрентті. Осыдан кейін бұрынғы шаштараз Рахмат молда марғұландық бір әйелге ғашық болған саудагер туралы әңгімені айтып, барлығымызды да көңілдендіргісі келді. Саудагердің ойын сезіп қалған сатушы еркек үстіне ләренже жамылып саудагерге жолығып, оны мықтап алдаған екен.

Рахмат молданың осы жайындағы әңгімесін естіген соң барлығымыз да көңілденіп, қарқылдап күлдік.

Сауық кешіміз түнгі сағат екіге дейін созылды.

Мен Бұхарада әдебиетке құмар адамдардың көкейге қонымды, қызық әңгімелерін осы жолы алғаш рет тың-

дадым. Бұл кеңес біздің медреседе болатын бұрынғы, дағдылы жалпы әңгімелерге ешбір ұқсамайды.

Абду-Салом мен оның табақтастары мына адамдармен салыстырғанда кеуделерінде жандары жоқ адам тәрізді екен.

Қонақтар кетпек боп орындарынан тұрған кезде, Шарифжан Махдум мені нұсқап, мұғалім Абду-Саломға:

— Егер мына балаға ағасының құжрасында тұруға тар болса, онда біздің үйге жіберіңіз. Сонда жүріп, бір жағынан әрі қызмет істеп, әрі оқыр, деді.

— Жақсы! — деп келісті мұғалім.

Бір күннен кейін Шарифжан Махдумның үйіне бардым.

Мир Араб медресесі қабырғасында өткізген өмірім осылай аяқталды.

ЕКІНШІ БӨЛІМНІҢ СОҢЫ



ЕСКЕРТУ

Тәжікстанның қарт жазушысы және ғалымы Садриддин Айнидің «Есте қалғандар» («Еддоштхо») кітабының екінші бөлімі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бас кезін қамтыйды. Автор бұл кітапты «Қалада» («Дар шахр») деп атаса да, тек Бұхараны сыйпаттаумен тынбай, қыстақ тұрмысына арналған тараулар да еңгізген. «Есте қалғандар» кітабының бірінші бөлімі сыяқты осы екінші бөлімінде де материалдардың документалды болуымен қатар, өмірлік Бұхараның тұрмыс-жағдайлары көркем тілмен суреттелген. Бұл кітапта С. Айнидің озат ғалым және әдебиетші Ахмади Қалла Дониш (1827—1897 жылдар) туралы және XIX ғасырдың бас кезінде тәжік жастарының орыстарға жақындасу жайындағы, орыс әдебиетіне ұмтылуларын, сөйтіп орыс тілін үйренушілердің Бұхарада қуғынға ұшырағандықтарын жазған тарауларының ерекше маңызы бар.

Аудармада кітаптың түп нұсқасындағы идеялық және көркемдік байлықтарын толық сақтау көзделді. Тәжік тілінен орысшаға аударғанда азғана өзгерістер болды: Кітаптың соңғы бөлімінен Марғұландағы саудагердің ісі туралы әңгіме қысқартылды. Сонымен қатар, кітаптың әдебиет зерттеушілік маңызы ғана бар беттерін де қысқартуға тура келді. Автордың осы «Есте қалғандар» кітабында суреттеген бірнеше адамдар оның бұдан бұрынғы жазған романдары, повестері, әңгімелерінің кейіпкерлері. (Мысалы, Мажид Кахкашонды С. Айни өзінің «Бұхара жөндеттері» повесінде суреттеген болатын. т. б.).

М А З М У Н Ы

Қала. Мир Араб	3
Сабақ	6
Кітаптар	13
Кұжралар	15
Орыс тілі	20
Өгіз	26
Узын Мурт	29
Файзабадтағы серуен	34
Тураб молданың аяқкиімі	44
Айдың тұтылуы	50
Оқу жылының аяқталуы	62
Қыстаққа сапар	64
Бухараға баратын жол	80
Қайрымды қаланың ауасы	85
Регистан	93
Кемпір	102
Әмірдің ұлдары	108
Солдат оқуы	113
Әмірдің туысканы	119
Әділ үкім салтанаты	128
Мир Арабтағы сауық кеш	131
«Хажылардың кебістері»	134
«Шөл даладағы қыз»	139
«Кум үстіндегі ай сәулесі»	141
«Қайрымды қожаның қызы»	146
Ескерту	157

С. АИНИ

БУХАРА

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1951

Перевод *Р. РАИМКУЛОВА и*
И. ТУРЕБАЕВА

Редактор А. Байтанаев


Техредактор В. Гиричев


Корректоры Б. Омаров
и А. Жакупова

Подписано к печати 16/XI 1951 г.
УГ07746 Изд. № 150. Бум. 4×08^{1/2}
2,5 б. л.—8,2 п. л. (Уч-Изд. 9 л).
Тираж 20,000 экз. Цена 7 р. 20 к.

г. Алма-Ата, Полиграфкомбинат
Казполиграфиздата при Совете Министров
КазССР. Зак. № 2291









Багасы ~~7 сом 20 тыйын.~~